

З. ИСЛОМОВ, Д. РАХИМЖОНОВ, Ж. НАЖМИДДИНОВ, Н. ИСМАТОВА

ДУНИЕ ДИНДЕРІ ТАРИХЫ

**Жалпы орта білім мекемелерінің
11-сыныбына арналған оқулық**

1-басылуы

**Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі
бекіткен**

Ташкент
«Yangiyul Poligraph Service»
2018

UO‘K: 2-9(100)(075.3)

КВК: 86.2(0)

I 87 **Исломов, Зоҳиджон.**

Дүние діндері тарихы: Жалпы орта білім мектептері мен орта арнаулы, кәсіптік-техникалық білім мекемелеріне арналған оқулық./ З. Исломов, Д. Рахимжонов, Ж. Нажмиддинов, Н. Исмадова. – Бірінші басылуы. – Ташкент: “Yangiyul Poligraph Service”, 2018. – 144 б.

UO‘K: 2-9(100)(075.3)

КВК: 86.2(0)ya72

ISBN 978-9943-5245-3-8

Жауапты редактор:

А. Хасанов — тарих ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:

Н. Мухамедов — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;

М. Алимова — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;

А. Замонов — Өз ҒА Өзбекстанның ең жаңа тарихы мәселелері бойынша Үйлестіру-әдістеме орталығының аға ғылыми қызметкері;

Ф. Каримов — саяси ғылымдар докторы;

Ж. Тохиров — Шет тілдерге мамандандырылған мемлекеттік жалпы білім мектебінің оқытушысы;

Ш. Қудратов — Ташкент қаласындағы №41 мектептің тарих пәні оқытушысы;

Б. Махмудбаев — Гүлістан Мемлекеттік университеті жанындағы академиялық лицейдің оқытушысы.

Бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін істері жөніндегі комитеттің 2018 жылдың 1 мамырындағы 2484-нөмірлі ұсынысы, Республикалық Білім орталығы жанындағы “Тарих” пәні ғылыми-әдістемелік кеңесі және Өзбекстанның ең жаңа тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістеме орталығының 2018 жылғы 24 сәуірдегі 34-нөмірлі қорытындысы негізінде баспаға ұсынылған.

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-5245-3-8

© З. Исломов, Д. Рахимжонов, Ж. Нажмиддинов, Н. Исмадова. 2018.

© Yangiyul Poligraph Service, 2018.

КІРІСПЕ

Өзбекстан – көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет. Бүгінгі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері өз әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлерін одан әрі жалғастырып, қалаған діндеріне сыйынып, емін-еркін өмір сүріп жатыр. 2017-2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын өркендетудің бес үстем бағыты бойынша Елбасымыз Шавкат Мирзияев алға қойған Іс-қимыл стратегиясының бесінші бағыты да нақ осы дінаралық бауырмалдық мәселесіне арналған. Бұл оқулық төменгі сыныптарда берілген білімдерді одан әрі нығайтып, байыта түседі.

Қадірлі оқушылар!

“Дүние діндері тарихы” пәнін оқып-үйрену барысында өз сенім-нанымдарың қандай болуына қарамастан, өзге діндерді кемсітпеуге, өзгелердің діни сезімдерін құрметтей білу ережелеріне мойынсұнуға тиіссіңдер.

Оқулықтағы тақырыптар бөлімдерге бөлінген. Әрбір бөлімнен оқулықта үйренілетін негізгі ұғымдар, тақырыпқа байланысты қосымша мағлұматтар, ғұламалар мен ұлы мемлекет қайраткерлерінің өнегелі пікірлері, қызықты фактілер, шығармашылық қызмет және өтілгендерді пысықтауға арналған сұрақтар орын алған. Мәтінде кездесетін кейбір терминдердің түсіндірмесін кітап соңында берілген сөздіктен біліп алуларыңа болады.

Оқулықты дайындау барысында тақырыптарға қатысты ғылыми және діни-ағарту әдебиеттерін, мерзімдік басылымдарды, түрлі діни конфессиялардың философиялық дүниетанымдары баяндалған құжаттар мен кітаптарды, интернет тармағындағы деректерді, сонымен қатар көркем әдебиеттерді пайдалануға тура келді. Кітапта әлемдік діндердің қасиетті діни дереккөздерінен дәйектемелер келтірілген. Сол себепті оны кез келген жерлерде қалдырып кету орынсыз екенін ұмытпаңдар.

Оқулықтағы шығармашылық қызмет пен қосымша оқуға арналған тапсырмаларды орындау арқылы сендер дербес және логикалық тұрғыдан пікір қорытуға, дағдыларыңды жетілдіруге, тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға ие болуға, ақпараттар алу және оларды ұқыпты пайдалана білуге, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан белсенді болуға бейімделіп, өмірлік дағды мен біліктіліктеріңді қалыптастырасыңдар. Ал бұл сендерге Отан алдындағы борыш пен жауапкершілікті жете түсінетін кемел азамат болып өсулеріңе көмектеседі. Біз сендерге тек жетістіктер тілейміз.

§ 1

ӨЗБЕКСТАНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету – ең маңызды мәселе.
2. Ұлтаралық татулықтың қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызы.



Әдепсіз, тәрбиесіз және арам пиғылды күштермен тартыса берме”.

*Имам
Ғаззоли*

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Бүгінгі таңда қауіпсіздік бүкіл әлемдегі ең өзекті мәселе болып отыр. Бұл пікірімізді мемлекеттердің қорғаныс жүйесі мен әскери салаға бөліп отырған қаржыларының жылдан-жылға арта түсуі де дәлелдейді. Бірақ тек заманалық қару-жараққа ие болудың өзі қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды.

Өйткені заманалық бұзақы күштер ашық күреске шықпай, тұтқиылдан астыртын соққы беріп, әскерилерді емес, бейбіт халықты нысанаға алу амалдарын пайдаланып келеді.

Ал бұнда ұлттық және діни дүрдараздықтарды қоздыру негізгі мақсат болып саналады. XX ғасыр-



Біздің ежелгі және жомарт топырағымызда сан ғасырлар бойы түрлі ұлттар мен ұлыстар, мәдениет және дін өкілдері бейбіт те алаңсыз өмір сүріп келген. Меймандостық, ізгілік, жан жомарттығы мен шын мәніндегі бауырмалдық біздің халқымызға әрқашан тән болған әрі оның менталитетінің негізін құрайды.

Шавкат Мирзияев

дың екінші жартысында мемлекеттік-құқықтық, этно-құқықтық және этнодемографиялық ортада 300-ден астам үлкенді-кішілі қақтығыстардың тіркелгені біздің пікіріміздің қаншалықты орынды екенін аңғартады.

Елбасымыз Шавкат Мирзияев өзінің сайлауалды бағдарламасында бейбітшілікті қамтамасыз ету, ұлттар және діндер арасындағы татулықты қолдау, дінді бетперде етіп алған содырлық (экстремизм) пен лаңкестікке (терроризм) қарсы ымырасыз күрес мәселелерін негізгі қағидат ретінде алға қойды.

Өзбекстан топырағында сонау көне замандардан бері түрлі өркениет өкілдері, мәдени қабааттар, сан қилы сенім-нанымдар мен дүниетанымдар қоян-қолтық өмір сүріп келген. Бұл топырақ – ата-бабаларымыз жасап, қилы замандарды бастан кешірген ежелгі әрі қасиетті мекен. Бұл мекен Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің, өткен мен болашақтың тоғысқан жері, Орталық Азияның жүрегі, адамзат ақыл-ойының, ғылымы мен мәдениетінің ең ертедегі ошақтарының бірі болып табылады. Бұл топырақта




*Иманның
абзалы –
сабыр мен
бауырмалдық
болып
табылады.*

Хадис



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ



**ІС-ҚИМЫЛДАР
СТРАТЕГИЯСЫ**
2017–2021

Сайлауалды бағдарламасынан туындай отырып, Президенттің бастамасымен 2017–2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын өркендетудің бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясы жасалды. Стратегияда бесінші бағыт ретінде қауіпсіздікті, ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдықты қамтамасыз ету, терең ойланған, өзара мүдделі және іс жүзіндік сыртқы саясат саласындағы үстем бағыттар белгіленді. Бұл да – біздің елімізде азаматтардың қауіпсіздігіне, ұлтаралық және дінаралық бауырмалдыққа аударылып отырған назарды білдіреді.



Бауырмалдық пен адамгершілік мәдениетін дамыту, ұлтаралық және азаматтар арасындағы ынтымақтастық пен татулықты нығайту, жас ұрпақты сол негізде, Отанға сүйіспеншілік пен адалдық рухында тәрбиелеу. Өзбекстанда мемлекеттік саясаттың ең маңызды үстем бағыттарының бірі болып белгіленді.

*Шавкат
Мирзияев*

әлемді таң қалдырған өркениет тамыр жайған, адамзат тарихының ең ежелгі дәуірлеріне тән діни және философиялық дәстүрлер қалыптасқан. Ертедегі грек философы Гераклит бұл елді “философиялық ой-сана бесігі” деп текке атамаған. Тағы бір атап өтетін жері, біздің өркениет өзіне тән бауырмалдық сана қағидатына сүйенеді.

Үш мың жылдық тарихымыз куәлік етіп отырғанындай, адамгершілік пен кеңпейілділік, ұлтаралық татулыққа ұмтылу – халқымыздың ең жоғары қасиеттері қатарына жатады. Бұл саладағы өнегелі дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келеді.

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Өзбекстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң, тек мемлекетке аты берілген өзбек халқының ғана емес, елімізде бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқан сан түрлі ұлт өкілдерінің де рухани-мәдени сұраныстары мен талап-тілектерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық-мәдени орталықтар ұйымдастырылды. Олардың қызметтерін жетілдіру үшін 1992 жылы 13 қаңтарда Республикалық ұлтаралық мәдениет орталығы құрылды.



ТАРИХҚА НАЗАР

Мәліметтерге қарағанда, осыдан жүз жыл бұрын қазіргі республикамыздың аумағында 70-ке жуық ұлт өкілдері жасап, өмір сүрген. 1926 жылы республикада 90 ұлт пен ұлыс өкілдері бар болса, 1959 жылы олардың саны 113-ке, 1979 жылы 123-ке, ал 1989 жылы 130-ға жетті.

2017 жылы Республика ұлттық мәдени орталығының ұйымдастырылғанына 25 жыл толуы кеңінен мерекеленді. Сол жылы 19 мамыр күні аталмыш орталықтың қызметін одан әрі дамыту мақсатымен ол Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұлтаралық қатынастар және шет елдермен достық байланыстар комитеті ретінде қайта құрылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің “Ұлтаралық қатынастар және шет елдермен достық байланыстарды одан әрі жетілдіру іс-шаралары туралы” Жарлығы қоғамда тұрақтылықты, бейбітшілік пен татулықты қамтамасыз ету, азаматтардың санасында үлкен, көп ұлтты бірыңғай отбасына тәндік сезімін нығайту, ұлттық мәдени орталықтар мен достық қоғамдарының қызметін одан әрі дамыту, шет елдермен мәдени-ағартушылық байланыстарды ұлғайту мақсаттарын көздейді.

Бұл комитеттің мойнына қоғамда ұлтаралық татулық пен бауырмалдықты қамтамасыз ету, бейбітшілік сүйгіш саясатты, мемлекет өмірінің барлық салаларында қол жеткізілген табыстар мен жетістіктерді кеңінен насихаттау, халықаралық қауымдастық, соның ішінде шет елдердегі жерлестеріміз диаспораларымен достықты нығайтуға қатысты мемлекет саясатын дәйекті түрде жүзеге асыру міндеті жүктелді.

Ұлтаралық қатынастар бағытындағы тағы бір көкейкесті мәселелердің бірі – халықтың ұлттық құрамына сәйкес келетін тәлім-тәрбие жүйесін қалыптастыру. Халыққа білім беру министрлігінің 2017-2018 оқу жылына арналған негізгі көрсеткіштер статистикасындағы мәліметтерге қарағанда, бүгінгі таңда республикада 9628 мектеп жұмыс істеп тұр. Солардың ішінен 9018 мектепте өзбек тілінде, 903 мектепте орыс тілінде, 365-інде қарақалпақ



Ей, адамдар!
Расында да Біз сендерді бір еркек (Адам) пен бір әйелден (Хауа) жараттық және бір-біріңмен танысуларың үшін сендерді (әр қилы) халықтар және тайпалар (ұлыстар) етіп қойдық. Әрине, Алланың жебеуіндегі (ең құрметтілерің) беделділерің тақуашыл болады. Әрине, Алла әрқашан біліп отырады және ол бәрінен хабардар.

**Құрани
кәрім, Хужурот сүресі,
13-аят**



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мына мәтінді оқы және ондағы “идеологиялық иммунитет” терминін сипаттап бер.

“Кез келген ағрудың алдын алу үшін, ең алдымен, адам ағзасында оған қарсы иммунитет қалыптастырылатыны белгілі. Біз де перзенттеріміздің жүрегінде Отан-анаға, бай тарихымызға, ата-балаларымыздың қасиетті дініне сергек қатынасты орнықтыруға, былайша айтқанда, олардың идеологиялық иммунитетін күшейтуге тиіспіз”.



Өзбекстан Республикасы өз аумағында жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдері, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері құрметтелуін қамтамасыз етеді, олардың дамуына жағдай жасайды.

**Өзбекстан
Республикасы
Конституциясының 4-бабынан**

тілінде, 378-інде қазақ тілінде, 245-інде тәжік тілінде, 44-інде түркімен тілінде және 90 мектепте қырғыз тілінде білім беріліп жатыр.

Ұлтаралық татулық идеясын жүзеге асыруға тосқауыл болатын ең қауіпті нәрсе – арам пиғылды ұлтшылдық пен шовинизм болып табылады. Бұндай дерттер мен зиянды идеялардың тұзағына ілінген қоғам заңды түрде апатқа қарай бет алады. Бұған сонау арғы тарих пен бүгінгі тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады. Айталық, фашизм идеясы адамзаттың басына көп қайғы-қасірет пен ауырт-



палықтар әкелді, ақыр соңында өзі де апатқа ұшырады.

Бірақ осы күнге дейін фашизм, шовинизм, нәсілшілдік идеяларын қайта жаңғыртып, ұлтаралық татулыққа, ынтымақтастық идеясына қарсы “крест жорығын” ұйымдастыруға ұмтылып жатқан арам ниетті күштердің бар екендігі баршамызды сергек болуға шақырады. Деректерге сүйенсек, бүгінде дүние жүзі бойынша 500-ге жуық лаңкестік ұйымдар жұмыс істеп тұр. Бір жылдың ішінде бүкіл Жер жүзінде іске асырылған лаңкестік актілер және солардың салдарынан қаза тапқандардың саны бірнеше ондаған мыңнан асқаны лаңкестіктің бейбітшілік пен тұрақтылықты ізден тайдыруға бағытталған негізгі қатерлердің біріне айналғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, елімізде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуді, әрбір таңды жайбарақат қарсы алу мен алаңсыз ұйықтауды, білім алуды және болашақ туралы ғажайып жоспарлар құруды қаласақ, бейбітшілікті қамтамасыз ету бірінші кезектегі мәселе болып қала береді. Оны жүзеге асыру үшін барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет жасауға тиіспіз.



Құстар секілді аспанда ұшуды үйрендік. Балықтар секілді теңізде жүзуді үйрендік. Бірақ осы күнге дейін жер бетінде аға-інідей тату өмір сүруді үйрене алмай келеміз.

*Мартин
Лютер Кинг*



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызын қалай бағалайсың?
2. Қарт атаң мен әжеңнен соғыс пен бейбітшілік туралы пікірлерін сұрадың ба?
3. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұлтаралық татулықтың маңызы нелерден тұрады?
4. Бүгінгі таңда бүкіл әлемдегі тұрақтылыққа қатер төндіріп отырған ең үлкен қауіп неде деп ойлайсың?

§ 2

ДІНТАНУДАҒЫ ЗАМАНАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАР



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Дінтану ілімінің даму тарихы.
2. Дін социологиясын, философиясын, психологиясы мен феноменологиясын үйренудегі жаңа тенденциялар.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Дінтану – әлемдегі кез келген дін туралы бейтарап, ғылыми көзқарастар тұрғысынан мәлімет беретін пән.

ДІНТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Әлемдегі барлық діндерді және оларға байланысты үдерістерді бейтарап зерттейтін ғылым “Дінтану” деп аталады. Бұл ғылымның салалары өте көп, солардың бірі – “Дүние діндері тарихы” болып табылады.

Діндерді зерттеудің ұзақ тарихы бар. Антикалық дәуірлерде-ақ адамдар дін және оның маңызы жөнінде ой-пікірлер айтқан.

Рим императоры Константин I заманында (IV ғасыр) христиан діні басқа діндермен бірдей мәртебеге ие болды. Кейінірек Еуропада Рим империясының христиан дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдауы және шіркеудің бірте-бірте өкіметті өз қолына алуы нәтижесінде ғылым мен білім де христиандықтың ықпалына ілікті. Бұл кезеңде діндер бойынша зерттеулер тек жаратушылық сипатта ғана болып, христи-



ТАРИХҚА НАЗАР

Ежелгі Греция мен Рим жазушыларының шығармаларында түрлі халықтардың діндері жайында мәліметтер келтіріледі. Мысалы, “тарих атасы” атанған Геродот (б.э.бұрынғы V ғасыр) та өзі зерттеген халықтардың тарихы туралы мәліметтер келтірумен қатар, олардың діндері жөнінде де айтып өткен.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Гомер мен Геродоттың шығармаларынан құдайлар мен қаһармандар туралы берілген мәліметтерді есіне түсір.

Бұл шығармалар арқылы қайсы заманға тән діндер жөнінде мәлімет алуға болады?

андықтың, атап айтқанда, католиктіктің басқалардан үстем тұратынын дәлелдеуге бағытталған еді.

VII – VIII ғасырларда сол заманда өмір сүрген діндер туралы шағын брошюралар пайда болған. Ал VIII – IX ғасырлардан бастап діндер тарихы мен іліміне қатысты алғашқы кітаптар жазылды.

XIX ғасырға қарай Еуропа аймағында шіркеудің ықпалы айтарлықтай төмендеді. Соның нәтижесінде өзге ғылымдармен қатар дінтану да шіркеудің ықпалынан шыға бастады. Сол кезеңде Макс Мюллердің “Салыстырмалы мифология”, “Діндердің негізі мен қалыптасуына қатысты баяндамалар” атты шығармалары баспадан шықты.

Кейінірек ол Оксфорд университетінде діндер тарихы бойынша лекциялар оқыған



Император Константиннің шоқындырылуы. Рафаэль



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Ұлы бабамыз Әбу Райхан Беруни шын мәнінде мұсылмандық шығыстағы дінтану ілімінің атасы атына лайықты. Оның “Ежелгі халықтардан қалған жәдігерлер”, “Үндістан” секілді шығармаларында түрлі діндер туралы егжей-тегжейлі мәліметтер берілген.



Білім – мал-дүниеден жақсырақ. Өйткені білімнің сені асырайды, ал мал-дүниені өзің асырауың керек. Мал-дүние сарп еткен сайын азая береді, ал білім өзгелерге үйреткен сайын молая береді.

*Әли ибн Әбу
Тәліп*

және бірінші болып “Дінтану” терминін айналымға енгізген. Осындай бағытпен дінтану Париж, Брюссель және Рим университеттерінде де пән ретінде оқытыла бастаған. Бұрынғы Кеңес Одағы заманында дінтану пәні, негізінен, діндерді сынау және “ескілік сарқыншағы” екенін дәлелдеу үшін зерттелді. Соның нәтижесінде оның аты да өзгеріп, “Ғылыми атеизм” деп аталды. Жылдар бойы университеттерде “Ғылыми атеизм” кафедралары ұйымдастырылып, студенттерге “Дін – апиын” деген идея дарытылды.

Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген соң, дінтану саласы да атеистік идеология ықпалынан шығарылды.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойында діндер туралы тура да бейтарап пікірлерді қалыптастыру, оларды дінаралық бауырмалдыққа тәрбиелеу мақсатымен 90-жылдардың орта шенінде жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбының оқу бағдарламасына “Дүние діндері тарихы” пәні енгізілді.

2017 жылы қабылданған жаңа тәртіпке сәйкес “Дүние діндері тарихы” пәні негізгі пән ретінде танылды. 1999 жылы Ташкент ислам университетінің ұйымдастырылуы бұл саланың дамуында маңызды рөл атқарды. Университет өз бағыттары бойынша бакалавр және магистр мамандар дайындай бастады.



ТАРИХҚА НАЗАР

Ислам әлемінде салыстырмалы дінтану саласында да салмақты ізденістер жүргізілген. Олардың қатарында Әбу Райхан Берунидің “Ежелгі халықтардан қалған жәдігерліктер”, Ибн ан-Надимнің “Көрсеткіш”, Мұхаммед ибн әл-Хузайлдің “Мажусилік және көпқұдайлық кітабы”, Абул-Аббос Ахмад ибн Мұхаммед ас-Сарахсидің “Сабийлердің мазхабтары мен васифі туралы кітапша”, Әбу Заида әл-Балхидің “Діндер шариғаттары кітабы” шығармаларын атап өтуге болады.

Ел Президентінің Жарлығына орай, 2018 жылдың 16 сәуірінде Өзбекстан Ислам академиясы мен Ташкент Ислам университеті негізінде Өзбекстан халықаралық Ислам академиясы ұйымдастырылды.

ДІН СОЦИОЛОГИЯСЫН, ФИЛОСОФИЯСЫН, ПСИХОЛОГИЯСЫН ЖӘНЕ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫН ҮЙРЕНУДЕГІ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Дінтану ілімі тарих, философия, психология және социология секілді әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланысты. Осынау байланыстылықтың нәтижесінде дінтанудың құрамында бірқатар жаңа салалар пайда болды.

Дін социологиясы – дінтанудың қоғамдық қатынастарды, сол қатынастардан туындайтын нәтижелерді үйренетін саласы. Ілімнің бұл саласы діннің мемлекетке, халыққа, отбасына қатысты қарым-қатынасын, дін саласында туындайтын әлеуметтік оқиға-құбылыстарды, түрлі діни қауымдардың қоғаммен байланыстарын зерттейді. Дін социологиясы бір жағынан, әлеуметтік, екінші жағынан, діни ілімдерге сүйенеді.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Дін тарихы— діндерді тарихи көзқарас тұрғысынан зерттейтін дінтану саласы. Онда негізінен діндердің пайда болуының тарихи себепшарттары, негізін қалаушылар, алғашқы діни қауымдар, даму сатылары және қазіргі жағдайы сөз болады.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі құжатты оқы және бұл ереженің ұлттық заңдылықта қалайша бейнеленгенін анықта.

Әр бір адам ойлау, ождан және дін еркіндігі құқығына ие; бұл құқық... өз діні немесе наным бойынша жеке басы яки басқалармен бірге табыну-гибадат жасау, діни рәсімдерді жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге орындау, сыйыну еркіндіктерін қамтиды.

Адам құқықтарының Бүкіләлемдік Декларациясы, 18-бап



Егер даналарша
жауап беруді
қаласаң,
даналарша
сұрақ бер.

Гөте

Сонымен қатар дін социологиясы қоғам мүшелеріндегі діни ой-сананы, діни ұйымдардың қызметін де зеттейді.

Социологиядағы діни құбылыстарды үйрену кезінде діннің әлеуметтік өмірде атқарып отырған қызметіне міндетті түрде назар аударған орынды. Сендер бұрынғы сыныптарда да бұл айтылғандармен ішінара танысқансыңдар.

Дін психологиясы – дінтанудың адамға тән діни өмірдің түрлі жақтарын психологиялық тұрғыдан зерттейтін саласы.

Дін психологиясы тұлғаның діни тәжірибесін және бұл тәжірибенің қилы көріністерін сипаттауға



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі суреттерге қарап, діннің әлеуметтік өмірде атқарып жатқан қызметін сипаттауға әрекет жаса.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Социология термині латынша “*социетас*” – қоғам және грекше “*логос*” – ілім сөздерінің бірігуінен жасалған, ол тікелей қоғам туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мына мәтінді оқы. Мәтіннің дінтанудың қай саласына қатысты екенін талда.

“...Доро ибн Доро патшаның қазынасында “Абистоның” (“Авесто”) он екі мың ірі қараның терісіне алтын әріптермен жазылған бір нұсқасы бар еді. Искандар Маһдуни бұтханаларды талқандап, оған қызмет еткендерді өлтірген кезде кітапты да өртеп жіберген еді. Сондықтан да сол уақыттан бермен “Абистоның” бестен бір бөлігі (яғни он сегіз наскі) жоғалып кетті. “Абистоның” өзі отыз наск болатын, мажусилердің қолында шамамен он екі наск (бөлім) қалды”.

Әбу Райхан Беруни

тырысады. Адамның діни сезімі, ұғымы және өмір сүру салты діни психологияның негізгі тақырыбы болып саналады.

Дін философиясы — діннің мәнін, адамның діни ақиқаттарға байланыстылығын зерттейтін дінтану саласы дін философиясы деп аталады. Ол қарастыратын тақырыптардың ең бастысы — Құдайдың барлығы, қасиеттілігі, жаратушы-ғарыш қарым-қатынасы, жарату, әлемді жаратудағы мақсат, қайта тірілу, пайғамбарлық және бакилық тәрізді кең көлемді мәселелер болып саналады.

Дін феноменологиясы. Діннің көзге көрінетін, сырт жақта бейнеленетін тұстарын зерттейтін ілім саласы “Дін феноменологиясы” деп аталады. Дін фено-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Феномен – “көрініс беруші”, “көзге түсуші” мағынасында айтылып, феноменология – көзге көрінетін нәрсенің жүйелі түрде зерттелуі болып табылады.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Діни рәміздегі (белгі) жасырын мағыналарды ашу және мажуси сөздердің қасиетті мазмұнын жариялау сияқты істер де дін феноменологиясының міндеттері қатарына жатады.



Бұрынғы кеңес заманында елімізде барлығы 80-ге жуық мешіт жұмыс жүргізген болса, 2018 жылға қарай олардың саны 2 мыңнан асты.

менологиясы діни фактілер мен болмыстардың бізге аян болған жақтарын негізгі орынға қояды. Түрлі діндердің ғибадаттары мен рәсімдерін, қасиетті орын, заман, нәрселері мен жеке бастарын зерттеп, мызғымас жақтарын табуға әрекет жасайды.

Дін тарихы — діндердің пайда болуы мен даму сатыларын зерттейтін сала. Ол бірқатар ғылымдарға сүйенеді және олармен тығыз байланыста болады. Мәселен, тарих пәні өткен оқиға-құбылыстарды зерттеумен қатар, өткендегі және қазіргі діндердің тарихи қалыптасуы тұрғысынан “Діндер тарихына” ең жақын көмекші болады.

Діни қайнар көздердің зерттелуінде филология пәні айрықша рөл атқарады. Бұдан тыс мифология (аңыздар мен мысалдар), этнология, археология, өнер тарихы, фольклор (ауыз әдебиеті) және басқа осыған ұқсас бірқатар пәндер де дін тарихымен тікелей байланысты.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дін социологиясы, философиясы, психологиясы және феноменологиясы ортасында қандай байланыстар бар?
2. Берілген кестені мысалдармен толықтыр.

Дін социологиясы	Дін философиясы	Дін психологиясы	Дін феноменологиясы

3. Дін тарихын үйрену ісінде қандай пәндер көмекші болып саналады және неліктен?
4. www.lex.uz сайты арқылы Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі “Діни-ағарту саласының қызметін түбегейлі жетілдіру іс-шаралары туралы” Жарлығын тауып оқы және оның маңызын түсіндір.

МƏЛИМЕТ РЕТІНДЕ

Жыл-дар	Өзбекстан-нан қажы сапарына барғандар-дың саны	Өзбекстан-нан умра сапарына барғандар-дың саны
1991	350	0
1992	500	370
1993	1500	1126
1994	3000	2000
1995	3000	1943
1996	3675	2164
1997	3675	3670
1998	3850	2822
1999	3870	2136
2000	3841	1378
2001	3800	1197
2002	3800	1124
2003	3800	1228

Жыл-дар	Өзбекстан-нан қажы сапарына барғандар-дың саны	Өзбекстан-нан умра сапарына барғандар-дың саны
2004	4180	1148
2005	4500	2000
2006	5078	2354
2007	5088	4075
2008	5080	4325
2009	5080	4358
2010	5080	6162
2011	5080	6120
2012	5080	6120
2013	5200	5775
2014	5200	6567
2015	5200	6166
2016	5200	6172
2017	7350	6172



(Ей, адам!) Егер олардың біреуі немесе екеуі де сенің құзырыңда қартайса, оларға “уфф!..” демегің және оларға жекіме! Оларға (әрқашан) жағымды сөздер айт!

Құрани кәрім, Исро сүресі, 23-аят

§ 3

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Қазіргі дәуірдегі мемлекет және дін қарым-қатынастары.
2. Мемлекет және дін қарым-қатынастарының құқықтық негіздері.
3. Өзбекстандағы мемлекет және дін қарым-қатынастары.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Әрбір мемлекет өзінің дінге қарым-қатынасын белгілі бір құқықтық құжаттар мен заңдар арқылы реттеп отырады.

ҚАЗІРГІ ДӘУІРДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Мемлекет және дін қарым-қатынастарының түп тамырлары өте ерте замандардан басталады. Бұл қарым-қатынастар әр түрлі кезеңдерде әр түрлі мазмұн мен сипатқа ие болған. Орта ғасырларда дін қоғамның барлық салаларына, соның ішінде мемлекет өміріне де толық билік жүргізген дәуірлер де болған. Кейбір мемлекеттерде дін мүлде аласталған, яғни атеизм үстем болған.

XXI ғасырдың бас кезінде орныққан мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынастары бойынша мемлекеттерді төмендегідей топтарға жіктеуге болады:

- дінге мемлекеттік мәртебе берілген мемлекеттер;
- шіркеудің ықпалындағы мемлекеттер;
- дүниелік немесе діни қарым-қатынастарда бейтараптық жолды таңдаған мемлекеттер;
- ресми дінге ие болмаған мемлекеттер;
- дін мемлекеттен бөлектенген мемлекеттер;
- католик шіркеуімен келісім орнатқан мемлекеттер;

- құқықтық тұрғыдан танылған діни топтарды қорғайтын мемлекеттер;
- діни-қауымдық жүйелі мемлекеттер.

Мемлекеттерді бұлайша жіктеу салыстырмалы ғана. Солай болса да, ол мемлекет пен дін ортасындағы қарым-қатынастардың негізгі ерекшеліктерін айқындап береді. Сонымен қатар бір мемлекет өз белгілері бойынша бірнеше топтарға бөлінуі де мүмкін.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі кезеңде әлемдегі мемлекеттердің тең жарытысынан астамында діннің мемлекеттен бөлінгенін немесе мемлекеттің діни ұйымдарға бейтарап көзқарасын бейнелейтін, Конституцияда немесе заң деңгейінде бекітілген ережелері бар.

Заң жүзінде танылғанынан яки танылмағанынан тыс, барлық мемлекеттер дін және сенім бостандығына құрметпен қарайтындықтарын жариялаған.

Бүгінгі кезеңде мемлекет пен дін ортасындағы қарым-қатынастар бірқатар ерекшеліктерімен сипатталатындығын айтып өткен жөн сияқты. “Қырғи қабақ соғыс” заманы аяқталған соң дінге қарсы билік жүргізу және діни қызмет үстінен бақылау орнату саясаты айтарлықтай жеңіл тартты. Осының нәтижесінде



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Бауырмалдық сөзінің мазмұны барша тілдерде бірдей яки бірін-бірі толықтырып тұрады. Аталмыш ұғым төзімділік, шыдамдылық, сабырлылық, өзге көзқарастар мен әрекеттерге құрметпен қарау, қайырымдылық, кешірімділік, мейірбандылық, дерттестік рәуіштес мағыналарға да сай келеді.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

XXI ғасырдың бас кезіндегі мемлекет пен дін ортасындағы өзара қарым-қатынастар бойынша әлемдегі мемлекеттерді топтарға жікте.

Мысалы: дінге мемлекеттік дін мәртебесі берілген мемлекеттер – Катар, Пакистан, Коста-Рика және т.б.



Діни ұйымдар мен бірлестіктер мемлекеттен бөлінген және заң алдында тең. Мемлекет діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 61-бап

діни секталар көбейді, ескілерінің орнына жаңалары пайда болды. Бұл үдеріс секталар немесе жаңа діни ағым қызметін реттеуге бағытталған заң құжаттарын тағы да жетілдіруді талап етті.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Өзбекстанда өзінің мәніне, мазмұны мен құқықтық негіздеріне орай дін мемлекеттен бөлектенген, сондай-ақ ождан еркіндігі мен конфессионалдык бауырмалдык қағидаты нығайтылған. Еліміздің Конституциясында діни ұйымдар мен бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгені және олардың заң алдында тең екендігі атап көрсетіледі. Сонымен қатар мемлекеттің діни бірлестіктердің қызметіне араласпайтыны да белгіленген.

Аталмыш мәселе “Ождан бостандығы және діни ұйымдар туралы” Заңның мазмұнын құрайды. Ал бұл біздің елімізде мемлекеттің діни жұмыстарға, ал діннің мемлекеттік істерге (заңда көрсетілген жағдайлар бұған кірмейді) араласпайтындығын аңғартады. Сонымен қатар Негізгі заңымызда мемлекет өзінің аумағында тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар тілдерінің, әдет-ғұрыптарының құрметтелуін қамтамасыз ететіні, олардың дамуына жағдайлар жасайтыны атап көрсетіледі.



ТАРИХҚА НАЗАР

1995 жылдың қазан айында Ташкент қаласында “Бір аспан аясында” деген ұранмен Халықаралық мұсылман-христиан конференциясы өткізілді, ал 1996 жылдың қарашасында Орыс православие шіркеуі Ташкент және Орталық Азия иепархиясының 125 жылдығы салтанаттары өтті.

Діни ұйымдар қайсы конфессияға тиесілі екендігіне қарамай, бірдей құқықтық аянда қызмет жүргізеді. Діни бірлестіктер қызметін ұйымдастыру олардың ішкі істері болып саналады және мемлекеттің бақылауына жатпайды.

Діни ұйымдар мемлекеттен бөлектенген болса да, бұл діннің қоғамнан бөлектенгені емес. Өйткені бірер дінге сыйынатын азаматтар да қоғамның құрамдас бөлігі болып саналады, сол себепті дін азаматтық қоғамда өзіндік беделге ие болады.

Өзбекстан Республикасы демократиялық қағидаттарға адалдықтың бейнесі ретінде мемлекеттің дінмен және діни ұйымдармен өзара қарым-қатынасында төмендегідей қағидаттарға сүйенетінін жариялады:

- діндарлардың діни сезімдерін құрметтеу;
- діни нанымдарды азаматтардың немесе олардың бірлестіктерінің жеке ісі деп тану;

Шіркеулер мен синагогаларды ойрандауға тыйым салынады. Бұл мәселеде ғылым адамдары арасында келіспеушіліктер жоқ.

Әбу Мансұр Мотуридидің “Тавилоти ахлисунна” кітабы, Құрани кәрім, Хаж сүресінің 40-аятының түсіндірмесі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Жоғарыдағы суреттер мен төмендегі мәтін негізінде еліміздегі дін және мемлекет қарым-қатынастарына сипаттама бер.

Бүгінгі сессия қатысушыларына БҰҰ Бас Ассамблеясының “Ағарту және діни бауырмалдық” деп аталатын арнайы қарарын қабылдауды ұсынбақшымын.

Бұл құжаттың негізгі мақсаты – баршаның білім алу құқығын қамтамасыз етуге, сауатсыздық пен қараңғылықты жоюға көмектесу болып табылады.

**Шавкат Мирзияев,
БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясындағы сөзінен.**



Біз қасиетті дінімізді ежелгі құндылықтар жинағының бейнесі ретінде шексіз қадірлейміз. Біз қасиетті дінімізді зорлық-зомбылықпен және қанішерлікпен қатар қоятын-дарды қатаң қаралаймыз, олармен ешқашан ымыраға келе алмаймыз.

***Шавкат
Мирзияев***

- діни көзқарастарға сүйенетін азаматтардың да, оларға сүйенбейтін азаматтардың да құқықтарының теңдігіне кепілдік болу және олардың қудалануына жол бермеу;
- рухани жаңғыру, жалпыадамзаттық адамгершілік қағидаттарын орнықтыру ісінде түрлі діни бірлестіктердің мүмкіндіктерін пайдалану үшін олармен диалогтар орнатудың жолдарын іздестіру;
- дінді арам ниетті, пасық мақсаттарға пайдалануға жол бермеу.

Республика аумағында мемлекет пен дін ортасындағы қарым-қатынастарды реттеу, діни ұйымдардың қызметін үйлестіріп отыру істерімен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін істері комитеті айналысады. Бұл комитет өз қызметін 1992 жылы бастаған. Өткен мерзім ішінде жаңа қолайлылықтардың туғызылуы, мемлекеттің дамудың жаңа сатысына өтуі сияқты себепшарттарға байланысты Өзбекстан Президентінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі Жарлығына орай бұл комитеттің қызметі қайта реформаланды. Анығырақ айтқанда, қызметкерлер саны көбейіп, олардың жалақылары арттырылды. Сонымен қатар комитет жанында дін саласында туындауы мүмкін проблемаларды зерттеу бойынша орталық ұйымдастырылды.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Мемлекет және дін қарым-қатынастарының қандай модельдерін білесің?
2. Өзбекстан Республикасы бұл модельдердің қайсысын қолдайды?
3. Еліміз Конституциясының 61-бабында мемлекет және дін қарым-қатынастарына орай қандай пікірлер нығайтылған?
4. Өзбекстан Республикасы мемлекеттің дінмен және діни ұйымдармен өзара қарым-қатынасында қандай қағидаттарға сүйенеді ?

§ 4

ДІН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Діннің қоғамдағы орны.
2. Әлеуметтік қатынастар және дін. Діннің қоғамдағы әлеуметтік функциялары.

ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Әлемдегі ешқандай аумақ, ешбір халық өзінің жеке және әлеуметтік өмірін белгілі бір дінсіз яки наным-сенімдер жүйесінсіз елестете алмайтынын адамзат тарихынан жақсы білеміз. Тарихи дәуірлердің барлық кезеңдерінде қоғамның негізгі буындары өз қызметтерін жүргізу үшін белгілі бір діни нанымның қағидаттарына сүйенген. Бұл жағдай барлық халықтар мен ұлттарға тән.

Әлеуметтік өмірдің пішіні мен мазмұнының өзгеруі қоғам мүшелерінің дінге деген қарым-қатынастарының да барған сайын өзгере түсуіне өзінің әсерін тигізді.

Дін және оның тармақтары, ең алдымен, нәзік, көңілі жабырқаулы, әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдарды қорғауға қызмет еткендіктен, қоғамның әлеуеттілер тобы оны дереу қабылдай қоймағандығы көне тарихтан белгілі.

Бертін келе кейбір билік басындағылар дінді өздерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси беделдерін нығайту мақсаттарына пайдалануға ұмтылды. Олар бұндай адамзатқа жат іс-әрекеттерін кез келген жолмен жүзеге асырудан таймады. Атап айтқанда, ба-



Егер темір пайдаланылмаса, оны тот басады. Егер су қозғалыста болмаса, ол сасиды. Егер адам ойламаса, оның ақылында да осындай жағдай орын алады.

*Леонардо
Да Винчи*



Қайсы бірінде ашу мен ыза қозатын болса, сол адам дереу сабырлылық сақтауға өтсін!

Кімде-кім өзге дінге (орынсыз) тіл тигізсе, сол адамға қиямет күні от қамшымен дүре соғылады.

Хадис

тыста үлкен ғылыми жаңалықтарды жүзеге асырып жатқан ғалымдарды шіркеу үстемдігіне қауіп төндіргендікте және сыйқыршылықта айыптап, оларға қарсы жаппай қырғын жүргізу саясаты қолданылды.

Батыстағы бұндай әлеуметтік жағдайды Орта ғасырлардағы Мауароуннахрмен, әсіресе Темурилер заманымен салыстырсақ, ислам дінінің ғұламалары сол дәуірде өмір сүріп, шығармашылықпен шұғылданған ұлы данышпандарымыздың қызметін дін ісіне қайшы келеді деп ешқашан да қаралап, қудаламаған.

Бұрынғы тоталитарлық жүйе кезінде ұлттық-мәдени мұраларымызды ғылым мен білімнің апиыны деп көрсету дәстүрге айналды. Мысалы, өткен ғасырдың 70-жылдарында түсірілген фильмде Мырза Ұлықбектің өліміне Қожа Ахрор Вали айыпты етіп көрсетілген. Онда Қожа Ахрор Вали шаһзада Абдулатифті “әкең күпірлік істермен айналысуда және бұнысымен екіжүзділік қылып жүр” деп, “ал кәпірді өлтіру



Галилео Галилей инквизиция соты алдында.



Шіркеудің Дж.Бруно кітаптарының көзін жоюы.

арқылы исламда үлкен сауапқа қол жеткізіледі” деп бата берген дегендей эпизодтар бар. Тарихи ақиқаттарға қарағанда, Қожа Ахрор Валидің Мырза Ұлықбек өлтірілген кезде Самарқантта мүлде болмағаны, керісінше, ол темуризадалар ортасындағы тақ пен тәж үшін бірін-бірі өлтіру жанжалдарының алдын алуға өз үлесін қосып келгені анықталды.

XX ғасырда бұрынғы Кеңес одағы аумағында басқа діндермен қатар ислам дініне қатысты білімдердің де дағдарысқа ұшырауы жауыздықтардың күшеюіне себеп болды. Атеизм идеясы үстемдік жасауға әрекеттеніп бақты. Соның салдарынан ислам діні іліміне жат идеялар әлеуметтік тұрмысқа кіріп келе бастады. Дегенмен ислам дінінде ұстаз-шәкірт дәстүрі қалыптасқандықтан, діни білімдер ұстаздар-



Он есе байып
кетсең де,
өмір салтыңды
өзгертпе.

*Лев
Толстой*

Әлемдегі зорлықшыл және жауыз күштер қай халықты немесе қай мемлекетті өзіне бас игізіп, мойынсұндырмақ, оның байлықтарын иелеп алмақ болса, ең алдымен, оны қарусыздандыруға, яғни ең ұлы байлығы болып табылатын ұлттық құндылықтарынан, тарихы мен мәдениетінен жұрдай етуге әрекет жасайды.





Конституциялық құрылысты зорлықпен өзгертуді мақсат ететін, республиканың егемендігіне, біртұтастығы мен қауіпсіздігіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы шығатын, соғысты, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни кемсітушілікті насихаттайтын, халықтың денсаулығы мен руханиятына қиянат жасайтын, сондай-ақ әскерилендірілген бірлестіктердің, ұлттық және діни рухтағы саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы мен қызметіне тыйым салынады.

Жасырын қоғамдар мен ұйымдар құруға тыйым салынады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы,
57-бап

дан шәкірттерге өтіп, жалғасын тауып келді. Сол себепті діни құндылықтар бүгінге дейін сақталып қалды.

Жоғарыдағы тарихи мәліметтерден көрініп тұрғанындай, дін мен қоғам өзара тығыз байланысты. Дінді дұрыс қабылдау бейбітшілікке, бауырмалдыққа, туысқандық ортаның қалыптасуына, ғылым мен білімнің өркендеуіне қызмет етеді. Ал оны пасық мақсаттарға пайдалану әлеуметтік өмірдің улануына, бейберекеттікке, тіпті жауыздықтарға соқтырады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ДІН. ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРЫ

Діннің “функция” және “рөл” деген ұғымдарын айыра білу қажет, олар бір-бірімен байланысты, бірақ ұқсас емес.

Функция – діннің қоғамдағы іс-қимыл әдісі болса, рөл – сол функцияны орындау нәтижелерінің жалпы жиынтығы болып табылады. Қоғамда діннің бірнеше функциялары бар.

Дүниетаным функциясы. Дін барлық кезеңдерде өмірдің мазмұны, адамның өмірдегі қиыншылықтары, жарық дүниемен қоштасудың мәні жөніндегі сұрақтарға жауап береді. Бұл жауаптар адамдарға өмір сүрудің мақсатын айқындап алу сезімін береді.

Құдайға сенетін адамдар өздерін тағдырдың соққылары астында әрең күнелтіп жүрген тіршілік иесі ретінде емес, керісін-

ше, өз өмірлерін біртұтас ғайыптық мазмұнның бір бөлігі ретінде елестетеді.


Демеу берушілік функциясы. Өмір мазмұны туралы сұрақтарға дін тарапынан беріліп жатқан жауаптар бұл дүниеде бастан өтіп жатқан азап-қиыншылықтар адам үшін бекер еместігін ұғындырып, құдайға сенетіндерге рухани жайбарақаттық береді. Сары уайымға түсіретін оқиғаларға (ауру-сырқау, өлім және т.б.) байланысты рәсім-жоралғылар бұндай қасіретті күндерде адамдардың жанына жалау болып, қиындықтардан мойымауына және оларды басқа түскен ащы тауқыметтерге көндігуге мүмкіндік береді. Әлгі адам басқалардың өзіне тілеулестігін көріп, сезінеді және орнатылған рәсім-жоралғылардан жаны байыз тауып, тынышталады.

Өзінің әлеуметтік тәндігін белгілеу функциясы. Діни ілімдер оған сыйынатындарды баршаға бірдей құндылықтар және ортақ мақсаттар төңірегіне бірлестіреді (біз мұсылманбыз, біз христианбыз, біз яхудиміз және т.б.). Мысалы, жапон халқының нанымы бойынша жапон отбасының әрбір мүшесі синтоизм дінінде туылады. Яхуди дінінде болу үшін



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Діннің қоғамға ықпалын зерттейтін пән дін социологиясы деп аталады. Француз ғалымы Огуст Конт бұл ұғымды алғаш рет ғылыми айналымға енгізген.



тек яхуди ұлтына тән болуың керек. Ал мұсылманшылықта бұл дінге тәндік иманның шарттарын орындаумен белгіленеді.

Әлеуметтік мәлішерлеу функциясы. Барлық діндерде оған табынатындардың әлеуметтік қарым-қатынастары діни ережелермен реттеледі. Мысалы, ата-аналар, перзенттер, көрші-қолаңдар, ағайын-туыстар, тіпті басқа дінге табынатын азаматтар ортасындағы өзара қарым-қатынастар да тәртіп-ережелерге салынған.

Әлеуметтік бақылау функциясы. Дін күнделікті тұрмыстық өлшемдерді белгілеп қана қоймастан, адамдардың мінез-құлықтарын да бақылап отырады. Діни топтың көптеген шектеулері тек оның мүшелеріне ғана қатысты. Бірақ кейбір қалыптар (нормалар) діни қауымға қатысы жоқ адамдарға да тиісті болуы мүмкін. Мысалы, нашақорлық, есірткі заттарды пайдалану, өзге діндерге сыйынушыларға зорлық көрсету, өзіне тиісті емес мүлікке иелік жасауға ұмтылу және басқа да сол сияқты келеңсіз құ-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Шаригатты тән деп ойла, тариқатты жүрек деп ұғын, ал шындықты жан деп таны.

Имам Мотуриди

Өмір жібінің ұшы Құдайдың қолында болса, неге бұл өмірді Оған сенбеске.

Мохатма Ганди

Жақсылық жасап, өзенге таста – балық біледі, балық білмесе – халық біледі.

Халық мақалы

Әрбір істе қайыр бар.

Халық даналығы

Бұл нақыл сөздер діннің қайсы функцияларын жүзеге асырады?

былыстарға қарсы тұру жалпы шектеулер мен бақылауға байланысты.

Бейімделу функциясы. Дін адамдарды жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі. Кейбір себептермен басқа мемлекеттерге көшіп кеткен адамдар үшін сол жерлерде қабылданған, оларға бейтаныс әдет-ғұрыптарға көндігу оңайға соқпайды. Бұндай жағдайларда дін ана тілін, таныс рәсім-жоралғыларды және сыйыну нормаларын сақтап қалу арқылы мәдени және ұлттық құндылықтарды кейінгі ұрпақтарға өткізеді.

Әрине, дін жоғарыда көрсетілген маңызды әлеуметтік функцияларды орындай отырып, қоғам мүшелерінің дүниетанымына айтарлықтай ықпал жасай алады.

Біздің елімізде ислам дініндегі қоңыржайлық қағидаты адамдардың жеке және әлеуметтік өмірлеріндегі проблемаларға бауырмалдық, жомарттық, сауап және ізгілік тақылеттес адамгершілік құндылықтар негізінде парасатпен қарауға шақырады. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, ислам дініндегі бұл қағидат Өзбекстанның бүгінгі таңда жедел қарқынмен жүріп жатқан әлеуметтік дамуы жолындағы рухани себепшарттардың бірі болып қызмет етеді.



Тура да хақ жолмен жүрген адамның жүрісі арыстанның жүрісінен де айбаттырақ (айбарлырақ) болып табылады.

*Махмуд
Замахшари*



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дінді пасық мақсаттарға пайдалану қандай әлеуметтік проблемаларға соқтырады?
2. Дін және қоғам қарым-қатынастарын зерттейтін ғылым саласы қалай аталады?
3. Дін социологиясының негізгі мақсаты не?
4. Діннің әлеуметтік өмірдегі қандай функцияларын білесің?
5. Діннің қоғамдағы “функциясы” мен “рөлі” ұғымдары нелермен сипатталады?

§ 5-6

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДІНДЕР



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Орталық Азияда тараған діндердің қазіргі жағдайы.
2. Зардуштилік қауымдардың заманалық өмір салты.
3. Тәңіршіліктегі “Ояну” қозғалысы және оның зиянды салдары.



Ұлы Жібек жолы аумақтар арасында тек сауда-сағаттық байланыстарына ғана емес, сонымен қатар мемлекеттер мен құрлықтар ортасында ақпараттар алмасуды қамтамасыз етуге де қызмет еткен.

*Шавкат
Мирзияев*

Орталық Азия аумағының ежелгі Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандығы бұл жерде көп ұлтты және конфессиялы мемлекеттің қалыптасуына себеп болды. Ұлы Жібек жолы Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хиуа секілді көне қалалар арқылы өткен. Бұл қалаларда ірі керуенсарайлар, сауда сөрелері мен базарлар жедел дамыды, сан түрлі мәдениет, тіл және дін өкілдері де осы орталықтарға шоғырланып, өз әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін өркендетті.

Орталық Азия аймағында тараған ең ежелгі діндердің бірі – зардуштилік (зороастризм). Бүгінгі таңда бұл дінге табынатындардың саны оншалықты көп емес.

ТАРИХҚА НАЗАР



Ұлы Жібек жолы – Орта ғасырларда Шығыс және Батыс елдерін өзара байланыстырып тұрған құрлықаралық керуен жолы. “Ұлы Жібек жолы” термині осы жол арқылы тасымалданған қымбат бағалы тауар – Қытай жібегімен тығыз байланысты. Орталық Азияда ежелден-ақ әлемдік діндер – будда, христиан, ислам діндері тараған. Сонымен қатар бұл аймақта мони және яхуди діндері де болған.

Әлемдік шеңберде зардуштилік дінінің діни қайнары болып табылатын Авестоны зерттеу авестотану деп аталады. Бүгінде АҚШ, Ресей, Иран, Үндістан мемлекеттерінде ірі авестотану орталықтары бар. Қазіргі таңда ең ірі зардуштилік қауымдар – Иран гебрлері мен Үндістан парсылары ортасында тек қана тіл, ғибадаттарды өткізу формасы және жыл санау есебі бойынша ғана кейбір ұқсастықтар бар. Сондай-ақ Үндістанда руханиятқа көңіл бөлетін бірқатар топтар пайда болған.

Жаһанданудың ықпалымен соңғы кездерде зардуштилікті реформалау, көптеген діни рәсімдерді жойып, тек “Гаттарды” ғана қасиетті кітап деп тану идеясы алға қойылуда. Бүгінде әлемдік шеңберде зардуштилікке табынатындар саны Үндістанда 100



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Гебрлер мен парсылар — зардуштилік дініне табынуды сақтап қалған этноконфессионалдық топтар.



Иран гебрлері



Үндістан парсылары



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

2001 жылы ЮНЕСКО Авестоның 2700 жылдығын атап өтті.



Үргеніш қаласында Авестоға орнатылған ескерткіш.



*Ақылды болу
жеткілік-
ті емес, ең
маңыздысы
– оны қолдана
білу.*

Рене Декарт

мың, Иранда 50 мың, Еуропа, Азия мемлекеттері мен Америкада бірнеше мың адамды құрайды.

Орталық Азия аймағында пайда болған діндердің тағы бірі – тәңіршілік. Аймақ халықтарының тарихында бұл нанымның өзіне тән орны болған.

Тәңіршіліктің тарихы өлкеміз халықтарының өткен мәдениеті, әлеуметтік өмірі және тұрмыс салты жөнінде құнды мәліметтер беретін тарихи дереккөздердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда Орталық Азия халықтары арасында тәңіршілікті ежелгі дін ретінде қайта тіктеуге ұмтылыстар бар. Бұндай әрекеттердің астарында кейбір пасық ниетті мақсаттар жатқанын да байқауға болады.

1990 жылдан бастап тәңіршілікке сыйынатын топтар пайда бола бастады. Әдейі көтеріліп жатқан бұл жағдай тұрғындар арасында жіктелудің туында-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Қағанат өз мемлекетінің идеологиясына сәйкес “ел” деп аталып, ежелгі тарихта онымен байланысты “мәңгілік ел”, “Тәңір (жаратқан) елі”, “түркі елі” секілді атаулар қалыптасқан. Ел мен қаған өкіметтің Тәңір тарапынан Ашина әулетіне “Түрік будунге (халқына)” тарту етілгеніне сенген. Ежелгі түркі қауымы әлемдегі басқа бір саяси бірлестіктің билеушісіне “құдай-патша” ретінде қарамаған, өйткені бұндай саяси дарын (жеміс) Тәңір тарапынан тек Ашина әулетіне ғана тарту етілген деген ұғым Ашина түркілерінің ой-санасына әбден орнығып қалған еді. Сол себепті Ашина әулеті билікті әулиелендірген. Егер Тәңір берген саяси өкімет сенімді ақтамаса, яғни өз дарынын көрсете алмаса, ондай билеуші өкіметтен аласталып, “Тәңір берген саяси билікті Тәңірдің өзі қайтарып алады” деп түсінген.


Әбу Райхан Беруни

уына себеп болуы ықтимал. Өйткені бүгінгі таңда бұл аймақта өздерінің сан ғасырлық діни нанымдары бар түрлі ұлттар мен ұлыстар жасайды. Осындай жағдайда тәңіршілік дінін қайта тіктеуге талпыну ұлттық және діни қайшылықтардың туындауына себеп болады.

XXI ғасырдың бас кезінде Орталық Азия аймағында орналасқан мемлекеттер – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан елдерінде қалыптасқан өзіндік діни көрініске куә бола аламыз.

Қазір Қазақстан Республикасында ресми 18 конфессияның құрамында 3600-ден астам діни ұйымдар жұмыс істейді. Сондай-ақ бұл елде 246 дәстүрлі емес діни топтар мен жаңа қоғамдар (халықаралық миссионерлер) де қызмет көрсетеді.

Түркіменстан Республикасында бүгінде 13 діни конфессия тіркелген, солардың құрамында 128 діни ұйым жұмыс істейді. Қырғызстан Республикасында 30-дан астам діни конфессиялар бар.



Адам өз өмірі барысында өзіне-өзі өмір жолын салып бара береді.

О.Махмудовтың “Уммондан дурлар” кітабынан



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Орталық Азия аймағының көп ұлтты және көп конфессиялы болу себептері неде?
2. XXI ғасырдың бас кезінде Орталық Азия аймағында орналасқан мемлекеттер – Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түркіменстан мен Өзбекстанда қандай діни көрініс орын алғанын көре аламыз?
3. Тәңіршілік дінінің бүгінгі таңда насихатталуы қандай салдарларға соқтыруы мүмкін?

§ 7

ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІҢ ҚАЙНАРКӨЗДЕРІ: БУДДИЗМ МЕН ХРИСТИАНДЫҚ



Трипитака



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Әлемдік дін көздерінің діни бауырмалдық пен татулық мәдениетін қалыптастырудағы маңызы.
2. Өзбекстандағы буддистер ұжымы және әдебиеттері. Христиандық ұжымдар. Тәураттың өзбек тіліндегі басылымы.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

2017 жылдың 1 маусымында Ташкент қаласында Тәурат кітабының өзбек тіліне толық аудармасының тұсаукесері болды. Бұл күнге дейін өзбек тіліне Тәураттың кейбір бөлімдері ғана аударылған болатын.

ӘЛЕМДІК ДІН КӨЗДЕРІНІҢ ДІНИ БАУЫРМАЛДЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Кез келген діни сенімнің негіздері, заң-ережелері, ғибадаты мен мерекелері оның қасиетті қайнар көздерінен көрініс табады. Қасиетті кітаптар бірінші не екінші қайнар болуы мүмкін. Әлемдік діндердің бірі болып табылатын буддизмде Трипитака, ал христиандықта Тәурат қасиетті қайнаркөз болып саналса, ислам дінінде Құрани кәрім тікелей Алланың сөздері – кәлемі болып саналады. Сол себепті Құранға дәрет алмай қол тигізу, аяттарын күнәдан арылмай тұрып оқу, оның үстіне басқа кітаптарды немесе заттарды қою, көтеріп жүрген кезде қолдарды белден төмен түсіру мүмкін емес.

Басқа діндерде де өз қасиетті қайнаркөздеріне үлкен құрмет көрсетіледі. Мысалы, христиандықта Иса Мәсіхтің немесе басқа әулиелердің суреттері түсірілген иконалар арнаулы “қасиетті бұрышта”



Христиан отбасыларындағы “қасиетті бұрыш” яки “қызыл бұрыш”.

яки “қызыл бұрышта” тұрады және оларға жеке-дара құрмет көрсетіледі. Бұл орын үйдегі алтарь (мехраб) міндетін атқарады. Отбасы мүшелері бұл орынға келіп, ғибадаттарын орындайды. Алтарь өте-мөте таза, ұқыпты күйде сақталады.

Қасиетті қайнаркөздерден діни нұсқаулармен қатар әдеп пен ақылақ, адамгершілік, адалдық, қоршаған ортаны қорғауға қатысты нұсқаулар да орын алған.

Тағы бір ескеретін жері, ешқандай да діннің қасиетті қайнаркөзі бейкүнә адамдар мен жануарлардың қанын төгуді, ұрлық-қарлықты, қиратушылықты насихаттап- нұсқамайды.



«Сосын Құдай төмендегі сөздерді айтты: “Мен сендерді Мысырдағы құлдықтан алып шыққан Иелерің Құдаймын... ..Адам өлтірмендер. Зинақорлық қылмаңдар. Ұрлық жасамандар. Көршіңе қарсы жалған куәлік бермендер. Көршіңнің үйіне көзіңді алартпа. Көршіңнің әйеліне, құлы мен күңіне, малы мен есегіне, оған қарасты бірер нәрсесіне көз алартпа».

Тәураттың “Көне Өсиет” бөлімінен



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Будда ілімінің негізі “өмір – азап пен қиыншылық” және “демеу жолы бар” деген идея болып табылады. Буддизм заңдылықтарына орай, адам өзіне-өзі бейімделген тіршілік иесі, ол өздігінен туылады, өзінен-өзі қаза табады немесе өзін-өзі құтқарады.

Буддистік мәтіндерде бейбітшіліксүйгіштік ең жоғары қасиет саналып, ашу-ыза мен қатыгездік ең үлкен күнәлар қатарына жатқызылған. Мәселен, Трипитаканың “Дхаммапада” кітабында былай жазылған: “Бұл дүниеде өшпенділікті өшпенділікпен жеңуге болмайды, тек өшпенділік жоқ болғанда ғана ол жойылады”.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ БУДДИСТЕР ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРІ. ХРИСТИАНДЫҚ ҰЖЫМДАР. ТӘУРАТТЫҢ ӨЗБЕК ТІЛІНДЕГІ БАСЫЛЫМЫ

Әлемдік діндердің ең ежелгісі болып табылатын буддизмнің қасиетті қайнар көзі – Трипитакаға ерекше құрмет көрсетіледі. Пали тілінде жазылғандығы себепті бұл кітап кейде “Пали заңдары” деп те аталады. Осы күнге дейін “Пали заңдарының” көп бөлімдері ағылшын тіліне аударылған. Трипитаканың орыс тіліндегі аудармасы XIX ғасырда пайда болған.

Христиандық дінінің негізгі қайнары Тәурат – “Көне Өсиет” (яхудилерде “Танах”) және “Жаңа Өсиет” деп аталатын екі бөлімнен тұрады. “Көне



ТАРИХҚА НАЗАР

Б.з. бұрынғы 80-жылдарда Трипитака алғаш рет пальма жапырақтарына жазылған.

1871 жылы Мандалай қаласында (Бирма) өткен Бүкіләлемдік буддистер жиынынан соң Трипитаканың мәтіні әрқайсысы 2 метрлік 729 дана мәрмәр плитасына жазылып шыққан.

1900 жылы мәрмәр тасқа қашап жазылған Трипитака мәтіні тұңғыш рет кітап күйінде басылып шықты. Оның көлемі 38 томды құрады.

“Өсиеттің” түпнұсқасы ежелгі арамей тілінде, ал “Жаңа Өсиет” ежелгі грек тілінде жазылған.

Мәліметтерге қарағанда, бүгінге дейін бұл кітап үш мыңнан астам тілдер мен диалектілерге аударылған.

Тәураттың өзбек тіліндегі ең алғашқы аудармасы 1991 жылы баспадан шыққан. 1994 жылы елімізде Өзбекстан Тәурат кітап қоғамы құрылған. 2017 жылдың маусым айында бұл қоғам тұңғыш рет Тәураттың толығымен өзбек тіліне аударылғанын жариялады.



Әрқашан жақсылық жаса. Өзгелерді сүйсең, өзің де, өзгелер де бақытты болады.

Будда



ТАРИХҚА НАЗАР

“Көне Өсиеттің” ең алғашқы аудармасы б.з. бұрынғы III – I ғасырларда грек тіліне жасалған. Ол “Септуагинта” – жетпіс аудармашының ісі деп аталады.

V ғасырда Тәураттың (Библия) толық мәтіні армян, гот, грузин және басқа тілдерге аударылған.

390-405 жылдар аралығында Тәураттың мәтіні латын тіліне, ал 1380 жылы латын тілінен ағылшын тіліне аударылды.

1581 жылы Тәурат тұңғыш рет славян-шіркеу тіліне аударылды. Ал 1818 жылға қарай Тәураттың бастапқы бөлімдері орыс тілінде басылды.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қасиетті қайнар дегенде нені түсінеміз?
2. Діндер қасиетті кітаптарға қандай қарым-қатынас көрсетеді?
3. Тәураттың аудармалары жөнінде нелерді білесің?
4. Будда дінінің қасиетті қайнаркөзі қалай аталады?
5. Сеніңше, қасиетті діни қайнаркөздер адамдарды бұзық ниеттерге шақыра ма?

§ 8-9

XX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Ислам діні шеңберінде пайда болған халықаралық ұйымдар, олардың содырлық пен лаңкестікке қарсы күрестегі орны.
2. Өзбекстанның халықаралық ислам ұйымдарына мүшелігі.



Іштегі адам келіп, есікті ашып бермесе, сырттағы ұры үйге кіре алмайды.

*Жалолиддин
Руми*

ИСЛАМ ДІНИ ШЕҢБЕРІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында әлемнің діни көрінісінде бірқатар елеулі және қайшылықты өзгерістер орын алды. Бұндай өзгерістердің астарында әлемдік саясат пен руханиятта болып жатқан жылжулар, екі полюсті әлемге шек қойылуы, жаһандану үдерісінің жеделдеуі, халықаралық лаңкестік қаупінің күшеюі тақылеттес себепшарттар жатыр.

Осы үдерістерге көзқарас білдіру және лаңкестікке қарсы күрес мақсатымен бірқатар мұсылман мемлекеттерінің ғалымдары, зиялылары және әлеуметтік-саяси сала қайраткерлері әлемдегі мұсылмандардың мүдделерін қорғау үшін дүние жүзі шеңберінде қызмет жүргізетін тұрақты ұйым құру туралы бастама көтерді. Соның нәтижесінде халықаралық шеңберде үкіметтік яки үкіметтік емес деңгейде жұмыс жүргізетін Ислам конференциясы ұйымы дүниеге келді.

1969 жылы Марокконың астанасы Рабат қаласында мұсылман мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері қатысқан сессия болды. Бұл сессияға қатысқан

мемлекеттер Ислам конференциясы ұйымының мүшелері болып саналды. Бүгінгі таңда бұл ұйым Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ) деп аталады.

ИЫҰ қызметінде төмендегілер негізгі мақсат етіп белгіленген: ислам ынтымақтастығын ынталандыру; экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми және басқа салалардағы ынтымақтастықты нығайту; нәсілдік кемсітушілікті, барлық формалардағы отаршылдықты жоюға әрекет жасау; бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жолында шаралар белгілеу; Палестинадағы араб халқының өз құқықтарын тіктеу және оның жерлерін азат ету жолындағы күресін қолдау.

Ұйымды басқарудың негізгі қағидаттары: өз тағдырын өзі белгілеу құқығын сақтау; мүше мемлекеттердің тең құқықтарға ие екені; егемендікті, тәуелсіздікті және аумақтық біртұтастықты тану; мүше мемлекеттер ортасындағы келіспеушіліктерді бейбіт жолдармен реттеу.

ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ

ИЫҰ-ның басшы органдары – мемлекет және үкімет басшыларының Конференциясы, сыртқы істер министрлерінің Конференциясы және бас хатшы жетекшілік ететін хатшылық болып табылады.

Жоғарғы орган – мүше мемлекеттер басшыларының ислам саммиті әр үш жыл сайын өткізіліп, мұсылман мемлекеттерінің жалпы саясатын белгілейді. Ал сыртқы істер министрлерінің конференциясы жыл сайын немесе қажеттілікке қарай өткізіледі.

Жоғарғы атқару органы Бас хатшының жетекшілігіндегі Бас хатшылық болып саналады.

Бас хатшы мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлері тарапынан 4 жыл мерзімге сайланады. Бас офис Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан.



... Бұл жиын ұлы ғұлама Мырза Ұлықбек Бұхара қаласында салдырған медресенің мандайшасына жазылған “Ілім иелеу – әрбір мүсілім мен мүслима үшін парыз болып табылады” деген хадиси шәріпті өміріміздің қағидасына айналдыруға қызмет етеді.

*Шавкат
Мирзияевтің
Ислам
ынтымақтастық
ұйымының
Ғылым және
технологиялар
бойынша бірінші
саммитіндегі
сөзінен*



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

2017 жылдың 9 сәуірі күні Мысырдың Танга қаласындағы “Мар Гиргис” насранилер шіркеуінде жүзеге асырылған жарылыс әрекеттері бойынша Ислам ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Юсуф Ахмад әл-Усайминнің өзі мәлімдеме жасап, шіркеуде жүзеге асырылған және көптеген бейкүнә адамдардың өлімі мен жаралануына себеп болған лаңкестік әрекетті қатаң қаралады.

ИБҰ құзырында Ислам даму банкі, Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық бойынша тұрақты комитет жұмыс істейді.

1975 жылдан ИБҰ-на БҰҰ құзырындағы бақылаушы ұйым мәртебесі берілген.

Ұйым құзырында 17 тәуелсіз ұйым бар. Олардың ең ірілері төмендегілер:

- Ислам даму банкі;
- Ислам жаңалықтар агенттігі;
- Ислам телерадиохабарлар одағы;
- Экономикалық-әлеуметтік мәселелер бойынша Ислам комиссиясы;
- Ислам даму қоры;
- Ислам әділет соты;
- Ислам астаналары одағы;
- Ғылыми-техникалық дамудың ислам қоры;
- Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ислам ұйымы және т.б.



ТАРИХҚА НАЗАР

Ислам Ынтымақтастық Ұйымы – үкіметаралық халықаралық ұйым. 2011 жылы 28 маусымға дейін Ислам конференциясы ұйымы деп аталған. 1969 жылы Рабат (Марокко) қаласында құрылған. Жарғы 1972 жылы Джидда (Сауд Арабиясы) қаласында өткен 3-конференцияда қабылданған. 2008 жылы 13-14 наурызда Дакар (Сенегал) өаласында өткен 11-саммитте Жарғының жаңа редакциясы қабылданған.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИСЛАМ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ МҮШЕЛІГІ

2016 жылы Ташкент қаласында Ислам ынтымақтастық ұйымының қатысуымен “Білім мен ағарту – бейбітшілік пен жасампаздыққа апаратын жол” тақырыбымен халықаралық жиын өтті. Онда Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев Ислам ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық мерзімі үшін ұсынылып отырған үстем мақсаттардың бірінде мемлекеттің кейбір бастамаларын жариялады.

Бірінші бастаманың мәні тек ислам мәдениетіне ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық өркениетке өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабаларымыздың сан қырлы діни-мәдени мұраларын зерттеуге маманданған Самарқандтағы Имам Бұхари халықаралық зерттеу орталығын ұйымдастырудан тұрады. Өзбекстанның келесі бір бастамасы – Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ислам ұйымының (*ISESCO — Islamic Educational, Scientific and Cultural Organization*) арнаулы кафедрасын Ташкент ислам университеті құрамында ашуға байланысты. Жаңа кафедра қызметінің басты бағытын мұсылман әлеміндегі білім, ғылым және мәдениет тарихы, сондай-ақ олардың қазіргі жағдайын зерттеу және олар жөнінде



ТАРИХҚА НАЗАР

АЙСЕКСО – ИЫҰ құзырындағы тәуелсіз ұйым. 1979 жылы құрылған. Жарғысы 1982 жылы Құрылтай Конференцияда (1982 жыл, Фес қаласы) қабылданған.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

ИЫҰ құрамында 57 мемлекет бар. Өзбекстан бұл ұйымға 1996 жылы 2 қазанда қабылданған. Босния мен Герцеговина, Орталық Африка Республикасы, Ресей, Таиланд, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, сондай-ақ БҰҰ, Араб мемлекеттері лигасы, Африка одағы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Қосылмау қозғалысы ұйымы бақылаушы мәртебесін алған. Ал ИЫҰ-ның өзі халықаралық құқық субъектісі ретінде БҰҰ-да бақылаушылық етуге құқылы.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

2016 жылы 18-19 қазан күндері Ташкент қаласында Ислам ынтымақтастық ұйымының (Сыртқы істер министрлері кеңесінің 43-сессиясы) қатысуымен “Білім мен ағарту – бейбітшілік пен жасампаздыққа апаратын жол” тақырыбы бойынша халықаралық жиын өтті.

АЙСЕКСКО ұйымының ресми веб-сайтында (www.isesco.org.ma) берілген мәліметтерге қарағанда, 2015-2024 жылдардағы ислам мәдениеті астаналарының тізімі бекітілген, соған орай 2020 жылы Азия аймағынан Бұхара қаласы ислам мәдениетінің астанасы ретінде таңдалған.

студенттерге тереңдетілген арнаулы курстар ұйымдастыру құрайды.

Бүгінгі таңда ИЫҰ мен Өзбекстан ортасындағы ынтымақтастықтың жарқын болашағын бірқатар жаһандық және аймақтық проблемаларды шешуден көруге болады. Республикамыз ИЫҰ құрамындағы Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ислам ұйымымен (АЙСЕКСКО) де дербес байланыстар орнатқан. Бұл байланыс аталмыш ұйым тарапынан 2007 жылы Ташкент қаласының “Ислам мәдениеті орталығы” деп жариялануынан да көрініп тұр. Сонымен қатар АЙСЕКСКО 2020 жылы Отанымыздың тағы бір дұрданасы – Бұхара қаласына да осындай ат беруді жоспарлап отыр.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі әлемнің діни көрінісіндегі өзгерістердің астарында қандай себепшаттар бар?
2. Ислам конференциясы ұйымы қашан және қай жерде құрылған?
3. Ислам ынтымақтастық ұйымының негізгі мақсаты нелерден тұрады?
4. 2016 жылы 18-19 қазан күндері Ташкентте өткен Ислам ынтымақтастық ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 43-сессиясында Елбасымыз Ш.Мирзияев қандай бастамалар көтерді?

§ 10-11 ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДА ИСЛАМ ДІНІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН АҒЫМДАР МЕН СЕКТАЛАР



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Халықаралық лаңкестік проблемасы.
2. Фанатизм (мутаассиблик) тамырлары.
3. Заманалық фанатизм ағымдары және олардың мақсаттары мен идеологиялық жүйесі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛАҢКЕСТІК ПРОБЛЕМАСЫ

Халықаралық лаңкестік проблемасы бүгінгі заманның ең көкейкесті жаһандық проблемаларының біріне айналып отыр. Бұның себептері:

Біріншіден, халықаралық лаңкестік дүние жүзін бойлап кеңінен таралып бара жатыр. Бұл – дәстүрлі халықаралық жанжалдар аймақтарында (мысалы, Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия) жүріп жатқан үдерістерде көрініс тауып отыр. Сонымен қатар бұл қауіптен дамыған мемлекеттер де (атап айтқанда, АҚШ, Батыс Еуропа елдері) жеткілікті қорғанбағандығы байқалып қалды.



Адам баласы ойлап тапқан жаппай қырғын қарулары арасында сөз – ең қатерлі әрі ең күшті қару күйінше қалып отыр.

*Пауло
Козло*



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

2017 жылы Мысырдың Солтүстік Синай түбегіндегі Софий мешітінде жүзеге асырылған жан түршігерлік лаңкестік актіде 128 адам жараланып, 300-ден астам адам қаза тапты, солардың 27-сі – балалар.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ



2004 жылы 1 қыркүйек күні Солтүстік Осетияның Беслан қаласында қаруланған лаңкестер тобы №1 мектептің оқушыларын, ата-аналар мен оқытушыларды кепілге алды. Екі күн ішінде 1128 адамның 314-і қаза тапты. Олардың 186-сы балалар еді.



Екіншіден, халықаралық лаңкестік әлемдік қауымдастыққа және айрықша мемлекеттер қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіріп отыр. Жыл сайын әлемде жүздеген халықаралық лаңкестік әрекеттер жүзеге асырылуда, оларда мыңдаған адамдар қаза тауып, мүгедектерге айналып жатыр.

Үшіншіден, халықаралық лаңкестікке қарсы күрес бойынша жеке бір мемлекеттің немесе жоғары деңгейде дамыған мемлекеттер тобының іс-қимылдары жеткілікті емес. Шұғыл жаһандық проблемаға айналған халықаралық лаңкестікке қарсы күресте әлемдік қауымдастықтың, көптеген мемлекеттер мен халықтардың күштерін бірлестіру талап етіледі.

Төртіншіден, халықаралық лаңкестік феномені мен бүгінгі таңдағы басқа да жаһандық проблемалар ортасындағы байланыстылық барған сайын анық та айқын байқалып келеді. Сондықтан қазіргі кезеңде халықаралық лаңкестік проблемасы жалпыадамзаттық, жаһандық проблемалар кешеніндегі маңызды элемент ретінде қаралуға тиіс. Ол дамыған “еңбек базары” мен ірі капиталды қолына шоғырландырды, жаһандық деңгейдегі өте пайдалы “бизнеске” айналды. Бұндай “жақсы ұйымдастырылған лаңкестік жүйені” тек жүйелі түрде және кешенді жанасу арқылы, әлемдегі барлық антиэкстремистік және антитеррорлық күштерді біріктіріп, халықаралық ынтымақтастық негізінде ғана жоюға болады.

ФАНАТИЗМ (МУТААССИБТІК) ТАМЫРЛАРЫ

Мутаассибтіктің, яғни ұғынықты тілмен айтқанда, фанатизмнің түп төркіні сонау орта ғасырларға барып тіреледі. Исламдағы алғашқы ағым Халифа Әли ибн Әбу Тәліп пен умавийлер ортасындағы күрес барысында 657- жылы пайда болған.

Әли ибн Әбу Тәліп билік жолындағы күресте Муавия ибн Әбу Суфионның жақтаушыларымен (умавийлермен) келіссөздер жүргізуге ризалық берген. Бұл жағдай “халифа Әли расында да мұрагерлікке құқылы” деп санаған жақтастары арасында наразылық туғызған. Қосынның бір бөлігі Әлиді келісушілікте айыптап, одан бөлініп кеткен және кейінірек Әлиге де, умавийлерге де қарсы күрес жүргізген. Тарихта олар хорижийлер деген атпен жазылып қалған. Хорижийлер өздерінің саяси қарсыластарына өте ымырасыз болған. Олар ауыр күнә жасаған мұсылмандарды кәпірге теңеп, оларға қарсы қарулы жиһад жариялаған. Бертін келе хорижийлер бірнеше топтарға бөлініп кеткен. Умавий және аббасий халифалар VII-IX ғасырларда хорижийлерге қарсы аяусыз күрес жүргізген. Хорижийлер халифаттағы көптеген көтерілістерге қатысқан.

ЗАМАНАЛЫҚ МУТААССИБТІК АҒЫМДАР, ОЛАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Соңғы жылдарда Еуразия құрлығы мен Африкада орналасқан бірқатар мемлекеттерде әлеуметтік-саяси жағдайларға кері ықпал жасап отырған экстремистік және лаңкестік ұйымдардың белсенділігі байқалып келеді.

Экстремизм діни салада басқа дін өкілдеріне асқан аяусыздық танытумен (мәселен, Үндістандағы



Ей, иман келтіргендер!
Орталарындағы малдарыңды нахақ (яғни ұрлық, қарақшылық, өсімқорлық, паракорлық, құмар ойыны сияқты) жолдармен жемендер!
Өзара ризалықпен болған саудасаттық арқылы мал-дүние табуды кәсіп етіндер.
Сондай-ақ бір-бірінді өлтірмеңдер!
Әрине, Алла сендерге аса мейірбан әрі рақымды.

*Құрани
кәрім, Нисо
сүресі, 29-аят*



«Ей, қауымым!
Өлшеу мен
салмақты
әділетті
түрде толық
беріңдер!
Адамдардың
нәрселеріне
кол сұқпаңдар
және Жерде
арам пиғылмен
бұзықтық
жасамаңдар!»

*Құрани
кәрім, Худ
сүресі, 85-аят*

мұсылмандар мен умавийлер, үнділер мен сикхтар, Мьянмадағы мұсылмандардың қырғынға ұшырауы, тағы басқа да қырқысулар), бір дін ішіндегі (Пакистан, Ауғанстан, Ирак елдеріндегі суннилер мен шиалар) даулы қақтығыстармен, дүниелік жүйеге қарсы күреспен (дені мұсылман мемлекеттерінде) немесе халықаралық деңгейдегі өркениеттер қарама-қарсылығымен (“Әл-Каида”, “Хизбуллах” ұйымдары) тығыз байланысты.

Өздерін ислам атымен байланыстыратын экстремистік ұйымдардың жеке ерекшеліктері төмендегілерден тұрады:

- дүниелік мемлекеттер мен қоғамдарға ымырасыз қатынаста болу;
- діннің мемлекеттен бөлінгенін мойындамау және қоғамның барлық мүшелерін шарифат талаптары негізінде өмір сүруге мәжбүрлеу;
- ислам дінін дүниенің барлық қоғамдарына қарсы қою;
- мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық біртұтастығын мойындамау, бірыңғай мемлекет – “халифат” құру идеясын алға қою;
- өз мақсаттары жолында мемлекет пен қоғамда әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ізден тайдыруға бағытталған қимыл-әрекеттерді қолдау;
- өз идеяларына ермеген мұсылмандарды діннен безгендікте, “кәпірлікте” айыптау, дәстүрлі ис-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Құрани кәрімнің мына сүрелерін оқы. Өздерінің саяси мақсаттары жолында дінді пайдаланатын адамсымақтардың қызметін қаскөйлік деуге бола ма?

«Қаскөйлік – адам өлтіруден де үлкенірек (күнә)».

Құрани кәрім, Бақара сүресі, 217-аят.

ламның жақтаушылары болған ғұламаларды абыройсыздандыру, оларға жәбір-жапа шектіру, тіпті өлтіріп жіберу;

– XX ғасырдың орта шенінде ислам дүниесінде отаршылдық билікке қарсы террорлық әдістерді пайдаланған ұлт-азаттық қозғалысы негізінде күш қолдану әдіс-амалдарына сүйенетін топтардың пайда болуы;

– Араб-Израиль соғыстары мен Таяу Шығыс проблемасының әлі де шешімін таппағанымен қатар, Батыс мемлекеттерінің Таяу Шығысты өз ықпалдары шеңберіне алуға бағытталған белсенді іс-әрекеттері;

– жетекші мемлекеттердің мұсылман әлемі елдеріндегі энергетикалық қорлар үстінен өз бақылауларын орнатуға бағытталған саясаты;

– дамыған мұсылман мемлекеттерінің аймақтық жетекшілік жолында жүргізіп жатқан өзара бәсекелестік күресі және аталмыш елдердің дамып келе жатқан мұсылман мемлекеттерін өз ықпалдарына алуға бағытталған ұмтылыстары;

– суннилер мен шиалар арасында жалғасып келе жатқан дәстүрлі қарама-қайшылықтардың мемлекетаралық қарым-қатынастар деңгейіне көтерілуі



Соғыс –
айырады,
бейбітшілік –
табыстырады.

*Халық
мақалы*



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Зерттеулерге қарағанда, өткен бес жыл барысында мұсылман елдерінде жүзеге асырылған лаңкестік шабуылдар салдарынан екі жүз мыңнан астам адам қаза тапқан және жаралы болған. Өткен уақыт ішінде лаңкестік мұсылман мемлекеттерінде 348 миллиард доллар мөлшерінде зиян келтірген. Ирак, Ауғанстан, Пакистан және Нигерия ең көп зардап шеккен елдер болып саналады. Лаңкестік құрбандарының шамамен 70 пайызы осы мемлекеттерге тура келеді.



*Буддизмді бетперде еткен
содырлардың құрбаны
болған мьянмалық
босқындар*



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Тәкпір – діннен безгендікте, кәпірлікте айыптау. Экстремистер тәкпірді нақ мұсылмандарға қарсы қолданып келеді. Жиһад – оның сөздік мағынасы жидду аһд жасау, яғни берік шешімге келу, қайрат көрсету, бірер жұмысты жете орындау үшін бар күш-қайраты мен жігерін жұмсау болып табылады. Ислам дінінде бұл сөз басқыншылар мен көтерілісшілерге қарсы, елін, жұртын, отанын қорғауға шыққан адамдардың табандылықтарын көрсету үшін қолданылған.

салдарынан өзара күрестің түрлі көріністерінде, атап айтқанда, заңсыз қарулы құрылымдар арқылы жүргізілуі.

Исламды бетперде еткен барлық экстремистік ағымдардың идеологиясында екі қағидат – тәкпір мен жиһад қана бар. Лаңкестік заманалық ғылыми шеңберлерде үш көзқарас тұрғысынан, яғни қылмыстық қызмет, лаңкестік топ және лаңкестік ілім ретінде қарастырылады.

Бұндай лаңкестік топтар өз қызметтерін Құрани кәрімнің нұсқаулары негізінде нығайтуға әрекет жасайды.

Ислам ілімінде мұсылмандықты талап ететін адам өзгелерге не тілімен, не қолымен зиянын тигізбеуге міндетті екені шарт етіп белгіленген. Керісінше, мұсылман адам жер бетінде реформа жасау, соғысқан адамдарды бір-бірімен жарастыру әрекетінде болуы қажеттігі белгіленген.

Бүгінгі таңда әлемдік қоғамдастықты алаңдатып отырған, ядролық полигондардан да қауіптірек болған идеологиялық



Алла діндерің туралы сендермен жүз шайыспаған және сендерді өз елдеріңнен қуып шықпаған біреулерден – оларға жақсылық жасағандықтарыңнан және оларға әділетті болғандықтарыңнан қайтармайды. Әрине, Алла әділеттілік жасайтындарды сүйеді.


***Құрани кәрім. Мумтаһана сүресі,
8-аят***

полигондар арқылы адамдардың сенім-нанымын, өмірін уландырып жатқан мутаассибтік (фанатизм) ағымдарының бірі – “салафийлік”.

“Салафийлік” ұғымы араб тіліндегі “салаф” сөзінен алынған, ол “бұрын өмір сүргендер”, “алдыңғы ұрпақтар” дегенді білдіреді. Ислам дереккөздерінде “салафи солих” тіркесі исламның алғашқы кезеңінде өмір сүрген сахабалар мен тобейндерге арнап қолданылған. Бұл термин кейінгі кезеңдерде және бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан мұсылмандарға қолданылмайды. Бірақ өздерін “салафийлер” деп жариялаған экстремистік топтардың жүргізіп отырған қызметі ислам іліміне, оның дәстүрлеріне, қағидаттарына мүлде қайшы. Сондықтан да оларды “жалған салафийлер” деп атайды.

Жалған салафийлер қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты ізден тайдыруға бағытталған төзімсіздік, бүлдірушілік секілді идеяларды алға қойып отыр. Олар жастардың санасын уландыру арқылы мұсылмандар ортасында діни негіздегі қайшылықтарды туындатуға бағытталған іс-әрекеттер жасауға ұмтылуда. Олар мемлекет пен өз халқына қызмет етіп келе жатқан құқық қорғау органдарын дінсіздікте айыптап келеді. Атап айтқанда, олар 2007 жылы Тәжікстанда жасайтын ханафия мазхабының өкілдерін “хидоятта адасқандар” деп, ал шиаларды “кәпірлер” деп жариялаған. 2004 жылы Ташкентте болған жарылыстар да солардың қолдарымен жүзеге асырылды. 2009 жылы Өзбекстанда бірқатар діни ғұламаларға ұйымдастырылған қастандықтар да – солардың ісі. Осылардан-ақ бұл қозғалыстың идеялары ислам діні іліміне мүлде қарама-қайшы екенін көре аламыз.

ИШИМ (Ирак және Шам ислам мемлекеті) – 2006 жылы Иракта радикалдық топтардың бірігуі нәтижесінде пайда болған лаңкестік ұйым. Бұл ұйым



Аспан әлемінің әсемдігі жұлдыздарымен болса, жер-анамыз ғалымдарымен көркем.

*Махмуд
Замахшари*



Бес нәрсенің кепілдігі жоқ: Аллаға шәк келтіру, нахақ адам өлтіру, момын адамға жала жабу, соғыстан қашу және жалған ант ішу жолымен нахақ мал табу.

Хадис

2013 жылы Сириядағы азамат соғысына араласты. Олардың іс-әрекеттері Ирак аумағындағы шетелдік әскери күштерді, Ирак әскерилерін, азаматтық және қорғаныс құрылыстарын жоюға бағытталды. Ұйым Сирия, Ирак, Ливан мемлекеттері аумағында “Ислам мемлекетін” орнату мүддесін көтерді.

2014 жылы шілде айында бұл қылмыстық құрылым өзін “ИМ (Ислам мемлекеті)” деп атай бастады. БҰҰ-ның есептеулеріне қарағанда, діни



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Лаңкестік ұлт пен дін таңдамайды. Сирияның кешегісі мен бүгінгісі
Пікіріңді “жер бетіндегі бүлдірушілік, егіндер мен тұқымдарды жою” сөздерімен байланыстыр.


Адамдар арасында сондай адам да бар, оның мына дүниедегі өмірі туралы әңгімесі Саған қызықты болады. Ол діліндегі “иманына” Алланы куә етеді, ал шын мәнінде оның өзі (Исламға) дұшпандардың ең жауызы болып табылады.

(Алдыңнан) кеткенінде жер бетіндегі қаскөйлік пен жауыздық, егіндер мен тұқымдарды жою істерімен айналысады. Ал Алла бұндай істерді (бүлдірушілікті) ұнатпайды.

Құрани кәрім, Бақара сүресі, 204-205-аяттар

бетперде астындағы бұл лаңкестер 2014 жылдың басынан бері мыңдаған адамдарды – балаларды, әйелдерді, қарттар мен мүгедектерді, бейбіт халықтың өкілдерін қырып-жойды. Оларға қарсы шыққан барлық адамдар, соның ішінде мұсылмандар да “кәпірге” шығарылып, өмірлеріне қастандық жасалды.

ИШИМ мен оның құрамындағы барлық лаңкестер бойынша Дүниежүзілік ислам ғұламалары кеңесі ашық хат жазып, ол хатта ИШИМ-нің жаңсақ жолға түскенін айғақтармен дәлелдеп, оларды бұл жолдан қайтуға шақырды. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Одағы, Араб мемлекеттері лигасы сияқты халықаралық ұйымдар, АҚШ, Аустралия, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, Индонезия тақылеттес елдер



Бірдікі –
мыңға,
мыңдікі –
елге.

*Халық
мақалы*



Соңғы 20 жылда жасалған лаңкестік актілер картасы



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Берілген мәтінді оқы. “Фирқаларға бөлінбеу” талабының бүгінгі таңда қандай маңызы бар? Пікіріңді негіздеп бер. ... «Дінді құрыңдар және онда фирқа-фирқаларға бөлінбеңдер!»

**Шоро сүресі,
13-аяттан**

«Қасиетті Құрани кәрімде мұсылмандарға арнап фирқаларға бөлінбеңдер деген мазмұндағы нұсқаулар бар. Бұл түрлі ағымдарға бөлініп, адамдарды тура жолдан адастыруға дініміздің мүлде қарсы екенін айқын дәлелдеп тұрған жоқ па?»

Шавкат Мирзияев

ИШИМ-ді лаңкестік ұйым деп жариялады. Сөйтіп, оның ислам дініне мүлде қатысы жоқ екенін қайта-қайта атап көрсетті.

Ислам дінінің екінші қасиетті қайнаркөзі болып саналатын хадиси шәріпте “Қиямет күніндегі алғашқы сұрақ нахақ төгілген қан жөнінде болады” делінген. Исламға жат, бірақ оның атын бетперде еткен бұндай ұйымдар интернет тармақтарын өздерінің пасық идеяларын жаю үшін пайдаланып келеді. 2017 жылғы мәліметтерге қарағанда, әлемде лаңкестер пайдаланатын 5000-нан астам интернет сайттары бар, оларға қызмет көрсететін порталдар саны да көбейіп барады.

Осы сайттарға кіріп, лаңкестік ұйымдардың арбауына іліккен адамдар өз елдерінен безіп, жат жұртқа барып, арам пиғылды тұлғаларға қызмет көрсететін құлдарға айналғаны өкінішті.

ИШИМ экстремистік ұйымы тек Ирак пен Сирияға, олардың айналасындағы мемлекеттерге ғана емес, бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қатер төндіріп отыр. Бейбітшілікке қауіп төндіріп, қоғамның дамуына, халықтың әл-ауқаттылығына зардабын тигізу, елдер арасына іріткі салу – дінге мүлде жат іс.


Бұл ұйым 2013-2014 жылдар арасында 10 мыңнан астам лаңкестік істерді жүзеге асырған. Худкуштер (“тірі бомбалар”) қолымен 100-ден астам жарылыстар жасалған. Сирияда ИШИМ содырлары 60-тан астам шіркеулер мен монастырьларды жермен-жексен еткен. 2014 жылы Ирактың Мосул қаласындағы “әл-Исро” мешіті жанында бұл ұйымға қосылудан бас тартқан 12 ислам ғұламасы жұрт алдында өлтірілген.

Ислам діні ілімінде тек адамды ғана емес, тіпті жан-жануарларды да қорғау керектігі белгіленген. Мысалы, жануарларды ешқандай себепсіз қинау мен азапқа салуға шақыруға болмайтыны атап көрсетілген. Адамдарды құлдыққа салу, қинау мен қорлық көрсету, олардың жанына қастандық жасау үлкен күнә болып саналады.

“Құранилер” – XIX ғасырда Үндістанда пайда болған адасқан тайпалардың бірі. Бұл тайпа хадистерге толық қарсы шығуымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда бұл топ Үндістан мен Пакистаннан Англияға, ол жерден Еуропа мен басқа мемлекеттерге тараған. Соңғы кездерде бұл адасқан топтың өкілдері Орталық Азияда да пайда бола бастады.

Өздерін “Ахлу-л-Құран” деп атаған бұл топ тек құранды ғана шарифат қайнары деп санайды. Сонымен қатар олар Құранды өз білгендерінше тәпсір жасайды.

Ислам ғалымдары ғасырлар бойы Құран мен хадистерге мойынсұнып келген. Ислам іліміне орай, хадистерді мойындамайтын адам исламды да мойындамайды деп саналады. Хадистерді білмейтін адам Құранды да дұрыс түсіне алмайды. Өйткені Құрандағы көптеген аяттардың тәпсірі хадистерде баяндалған. “Ахлу-л-Құран” тобының идеялары ислам дінінің қасиетті кітабында белгіленген ережелерге қайшы. Мысалы, Нисо сүресінің 59-аятында “Аллаға құлшылық ет, Расулға құлшылық ет және өздеріңнен болған бастықтарына мойынсұн!” деп атап көрсетіледі. Яки осы сүренің 82-аятында “Кімде-кім Пайғамбарға құлшылық етсе, демек, оның Аллаға құлшылық еткені” делінген. Ал Нашр сүресінің 7-аятында “Пайғамбар сендерге берген нәрсені алындар, ол сендерді қайтарған нәрселерден қайтыңдар!” деген нұсқау беріледі.



Бір замандарда жауынгерлер соғыста өлсе – өлген шығар. Қазіргі соғыста қару көтергеннен гөрі қару көтермегендер көбірек қырылды. Заманалық қарулар окоп пен балалар бақшасының, әуежай мен перзентхананың айырмасына бармайды.

*Утқир
Хашимов.
«Дәптер жиегіндегі сөздер»*





Шынайы тәубе ұзақ мерзімді үдеріс болып табылады, ол тек іс-әрекетпен ғана жарыққа шықпайды.

*Мартин
Лютер Кинг*

Құранилердің адасқан жақтарының тағы бірі – есірткі заттарды пайдалануды және басқа көптеген бұзықтықтарды адал деп бата беруі. Бұндай бата иманның шарттарына мүлде қайшы болып табылады.

Құранилерді әлеуметтік тармақтарда Мұхаммед (ғ.с.) пен оның сахабаларына құрметсіздік танытулары арқылы танып алуға болады. Олар Имам Бұхари, Имам Мүслім және Имам Термизи секілді ұлы мухаддис ғалымдарға да тіл тигізеді. Оларды Құранды жергілікті тілдерде оқуды насихаттағандықтарынан да біліп алуға болады. Қорыта айтқанда, сырты жалтырақ, іші қалтырақ болған бұндай топтар ислам дінінің таза мәнін бұзып, жеткілікті білімі жоқ тайыздау адамдарды жолынан адастыру мақсатында құрылған.

Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты баянды ету үшін әрбір бейбітшіліксүйгіш азамат өзінің айналасында болып жатқан оқиға-құбылыстардан сақ болуы керек. Сен де білім мекемелерінде беріліп жатқан оқу-ағарту сырларын жетік игеру арқылы идеологиялық қатерлерге қарсы тұра аласың, сонда жауыздыққа терең біліммен жауап бере алатын дағды-біліктерің жетіле түседі.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ислам тарихында алғашқы мутаассибтік ағымдардың келіп шығуы қайсы дәуірден басталады?
2. Хорижилердің пайда болуының негізгі себебі неде? Олардың мақсаттары қандай болған?
3. Діни экстремизмнің мәні қоғам үшін қандай қатерлер туғызды?
4. Елімізде экстремизм мен лаңкестікке қарсы қандай саясат жүргізілуде?

§ 12-13

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛАҢКЕСТІК ПЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ОРНЫ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Өзбекстанның лаңкестікке қарсы күрестегі ұлттық стратегиясы.
2. Ауғанстан проблемасын шешу бойынша Өзбекстанның бастамасы.
3. Өзбекстанның Орталық Азияда тұрақтылықты қамтамасыз етудегі орны.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ

Әлемнің кейбір аймақтарында туындаған келеңсіз жағдай халық миграциясының күшеюіне, ал бұл өз кезегінде лаңкестік пен экстремизмнің таралуына және олардың жаһандық проблемалардың біріне айналуына себеп болып отыр.

Сондықтан да мемлекетіміздің тек ішкі саясатында ғана емес, сыртқы саясатында да лаңкестікке қарсы күрес, халқымыздың тыныштығын сақтау және қамтамасыз ету мәселесі әрқашан басты назарда болып келген.

2017 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 72-сессиясында Елбасымыз Шавкат Мирзияев әлемдік қауымдастықтың назарын ғаламшарымыздың ертеңгі күні мен құт-берекесі жас ұрпақтың қандай адам болып жетілуіне, ал біздің не-



Патша боларсың сен – егер сергек болсаң,
Егер сергек болсаң сен – патша боларсың.

Әлішер Науаи



Ислам діні бізді ізгілік пен бейбітшілікке, нағыз адамгершілік қасиеттерді көздің қарашығындай сақтауға шақырады.

Шавкат Мирзияев

ізігі міндетіміз жастардың өз әлеуетін көрсете білуі үшін оларға қолайлы жағдайлар туғызуға, зорлық пен күш көрсету идеясы “вирусының” таралып кетуінің алдын алуға аударды.

Бұны айтудағы негізгі мақсат сол, бүгінгі таңда әлемнің әлдебір бұрышында болып жатқан лаңкестік әрекеттер өзге мемлекеттерді де аттап өтпейді.

Идеологиялық қатерлерді туындатып отырған топтардың негізгі мақсаты – жерасты және жерүсті байлықтары көп мемлекеттерді бытыратып, өздеріне тәуелді ету, сол арқылы олардың байлықтарын иемденіп алу.

Елімізде жүзеге асырылуға тиісті реформаларды, әлеуметтік-экономикалық дамуды өз бойына жинақтаған Іс-қимылдар стратегиясының бесінші үстем бағытында діни бауырмалдықты қамтамасыз ету бойынша ең маңызды міндеттер белгіленген.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі мәтінді оқы. “Жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты” дегенде нені түсіндің? Пікіріңді бейбітшілік, тұрақтылық, даму, ынтымақтастық секілді қағидаттармен сипатта.

«Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру тек аймақтық қана емес, сонымен қатар жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты болып қала береді».

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясындағы баяндамасынан.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Берілген суреттерге мұқият зер сал және төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1) Өзбекстан мемлекеті қандай оқиғалардың алдын алуға әрекет жасап келеді?

2) “Бір күн жанжал шыққан үйден қырық күн береке кетеді” деген мақал негізінде 1-суретте берілген бейнеге түсіндірме жаса.

3) 2-, 3-, 4- суреттерде бейнеленген жағдайларға қарап, лаңкестер мен содырларды ислам дінінің адамгершілік мәнін аңдайтын, түсінетін және оны қолдайтын адамдар деуге бола ма?



ЎЗБЕКСТАНДЫҚ ИСЛАМТАНУШЫЛАРДЫҢ ҮНДЕҮІ

(2016 жыл)

Ей, ИШИМ-шілер!

...

Сендердің кесірлеріңнен Исламды адам өлтірушілер мен жауыздық діні деп ойлайтындар пайда болды!..

Сендердің жауыздықтырыңнан арықтар қанға толды!..

Балалар жетім, әйелдер жесір, қарттар қараусыз болып қалды!..

Сендердің қолдарыңмен Пайғамбарлардың, әулиелердің, ғалымдардың қабірлері ойрандалып, мешіттер тас-талқан болды!..

Сендердің қолдарыңмен мектептер мен медреселер қиратылды!..

Сендердің кесірлеріңнен қаншама зауыттар мен жұмыс орындары жабылып қалды!..

Сендердің залымдықтырыңнан бүкіл әлем мұсылмандарды келе-междеп күлді!..

Сендердің жамандықтырыңнан миллиондаған адамдар білім алудан мақрұм болды!..

Сендердің қолдарыңмен қаншама ауруханалар жабылды, ауру-сырқаулардың, мүгедектер мен шалажансарлардың саны көбейді!..

Сендердің кесірлеріңнен қаншама отбасылар баспанасыз сорлап қалды!..

Сендердің себептеріңнен мұсылмандарға “жауыздар”, “аяусыздар”, “артта қалғандар” секілді таңбалар таңылды!..



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Дін немесе сенім негізінде төзімсіздік пен кемсітушіліктің кез келген көріністерін жою туралы Декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының 1981 жылғы 25 қарашадағы Қарарымен қабылданған. Бұл Декларация заңдық тұрғыдан міндетті болмаса да, бүгінгі таңда оның ережелері халықаралық құқық нормасы болып саналады.

АУҒАНСТАН ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУ БОЙЫНША ӨЗБЕКСТАННЫҢ БАСТАМАСЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясында әлемдік қауымдастықтың назарын Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру аймақтық қана емес, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты екендігіне аударды. Елбасымыз осы баяндама арқылы Ауғанстанда бейбітшілікке қол жеткізудің бірден-бір жолы – орталық үкімет құру және мемлекет ішіндегі негізгі саяси күштер ортасында алдын-ала ешқандай шарт қоймастан, тікелей келіссөз жүргізу екендігін атап көрсетті.

Ол Ауғанстан аумағында қалу және БҰҰ-ның ықтиярына өту мәселесі тек ауғанстандықтардың өздері ғана шешетін мәселе екендігін, олар өз тағдырларын өздері шешуге құқылы екендіктерін айтып өтті.

Елбасымыз Өзбекстан мемлекеті Ауғанстанның экономикалық тіктелуіне, оның көлік және энергетика инфрақұрылымын дамытуға, ұлттық кадрлар даярлауға үлкен үлес қосып келе жатқанын және бұл істер одан кейін де жалғаса беретінін жеткізді. Сонымен қатар Ауғанстан проблемасы жаһандық шеңбердегі мәселелер ортасында болуға тиістігі, халықаралық қауымдастықтың іс-әрекеттері, бірінші кезекте, Ауғанстандағы кезек күттірмес әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталуы керектігі жөніндегі ұсынысын алға қойды.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Аймақтық қақтығыстар Өзбекстанның қауіпсіздігіне қандай қатер төндіруі мүмкін?



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Өзбекстан Еуропа Кеңесі шеңберінде бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойған. Олар: 1977 жылғы лаңкестіктің алдын алу; 1978 жылғы тұлғалардың оқатар қаруларды сатып алуын және олардың сақталуын бақылау; 1983 жылғы зорлықпен жүзеге асырылған қылмыстар нәтижесінде жәбірленгендерге өтемақылар төлеу туралы конвенциялар.

2018 жылы 26-27 наурыз күндері Өзбекстанның бастамасымен Ташкентте “Бейбітшілік үдерісі мен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және аймақтық серіктестік” тақырыбы бойынша халықаралық конференция ұйымдастырылды.

Елбасымыз Шавкат Мирзияев Ауғанстан топырағында 40 жылдан астам уақыт бойы жүріп жатқан қарулы қақтығыстар жөнінде сөз қозғап, “соғыс өртінің” бұл жерге шеттен әкелінгенін және бұл ауған халқының қалау-тілегі еместігін атап өтті. Өзбекстан Президенті халықаралық ұйымдар мен шетелдік саяси күштер араласса да, Ауғанстанда ха-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ



2018 жылдың 11-12 маусым күндері Ташкент қаласында “Лаңкестікке соқтыратын арам пиғылды экстремизм мен радикализмнің алдын алу және оларға қарсы күресте жастардың рөлі” тақырыбы бойынша халықаралық конференция өтті.

Конференцияға БҰҰ, Еуропа Одағы, ИХЫҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Испания, Нидерландия, Латвия, Пакистан, Ресей, Сауд Арабиясы, Тәжікстан, Қытай, Үндістан, Жапония, Малайзия, Кувейт, Қазақстан, Қырғызстан, Ауғанстан рәуіштес мемлекеттердің делегациялары, шетелдік сарапшылар, сенаторлар, депутаттар, Өзбекстан Жастар одағының белсенділері, ғылым қайраткерлері қатысты.

лықаралық лаңкестік топтар санының әлі де көбейіп бара жатқанын, зорлық-зомбылық пен қан төгулерге, есірткі бизнесіне әлі шек қойылмағанын, бұлардың барлығы да – бұл мемлекеттегі жағдайға әлем жұртшылығының назары әлі толық аударыла қоймағандығынан екенін баса айтты.

Конференцияға қатысушылар жиын қорытындысы бойынша Ташкент декларациясына қол қойды. Бұл құжатта аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ынтымақтастық байланыстарды ұлғайту, тату көршілік қарым-қатынастарды одан әрі нығайту сынды ізгі мақсаттар көзделген.



Жауласу –
оңай, жарасу –
қиын.

Халық мақалы



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1. Әрбір адам пікір жүргізу, ождан және дін бостандығына құқылы. Бұл құқық өз таңдауына орай дінге немесе сенімге ие болу немесе қабылдау, сондай-ақ жеке өзі немесе өзгелермен бірігіп, жариялы түрде яки жеке өзі ғибадаттарды, діни және басқа рәсім-жоралғыларды орындау бостандығын да қамтиды.
2. Ешкім өз ықтиярымен өз дініне яки сеніміне ие болу немесе оларды қабылдау бостандығын кемсітетін мәжбүрлеуге душар болмауға тиіс.
3. Дінге яки сенімге ие болу бостандығы заңда белгіленген және өзге тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін қажет деңгейде болғанындай, қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен ақылақты сақтау үшін ғана шектеледі.
4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер өз мойындарына ата-аналардың, қажет жағдайларда заңды қамқоршыларының, балаларын өз сенімдеріне орай діни және ақылақтық рухта тәрбиелеу бостандығын құрметтеу міндеттемесін қабылдайды».

*Азаматтық және саяси бостандықтар
туралы халықаралық Пакт, 18-бап*



Әрбір істе ашықауыз болма, ашықауыздардың істері ешқашан көңілдегідей болмайды.

**Юсуф Хас
Хажиб**

Ташкент конференциясының 20-дан астам мемлекет және Еуропа Одағы мен БҰҰ қол қойған 24 баптан тұратын декларациясына: аймақтық экономикалық ынтымақтастық Ауғанстанда және бүкіл аймақта бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды орын иелейтінін атап көрсету; Ауғанстан үкіметі мен “Талибанды” саяси келіссөздерді бастауға, барлық мемлекеттерді Ауғанстанның ішкі істеріне араласпауға шақыру; БҰҰ-ның Жаһандық антитеррорлық стратегиясы мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің резолюцияларына сәйкес лаңкестікті жою бойынша аймақтық және халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өту секілді көкейкесті мәселелер енгізілді.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2017 жылғы 13 қарашадағы “Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі құзырында Ауғанстан азаматтарын оқыту білім орталығының қызметін ұйымдастыру туралы” №911 қаулысы қабылданды. Қаулыға сәйкес Сұрхандария облысының Терміз ауданында Ауғанстан азаматтарын оқыту білім орталығы ұйымдастырылды. Орталықта Ауғанстан жағының тапсырыстарына орай гуманитарлық, педагогикалық және инженерлік-техникалық білім бағыттары бойынша кадрлар даярланады.



*Сұрхандария облысының
Терміз ауданындағы Ауғанстан
азаматтарын оқыту білім
орталығы*

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ОРНЫ

2001 жылы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк және Вашингтон қалаларында жүзеге асырылған лаңкестік әрекеттерден кейін ғана халықаралық қауымдастық өз назарын Ауғанстанға аударып бастады, ол жерден бүкіл әлемге таралып жатқан лаңкестік, содырлық және есірткіқұмарлық секілді дерттердің зардап-салдарын түсінді.

2012 жылы еліміз өзінің сыртқы саяси қызметінің концепциясын жариялады. Онда аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оның тұрақтылығына қауіп төндіріп жатқан халықаралық лаңкестік, есірткі саудасы, содырлық тәрізді қатерлердің кез келген көрінісіне қарсы өзінің қатаң ұстанымын білдірді. Концепцияда әлемдегі халықаралық қарым-қатынастардың бүгінгі жағдайына, әлемдік аренада бақыланып отырған трендтер мен түбірлі өзгерістерге кең ауқымды сипаттама берілген.

Концепцияда Орталық Азияның проблемалары сыртқы күштердің араласуынсыз, аймақтағы мемлекеттердің өздері тарапынан шешілуге тиістігі айтылған. Онда біздің мемлекетіміздің нақ жанындағы және әлемнің басқа бөліктерінде орын алған қақтығыстарға да назар аударылған.

Өзбекстан үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен Ауғанстанда оппозициялық топ ұйымдастырып, өзара күрес жүргізіп жатқан күштер ортасында ымыраға келу және коалициялық ауған үкіметін қалыптастыру қажеттігін алға тартты.

Сонымен қатар Өзбекстанның көршілес Ауғанстан бойынша ұстанған позициясы анық та айқын белгіленді.

Өзбекстан Республикасы халықаралық қарым-қатынастарда өзара тең құқықтылық қағидатына мойынсұнатынын және өзінің сыртқы саясатында халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидатта-



Еркіндік және бос уақыт... Осы екі нәрсеге мен соншалықты толыққанды иелік жасаймын және оны сол дәрежеде қадірлеймін, бұндай жеңілдік пен бақытты сатып алуға әлемдегі ең бай патшаның да құдіреті жетпейді.

Рене Декарт

ры мен нормаларына адал болатынын жариялаган. Жоғарыдағылардан көрініп тұрғанындай, біздің еліміздің халықаралық аренада жүргізіп отырған сыртқы саясаты бейбітшілік пен ынтымақтастық себепшарттарына негізделген.

Өзбекстанның аймақтағы және әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы іс-әрекеттері, географиялық орналасуы мен идеологиясынан тыс, барлық мемлекеттермен ашық, достық қарым-қатынастар орнатқандығы оның жалпақ әлемге жедел танылуын қамтамасыз етті.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ауғанстан проблемасын шешу бойынша Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясында қандай бастама көтерді?
2. www.president.uz сайтынан Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясында жасаған баяндамасын тауып, оқы. Баяндамада әлемдегі лаңкестік қатерлерді туындатып отырған негізгі себептермен күресу мәселесінде қандай ұсыныстар берілгенін анықта және өз көзқарасыңды білдір. Аталмыш міндеттерді орындау жолында елімізде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет бер.
3. Елбасымыз “...зорлық-зомбылық идеясы “вирусы” таралуының алдын алу” мәселесі бойынша қандай ұсыныстарды алға қойды?
4. Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтің 2017 жылғы 11 қарашада Самарқанд қаласында өткен “Орталық Азия: бірыңғай тарих пен ортақ келешек, тұрақты даму мен прогресс жолындағы ынтымақтастық” тақырыбындағы халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі мен онда көтерілген мәселелерді БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясында көтерген бастамасының орындалуы ретінде бағалауға бола ма? Пікіріңді баяндамадан алынған дәйектемелермен негізде.

§ 14-15 ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАРИҚАТШЫЛЫҚ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. ХХ-ХХІ ғасырлардағы тасаввуф ілімі.
2. Адасқан сопылық топтарға тән ерекшеліктер.
3. Тасаввуф пен тариқатшылық арасындағы айырмашылық.

ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАСАВВУФ ІЛІМІ

Мұсылман әлемінің дерлік барша мемлекеттерінде сан түрлі тасаввуф (сопылық) тариқаттарының өкілдері қызмет жүргізіп жатқанын жақсы білеміз.

Пакистан мен Үндістан аумақтарында тараған тариқаттардың салт-дәстүрлерінде йога, буддизм, индуизм және ежелгі үнді философиясының ықпалы бар. Барлавия, Мехмандия және басқа бірқатар тариқаттарда ежелгі үнді философиясындағы “таносух” (рухтың ауысып жүруі) идеясы кең орын алған. Олар намаз яки зікір кезінде төр жақтағы бір орынды бос қалдырады және оған Мұхаммед пайғамбардың рухы келіп орналасады деп санайды. Ал мешіттердің құбыла жағында өз тариқаттарының негізін қалаушының немесе пірдің қабірі орналасқан, намаздан бұрын және кейін оны тәу етеді. Бұндай жағдайлар ислам діні іліміне тура келмейді.

Қазіргі кезде әлемдегі көптеген мемлекеттерде, Америка Құрама Штаттарынан бастап Аустралия архипелагына дейінгі аумақта Баһауддин Нақшбанд пен Нақшбандия тариқатын барша біледі және құрметтейді. Неге бұлай? Өйткені Баһауддин Нақшбанд, ең алдымен, ислам діні нормаларын қатаң ұстанған



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Бүгінгі таңда әлемдегі көптеген мемлекеттерде Баһауддин Нақшбанд (1318-1389) және ол негізін қалаған нақшбандия тариқаты үлкен беделге ие болып отыр.



«Ей, Пәруэрдигерім, ей, Жаратқаным, егер жаннаттыңнан үміттеніп тәуеп ететін болсам, жаннаттыңнан бей-нәсіп ет, егер дозағыңнан қорқып ғибадат ететін болсам, мені дозақ отына күйдір – мың сан рет ризамын! Бірақ мен Сенің жамалыңды көрем деп түндерді кірпік қақпай өткізсем, жалынамын, мені жамалыңнан мақрұм етпе!»»

Рәбия Адавия

және олардың бұзылуына жол бермеген. Екіншіден, ол нағыз адамдық идеялар мен қасиеттерді алға қойған, қоғамның түрлі өкілдері ортасында футуваттың, яғни жомарттық арқауларының пайда болуына ықпал жасаған. Осының нәтижесінде адамдар бір-біріне материалдық және рухани жәрдем бере бастаған, өмірдегі сан түрлі қиыншылықтарды ынтымақтастықпен жеңіп, қуаныш-шаттықтарын бірге бөліскен.

Бұлардың барлығы да қоғамда Баһауддин Накшбанд орнатпақшы болған туысқандық пен бірліктің нағыз өзі болатын. Оның “Көңілің – Аллада, қолың – еңбекте болсын” деген ұраны қолөнершілер мен диқандардың санасында дінге, діндар және тариқатшы сопыларға деген құрмет пен ұнамды қарым-қатынасты оятқан. Ал бұл өз кезегінде адамдардың тұрмыс салтының жақсаруына да қызмет еткен.

АДАСҚАН СОПЫЛЫҚ ТОПТАРҒА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Ислам тарихының барлық кезеңдерінде тасаввуфты (сопылықты) тар мағынада түсінетін топтар мен тұлғалар болған. Олар назарды негізінен со-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Рәбия Адавия (713/714-801) – Басра захидтерінің танымал өкілі. Балалық шағында күндікке сатылған. Бергін келе азаттыққа шыққан. Бірнеше жыл бойы шөл далада жалғыз өмір сүрген. Ол Алланы сүюден басқа барлық нәрселерден бас тартуды жақтаған. Алладан ешқандай мүддені көздемей, оны жан-тәнімен сүю – адамның рухани өмірінің мәні екендігін захидтер арасынан бірінші болып атап көрсеткен. Рәбия Адавия ислам әлемінде “әулие” ретінде ұлықталады.

пылықтың сыртқы көріністеріне бағыттаған. Бұндайлар қазіргі күндерде де бар.

Бұндай топтар үшін сопыға не бұл дүниеден, не ол дүниеден дәмелену идеясы барлығының мәні бұзылып, түрлі рәсімпаздық, сауыққұмарлық, “мүрит аулау” (тырнақша ішіндегі “мүрит аулау”) түрлі діни мерекелерде өздерінің ерекше тұлға екендіктерін көрсетіп, абырой-байлық арттыру мақсат болып қалған. Бұндай топтар тасаввуфтың кемел адам жетілдіру жөніндегі идеясын назардан тыс қалдырып қойған.

Сол себепті тасаввуфтанушы ғалымдардан бұндай топтарды классикалық тасаввуф өкілдерінен айыра білу, оларды басқа да сан қилы ағымдардан бөліп көрсету мақсатында “тариқатшылар” термині айналымға енгізілді. Олардың түпкі мақсаттары ашып көрсетілді және дін ғұламаларының сынына ілікті.

ТАСАВВУФ ПЕН ТАРИҚАТШЫЛЫҚТЫҢ АЙЫРМАСЫ

Тариқатшылықты жақтаушылар дүниелік білімдер адам өмірінде шарт емес, әсіресе, қыз балалардың білім алуларына бөгет болу керек деген тыйымдарды ойлап тапқан. Ғасырымыздың бас кезінде республикамыздың түрлі аймақтарында қызмет жүргізген тариқатшылар арасында бірқатар дәстүрлі емес амалдар да байқалған:

- тәжуид (түнгі) намазын оқуды парыз (немесе уәжіп) деп тану;
- пірге қол бергендердің бұрынғы күнәлары кешіріледі, қаза болған (оқылмаған) намаздары мойнына жүк болмайды деп түсіну;
- тариқатшылардан басқа адамдардың той-мерекелеріне бармау;
- пірдің қолы тиген суды тәбәрік деп біліп, тұтынуға пайдалану;



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Тариқатшылар дегенде негізгі назарды сопылықтың тек сыртқы жағына аударып, оның басты ерекшеліктерін білмей тұрып, пірге шектен тыс, тіпті шариғат деңгейінен шығып “қызмет көрсетуді” өмірдегі ең басты мақсат деп санайтын адамдар немесе қауымдар, топтар түсініледі.



Шамға ұқсағын, өзгелердің барлығына жарық нұрынды бағышта да, өзің қараңғыда бол.

***Баһауддин
Нақшбанд***

- пірдің үйі жағына қарай аяқ созуды құбылаға аяқ қоюмен пара-пар деп білу;
- сақалсыз және жасанды тістер салдырған имам-хатибтер мен наибтерге мойынсұнбау;
- теледидар көрмеу, радио тыңдамау және тағы басқа сол сияқтылар.

Аталмыш топтардың бұндай дәстүрлі емес амалдары ислам діні іліміне және дәстүрлеріне мүлде қайшы келеді. Сондықтан да бүгінде өздерін тариқатшылармыз деп санайтындар ең алдымен дәстүрлі тариқат негіздерін дөрекі түрде бұзғандықтары, сондай-ақ шарифат нұсқауларына да мойынсұнбай жүргендіктері айқын болуда. Атап айтсақ, пірдің қолы тиген суды тәбәрік деп санау амалын алып қарайық. Біріншіден, адам жуынғанда суға оның беті-қолдарынан алуан түрлі зиянды микробтар түседі. Оны ішу ауыр сырқаттарға шалдықтыруы мүмкін ғой. Екіншіден, Имам Ағзам түсіндірмесінде бұл су нәжіспен араласқан болып саналады. Факих ғалымдары оны ішуге тыйым салған.

Сопылық (тасаввуф) дегенде отбасын, тіршілікті, жауапкершілікті ұмытып, бұл дүниенің қызықтарын тәрк етіп кету түсінілмейді.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Біз үшін Бұхарадан өте алыста болған Лондонда өмір сүріп, адамның кемелдігі мен рухани тәрбиенің теңдесі жоқ қайнары болған Нақшбандия іліміне мойынсұну өте-мөте маңызды. Өзбекстандағы жеті пірдің қадам басқан жерлерін зиярат ету, Ғыждуани мен Нақшбанд хазіреттердің туылған даталарына арналған халықаралық конференцияларға қатысуды армандаймын. Бұл топырақ әлемге рухани тәрбие ұстаздарын тарту еткен мекен ретінде әрқашан қадірлі болып қала береді.

Британия. Шейх Зимер Салихи. 2018 жыл.

Кейбір адамдар тариқатқа кіргендігін міндетсініп, сыртқы көріністері мен рәсім-мерекелерге үлкен мән береді, бірақ жанұяларын, перзенттері алдындағы міндеттемелерін ұмытып жібереді. Олар өздерінше Аллаға тәуекел етіп, жанұясын қамтамасыз етуден бас тартады, пірге қызмет етуді жанұя алдындағы уәжіп жауапкершіліктен жоғары қояды.

Осындай жолдар арқылы сопылықтың түпкі мәнін түсінбеген және оның шындығынан бейхабар адамдар шынайы тариқатшылар қауымына да, сопылық ілімнің атына да дақ түсіріп келеді.

Тариқатшылар қызметі себепті әлеуметтік келіспеушіліктерге себеп болған жағдайлар туралы пікір өрбіткенде, төмендегідей көріністерді де назардан тыс қалдыруға болмайтынын айту керек сияқты. Тариқатшылар арасында:

- тариқатта болмағандарға төмен назармен қарау;
- білім иелеуге деген ынталандырудың төмендеуі
- “көптеген әулиелер оқимаса да үлкен мәртебелерге қол жеткізген ғой” деген оймен жұмыс істеу;
- жанұялы тариқатшылар пірден тапсырма алғандығын желеу етіп, жанұясын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуден бас тартуы;



Сендердің жақсыларың – дүниенің ісі деп ақыретті, ал ақыретті деп дүниені тәрк етпейтін және адамдарға ауыртпалығын түсірмейтіндер болып табылады.

Хадис



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Тариқатшылардың қызметі ислам діні іліміне тура келе ме?
2. Пікіріңді түсіндіргеніңде төменде берілген мәтінді пайдалан.

«Адамдарға (бұртиып) бетіңді бүрістірме және жерге керіліп жатпа. Өйткені Алла барлық теріс ойлы, мақтанишақ адамсымақтарды сүймейді».

Құрани кәрім, Луқман сүресі, 18-аят.



Пайдасыз сөзді көп айтпа, ал пайдалы сөзді көп тындаудан қайтпа.

Әлішер Науаи

– заманалық дамудың жетістіктеріне кері көзқараста болу, заманға сай киініп жүргендерге қабағының астынан қарап, жаман ойларға берілу және т.б. жағдайлар байқалады.

Шариғат талаптарының тариқатшылар тарапынан теріс насихатталуы, дәстүрлі ислам қағидаттарына қайшы келетін ережелердің қабылдануы адамдар арасында наразылықтардың туындауына себеп болуда.

Бұдан тыс кейбір тариқатшылар сопылық медицина, сопылық гимнастика, сопылық шайқас өнері секілді орталықтар ашып, сол арқылы адамдардың назарын өздеріне аудару әдіс-амалдарын да пайдаланып келеді. Бұндай тариқатшылар ислам негіздерін бұрмалап түсіндіру, әр түрлі басқа діндердің ілімдері мен істерін сопылыққа тән деп насихаттау арқылы ислам дініне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі жат идеялардың мұсылмандар арасына таралуына, олардың діни нанымдарының бұзылуына, таза идеяларға дақ түсуіне себеп болып келеді. “Та-



ТАРИХҚА НАЗАР

Баһауддин Нақшбанд (1318-1389) – нақшбандия тариқатының ұлы қайраткері. Ел арасында Баһауддин Балогардан, Қожаи Бузрук, Шаһи Нақшбанд аттарымен әйгілі. Бұхарадағы Қасри Хиндуан қыстағында туылған. Баһауддин Нақшбанд өз өмірі барысында Бабаи Самоси, Әмір Кулол, Мәулене Ариф, Халил ата, Қусам Шайх секілді ұстаздардан дәріс алған. Ол екі рет қажылық сапарға барған. Батысқа тән өмір сүрген, тек адал еңбегімен диқаншылық етіп ризығын тапқан, кейінірек мыстан жасалған және басқа заттарға нақыш-өрнек салып күнелткен. Оның тариқатының негізін Абдухалық Ғыждуани қалаған. “Қожахан” бөлімінің сегіз баптан тұратын ережесіне өзінің үш ережесін (талабын) қосып, оны айтарлықтай жетілдірген. Осылайша сопылық ілім нақшбандия тариқатында бұрынғысынан анағұрлым жетілдірілді.

рикатшылардың” басым көпшілігі өз топтарының мүшелерін пірлеріне қол бермеген басқа қарапайым мұсылмандардан жоғары қойып, “пірі жоқтың – діні жоқ” деген жат идеяларды таратуға ұмтылады.

Ал тасаввуф, яғни суфизм бұндай кереғар пікірлерге әрқашан қарсы болған. Сопылық адамдар арасында теңдікті, туыскандықты, әлеуметтік әділеттілік пен қоғамға мүдделі еңбек қызметімен айналысуды насихаттап келген. Мысалы, Баһауддин Нақшбандидің “Дил ба Ёру даст ба кор” даналығы өз мазмұнын ешқашан жоғалтпаған.

Сопылық көзқарастардың біртұтас ілім ретінде ислам өлкелеріне кең тарауы адамдар өмірінде маңызды болмысқа айналған.

Классикалық суфизмге тән әдемі мінез-құлық пен жоғары рухани қасиеттерді қалыптастыру, кемел адам, нәпсі тәрбиесі, отаншылдық секілді идеялар халқымыздың сан ғасырлар бойы жетіліп келген рухани байлықтарын құрайды. Бүгінгі таңда қалыптасқан жағдайда да сопылық ілімнің осынау ерекшеліктерін атап көрсету адамдарды сан түрлі негізсіз идеялар мен уағыздарға адасып кіріп қалуының алдын алуда маңызды рөл атқарады.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Орталық Азиядағы сопылық пен тариқатшылық арасындағы сәйкессіздік нақ сол үлкен ғылыми мұра мен дәстүрліліктен алыстап кетудің нәтижесі болып табылады.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тасаввуфтың, яғни сопылық ілімнің мән-мағынасын бұзып түсіндіру қандай салдарларға соқтырады?
2. Тариқатшылықтың сопылықтан қандай айырмашылығы бар?
3. Тариқатшылықтың қандай белгілерін біліп алдың?
4. Тариқатшылар жағынан қандай орынсыз жағдайлар байқалады?

§ 16-17

XX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Діннің мәдени өмірдегі орны.
2. Ислам өркениет орталықтарының құрылуы.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Мәдениеттің біртұтас жүйесінен екі үлкен сала бөлініп шығады. Бұлар – өздерінің мән-мазмұндарына орай материалдық және рухани байлықтар болып табылады.

ДІННІҢ МӘДЕНИ ӨМІРДЕГІ ОРНЫ

Мәдениет адам мен қоғамның өмірінде аса маңызды орын иелейді. Мәдениет адамзатқа бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуды, өзгелерді құрметтеуді, жер бетінде бейбіт қатар және тату өмір сүруді үйретеді. Дін өзіне табынушылардың әлеуметтік, этникалық және рухани өміріне үлкен ықпал жасайды. Ал бұл әлем халықтарының мәдениеті, әдебиеті, өнері рәуіштес салаларына кіріп бару арқылы жүзеге асады.

Діннің мәдениетті насихаттайтын функциясы бұрындары мәдениеттің белгілі бір қабаттарына — жазу, кітап басу, өнердің жалпы дамуына көмектескен болса, бүгінгі таңда кейбір мәдени феномендерді ғана ынталандырып, кейбіреулерін мүлде қабылдамайды, сонымен қатар діни мәдениет құндылықтарын сақтау мен көбейту, ғылыми-рухани мұраны ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отыру міндеттерін орындайды.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Діни мәдениет – адам жанының қорегі. Адамзат өзінің даму кезеңдерінде сан түрлі діндерге табынып келген. Ғайыптық күштер арқылы табиғаттан көмек сұраған. Әлемде кең тараған діндер үшеу: буддизм, христиандық және ислам.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. XX-XXI ғасырларда салынған мына ғибадатханалардың сәулеткерлігіне назар аудар және діннің мәдениет пен жалпы дамуға ықпалы туралы мәлімет бер.
2. Дін өзіне табынушылардың рухани өміріне, әлеуметтік тұрмыс салтына кіріп баратыны жөнінде мәлімет бер.
3. Пікірлеріңді діннің мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту, ғылыми-рухани мұраны ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру тақылеттес міндеттерімен байланыстыра отырып түсіндір.



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ АСТАНАЛАРЫ

2005 жылдан бастап Ислам Ұнтымақтастық Ұйымының (ИЫҰ) құзырындағы Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Халықаралық Ислам Ұйымы (АЙСЕСКО) жыл сайын осы ұйымға мүше Азия, Африка және араб мемлекеттерінің қалаларын “Ислам мәдениетінің астанасы” деп жариялап келеді. АЙСЕСКО-ның мұсылман әлеміндегі белгілі бір қалаларды ислам мәдениетінің астанасы деп жариялауы мұсылман мемлекеттері ортасындағы мәдени байланыстарды өркендету, ислам мәдениетіне қатысты ғылыми-ағарту, тарихи-сәулеткерлік мұраларды зерттеу, қалпына келтіру және насихат-

МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Мекке қаласындағы “Масжиди Харом”, Мәдине қаласындағы “Масжидун Набавий” және Құддыстағы “Масжидул Ақсо” ислам әлеміндегі бас мешіттер болып саналады.

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ АСТАНАЛАРЫ



Халаб



Алматы



Бішкек



Фес

тау, дінаралық және өркениетаралық диалогты күшейту, түрлі мемлекеттердің бұл саладағы іс-әрекеттерін қолдау, сондай-ақ ынталандыру мақсатын көздейді.

АЙСЕЕСКО тарапынан қалалардың Ислам мәдениетінің астанасы деп жариялануында төмендегідей талаптар сақталуға тиіс:

- ежелгі ислам жәдігерліктері және сәулет ескерткіштерінің болуы;
- ислам мәдениетіне үлес қосатын ғылыми, мәдени шығармалардың болуы;
- ғылыми-зерттеу орталықтары, қолжазбалар орталықтары және археология орталықтарының болуы;
- мәдени мекемелер өткізген фестивальдар, мәдени шаралар, кітаптар, суреттер, тәжірибе жұмыстары және баспа істері;
- қала тарихы жөнінде жоғарыдағы талаптар негізінде жиналған мәліметтердің бар екендігі.

АЙСЕЕСКО тарапынан 2005 жылы Мекке-Мүкәррама ислам мәдениетінің астанасы болып жарияланса, 2018 жылға дейін 43 мемлекет Ислам мәдениетінің астанасы мәртебесіне ие болды. Бұлардың арасында Исфahan (Иран), Халаб (Сирия), Тимбукту (Мали), Ташкент (Өзбекстан), Триполи (Ливия), Фес (Марокко), Дакар (Сенегал), Алматы Қазақстан), Душанбе (Тәжікстан), Бішкек (Қырғызстан), Ғазна (Ауғанстан) тәрізді қалалар да бар.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Мұсылмандардың ғылым жолын қалап жасаған іс-әрекеттері арқасында әлемде ең алғашқы толыққанды университеттердің негізі қаланды.

Тунистегі “Зайтуна” 732 жылы, Бағдаттағы “Байт ул-хикма” 829 жылы, Фестегі (Марокко) “Қаровиюн” 859 жылы, Каирдегі “Әл-Азхар” 970 жылы, Хорезмдегі “Маъмун академиясы” 1004 жылы ұйымдастырылған. Мұсылман әлеміндегі осынау білім ордаларының дені мың жылдан астам уақыттан бері қызмет көрсетіп келеді.

ӘЛЕМДЕГІ АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕР



Зайтуна университеті



Қаровиюн университеті



Әл-Азхар университеті



Байт-ул Хикма университеті



Маъмун академиясы



ТАРИХҚА НАЗАР

1173 жылы қайтыс болған Тотбалий (Тудельский) Искандарияда (Александрия) 20 медресе болғандығы, Бағдат, Каир, Кордова және басқа соған ұқсас ірі қалаларда зертхана, обсерваториялар құрылғандығы және ғылыми зерттеулерге пайдаланылатын барлық жағдайлар жасалғандығы, кітап қоры бай кітапханалары бар “жомье”- университеттер де ірге көтергендігі жөнінде құнды мәліметтер берген.

ТАШКЕНТ – ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ АСТАНАСЫ

Ташкент ежелден-ақ ғылым мен білімнің, мәдениеттің орталығы болып келген. Орта ғасырларда осы аумақта ғылымның түрлі салалары бойынша қызмет жүргізген 100-ден артық ғалымның есімдері анықталған. Атап айтатын болсақ, “Хазірет Имам” деп дәріптелген Әбу Бәкір Ғафғол Шаши (904-976), сенімді мухаддис ретінде танылған Әбу Саид Хайсам ибн Кулаб Шаши (947 ж. қайтыс болған) және “Фахрул-ислам”, “Әл-Имам әл-Кабир” деген аттарға ие болған Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ахмад Шаши (1038-1114) сынды ғалымдардың есімдерін құрметпен тілге алуға болады.

Замандастары “Хазірет Имам” деп атаған мына ұлы кісінің толық есімі – Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әли ибн Исмайыл Ғафғол Шаши. Араб дерек-көздерінде айрықша құрмет білдіру үшін “үлкен”, “ұлы” мағынасын білдіретін “Кабир” сөзі оның есіміне қосып айтылған.

Имам Ғафғол Шашидің есімімен атағы шыққан Хастимам махалласы өз заманында Ташкенттің діни, ғылыми, рухани және ағартушылық орталығы ретінде танылған. Бір өкініштісі, кеңестік саясатқа байланысты бабалары-



Минор мешіті



Хазірет Имам (Хастимам) кешені



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Тарих пәнінен алған білімдерің негізінде ислам мәдениеті астанасы атағын алған қалалардың тарихы туралы мәлімет бер. Бұнда АЙСЕСКО тарапынан қалалардың Ислам мәдениетінің астанасы деп жариялануына байланысты талаптарды пайдалан.

мыздың қасиетті мекен-жайлары мен қызмет орындары атеистік көзқарас тұрғысынан назардан тыс қалып қойды.

Тәуелсіздік жылдарында ғылыми-рухани, діни-ағарту әдебиеттердің жарық көруіне кең мүмкіндіктер ашылды. Ташкентте Құрани кәрім мен хадиси шәріптер, сонымен қатар ислам рухани мұрасына еселі үлес қосқан ғұламалар шығармаларының өзбек тіліндегі басылымдары оқырмандарға жол алды. Бүгінгі таңда астанамыздың ең көне жеріне орын тепкен Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің жанындағы Ғафғол Шаши – Хазірет Имам кесенесі жылдан-жылға көріктеніп, Ескі шаһардың пайызына-пайыз қосып тұрған тарихи орындардың бірі болып саналады.

Жоғарыда тілге алынған ислам діні мен мәдениетінің түрлі қырларына тікелей қатысы бар осынау данғайыр істер асқан ыждағаттылықпен және көрегендікпен жүргізіліп жатқан дана да халықшыл саясаттың нәтижесі болып табылады.

Еліміздің орталығы – Ташкент қаласы Ислам мәдениетінің астанасы болып жариялануы осынау саясаттың әлемдік тұрғыдан танылуының, былайша айтқанда, мемлекетімізде ислам мәдениеті мен құндылықтарын тіктеу мен дамыту бойынша Елбасымыз Шавкат Мирзияевтің жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан сындарлы саясаттың жарқын көрінісі болып отыр.



Ташкенттегі Имам Термизи мешіті



Барақхан медресесі



Қожа Ахрор Вали мешіті



Біздің тәжірибеміз көрсетіп отырғанындай, бірінші кезекте жастарды білім мен ағартуға баулу, оларға ислам дінінің адамгершілік сипатын, ислам мәдениетінің түпкі құндылықтарын дарыту экстремизмге қарсы күрестің ең тиімді құралы болып саналады.

Бұл салада біз Самарқантта Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу орталығын және Ташкентте Ислам өркениеті орталығын құруға шешім қабылдадық.

Шавкат Мирзияев

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Өзбекстандағы Ислам өркениеті орталығы қызметінің негізгі мақсаты – ислам дінімен байланысты бай әрі құнды мұраны ғылыми негізде жан-жақты, терең үйрену, елімізден жетіліп шыққан ұлы ғұламалар мен ойшылдардың өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметі туралы біртұтас танымды қалыптастыру, олармен халқымызды және әлемдік қауымдастықты кеңінен таныстыру, халықаралық шеңберде дінаралық және өркениетаралық диалог орнатып, ислам дінінің адамгершілік сипатын айқындау, жауыздыққа қарсы ағарту жолымен күресу, жас ұрпақты гуманистік идеялар және ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеу сияқтылардан тұрады.

Орталықтың негізгі міндеттері мыналар:

- еліміз сан ғасырлар бойы әлемдік өркениеттің ажыралмас бөлігі, ислам мәдениеті орталықтарының бірі болып келгенін паш ететін ғылыми-тарихи концепцияны дайындау және жүзеге асыру;
- орталық құрамындағы кітапхана мен мұрағатты, қолжазбалар қорларын бүгінгі Өзбекстан топырағынан жетіліп шыққан ұлы ғұламалар мен ойшылдар, әулие-әнбиелер, олар негізін қалаған ұлттық және діни мектептерге орай елімізде және шет елдерде сақталып жатқан ежелгі қолжазбалар мен тасқа басылған кітаптар, тарихи деректер мен құжаттар, археологиялық қазбалар, осы бағыттағы заманалық ғылыми-зерттеу жұмыстары, кітаптар мен жинақтар, бейне және фотоқұжаттар есебінен қалыптастыру;
- орталық құрамындағы мұражай экспозициясының тақырып бағыттарын терең ойланған, ұлттық тұрғыдан негізделген анық жоспар бойынша

қалыптастыру және оны ең заманалық ақпарат-коммуникация технологиялары негізінде көрсету;

- ислам дінінің дамуына елеулі үлес қосқан ұлы отандастарымыз: Имам Бұхари, Имам Термизи, Хакім Термизи, Әбу Мансұр Мотуриди, Әбу Муин Насафи, Ғаффол Шаши, Абдулхалық Ғыждуани, Нажмиддин Кубро, Бұрханиддин Марғинони, Баһауддин Нақшбанд және Қожа Ахрор Вали тақылеттес ғұламалардың құнды мұраларын ғылыми негізде терең зерттеу, олардың ғылыми-рухани ерліктерін, ұлы адамгершілік қасиеттерін кең насихаттау;

- дүние жүзілік ғылым мен білімнің тарихында өшпес ізін қалдырған Мұхаммед Хорезми, Ахмад Ферғани, Әбу Насыр Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Махмуд Замахшари, Мырза Ұлықбек, Әли Құсшы рәуішті ғалымдар мен ойшылдар мұраларының тарихи және заманалық өркениеттің дамуындағы орны мен маңызын, Әлішер Науаи, Захириддин Мұхаммед Бабыр, Камолиддин Бехзод, Махмуд Музаххиб сынды классикалық әдебиет пен өнер өкілдері шығармашылығының адамгершілік маңызын терең айқындап беру;

- ислам діні адамдарды, барлық ұлттар мен халықтарды әрқашан нұрлы өмірге, ізгілікке, өзара



Адамдардың ержүректісі келешектегі істерден сескенбейді. Кәметке жетуден шеттеген адам – адамдардың ішіндегі ең қорқағы.

**Әбу Әли
ибн Сина**



«Еуропаның барлық салалардағы дамуында Ислам мәдениетінің қызметі өлшеусіз болды және Еуропаның дамуына үлкен ықпалын тигізген ұтымды шығармалары бар... Еуропаға өмір бағыштаған тек табиғат өнімдері ғана емес, сонымен қатар Ислам мәдениеті Еуропаға алғашқы сәулесін жібергеннен-ақ өзінің ықпалын жан-жақты жүргізе алған болатын».

**Роберт Бриффолт, “Адамзаттың жаралуы”
 (“The Making of Humanity”) атты кітабынан.**





Біз ғалымдардан ислам діні мен мәдениетін үйрендік. Бұл ілімдер ислам өркениетінің негізін құрайды. Самарқант, Бұхара, Ташкент – ұлы тұлғалар елі. Олар бар күшін ғылым алу мен таратуға сарп еткен... Олар пайдалы және мүдделі ілімді ықыласпен таратты...

АЙСЕСКО бас директоры Абдулазиз бин Усман ат-Тувайжири

достық пен адамгершілікке шақыратынын түсіндіруге, оның түпкі, гуманистік мазмұнын терең талдауға бағытталған ғылыми зерттеулер, дүние жүзі халықтарын ортақ мақсат жолында – жауыздыққа қарсы білім арқылы күресу жолында бірігуге шақыратын түрлі жиындар, ағарту шараларын жүзеге асыру;

- Өзбекстанның ежелгі тарихы мен мәдениеті, мемлекеттілік дәстүрлері, халқымыздың өмір салты мен дүниетанымы ислам өркениетімен тығыз байланысты түрде қалыптасып, дамығанын Самарқант, Бұхара, Хиуа, Ташкент, Кеш, Насаф, Терміз, Әндіжан, Марғылан, Кермене, Қоқан сынды ежелгі қалалардың, ұлы ғұламалар мен әулие-әнбиелер құрметіне орнатылған ескерткіш кешендердің, қасиетті зиярат орындарының макет-жобалары, ұлы бейнелер, құнды қолжазбалар мен баспа өнімдері, материалдық және материалдық емес мұралар, атап айтқанда, “Шашмақом” үлгілері секілді бағалы экспонаттар арқылы бейнелеу, осы бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелері негізінде энциклопедиялар, каталогтар мен альбомдар, ғылыми-көпшілік жинақтар, телекөрсетілімдер, фильмдер және басқа материалдар дайындау;

- Орталықта жергілікті және шет елдік мамандарды кеңінен қатыстыра отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолға алу және олардың нәтижелерінен еліміз бен әлем жұртшылығын хабардар етіп тұру;

МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ



Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Өзбекстандағы Ислам өркениеті орталығы Елбасымыздың 2017 жылғы 23 маусымдағы “Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Өзбекстандағы Ислам мәдениеті орталығын ұйымдастыру іс-шаралары туралы” ПҚ-3080 санды қаулысы негізінде құрылған.

- Еуропа Ренессансының қалыптасуына күшті ықпал жасаған Мұсылман Ренессансы заманында ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің, сәулеткерліктің дамуы туралы кең ауқымды мәліметтер павильондарын ұйымдастыру арқылы Орталықта көрсетілетін экспозицияларды сол замандарға қатысты экспонаттармен және көрнекі дереккөздермен байыту;

- әлем тарихында “Әмір Темір және темурилер ренессансы” деген атпен айрықша орын иелеген заманда дүниеге келген білім мен ғылым, мәдениет, сәулеткерлік дүрданаларын ислам мәдениетінің тек біздің еліміздегі ғана емес, сонымен қатар бүкіл мұсылман әлеміндегі даму және кемелдену кезеңі ретінде көрсету;

- бүгінгі таңда маңыздылығы күннен-күнге артып келе жатқан дінаралық және өркениетаралық диалогты тиімді жүргізу жолында Өзбекстандағы Ислам өркениеті орталығының әлемдік беделі жоғары халықаралық ғылыми мекемелермен және құрылымдармен, атап айтқанда, ЮНЕСКО, АЙСЕКСО сықылды халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық байланыстарын орнату.



Жақсы ақылақтық қасиеттері бар адам – кез келген қымбат бағалы дүрлерден де қымбаттырақ.

**Юсуф
Хас Хажиб**



Орталық Азия – халқы ең “жас” аймақтардың бірі. Бұл жерде тұрғындардың 60 пайыздан астамын жастар құрайды және ол әлемдегі орташа көрсеткіштен едәуір жоғары. Нақ осы мақсатпен Өзбекстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының таяуда ғана Нью-Йоркте өткен сессиясында Жастар құқықтары туралы халықаралық конвенция белгілеу және “Ағарту және діни бауырмалдық” деп аталатын арнайы қарар қабылдау бастамасын көтерді.

Шавкат Мирзияев

Самарқант. Мырза Ұлықбек ғалымдар ортасында



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Ұлыбритания Парламенті Лордтар палатасының өкілі лорд Мухаммад Илтаф Шейх:

«Егер Ұлықбек қазір тірі болғанында, өзбектер бірінші болып Айға сапар шеккен болар еді. Әл-Хорезми болмағанында заманалық технологиялар да болмайтын еді. Қазір Еуропа Ибн Синаның шығармалары негізінде медицинаны үйреніп жатыр. Біз радикалдануға қарсы Өзбекстанның мәдениетін қолданып күресуіміз керек. Сіздер Имам Бұхаридің хадистерін ағылшын тіліне аударып, түсіндіріп бердіңдер. Біз бұл кітаптармен жауыздыққа қарсы күресеміз».

2018 жылғы 1 наурыз, Лондон. Өзбекстан және Ұлыбритания зиялылары мен діни сала қайраткерлерінің кездесуінен.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дін мәдениеттің дамуына қандай үлес қосады?
2. Неге Ташкент ислам мәдениеті астанасы деп жарияланды?
3. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Өзбекстандағы Ислам өркениеті орталығының қызметі жөнінде мәлімет бер.
4. Дін жазудың, баспа мен өнердің дамуына қандай үлес қосады?
5. АЙСЕСКО мұсылман әлеміндегі белгілі бір қалаларды ислам мәдениеті астаналары деп жариялағанда нені көздейді?

§ 18-19

XX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДІНИ ДӘСТҮРЛЕР МЕН САЛТ-ЖОРАЛҒЫЛАР



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. “Салт” ұғымының мән-мазмұны.
2. Ұлттық және діни салт-жоралғылардың трансформациялану үдерістері.
3. Ұлттық құндылықтар және діни дәстүрлер.

“САЛТ” ҰҒЫМЫНЫҢ МӘН-МАЗМҰНЫ

Әрбір халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы мен салты, дәстүрлері мен жоралғылары бар. Олардың әрқайсысының басқасынан ерекше айырмасы болады. Бірі пайдалы, екіншісі мүлде зиянды. Әдет-ғұрып – адамдардың тұрмыс-тіршілігіне әбден сіңіп кеткен, белгілі бір мерзімде қайталанып тұратын іс-әрекет, көпшілік тарапынан қабылданған мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

“Әдет” деген ұғым белгілі бір жағдайдың әсерінен туындап, адамның мінез-құлқында қалыптасып қалған және өзінен-өзі еріксіз орындала беретін әрекет мағынасын білдіреді. Жоралғы – адам өміріндегі маңызды оқиғаларды атап өтуге бағытталған, ресми және рухани көтеріңкілік жағдайында өтетін, жалпы танылған тәртіп-ережелерге сүйенетін шара болып саналады. Адамдар әлдекімнің қуанышына серік болады, келешек үшін жақсы ниеттер тілейді.

Сол себепті дәстүрлердің құрамдас бөлігі әдет, ал әдеттің құрамдас бөлігі салт-жоралғы болуы әбден мүмкін. Кей жағдайларда “дәстүр”, “әдет-ғұрып”, “салт-жоралғы” ұғымдарын дербес қолданса, олар белгілі бір мазмұн мен мағынаны аңғартуы



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Сенің отбасыңда қандай әдет-ғұрыптар бар?
2. Халқымыздың қайсы әдет-ғұрыптары құндылық дәрежесінен заң деңгейіне көтерілген?



ШЫҒАРМАШЫ- ЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

“Ат қою”,
“неке қию”,
“жерлеу”, “еске
алу” секілді
ұғымдар қандай
шараларды
бейнелейді?



*Африка
тайпаларының
біріндегі
қуанышқа
ортақтасу әдеті*



*Өлкемізде көктем
және күз айла-
рында мазарлар
мен зираттарда
өткізілетін асар*

да мүмкін. Бұндай кездерде оларға анықтауыш сөздер қосылады, мысалы, “дәстүрлі мереке”, “дәстүрлі фестиваль”, “дәстүрлі кеш” немесе “марапаттау рәсімі”, “той салтанаты”, “зейнетке шығару рәсімі” түрінде қолданылады.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ РӘСІМДЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУ ҮДЕРІСТЕРІ

Даму мен заман талаптарына жауап беретін әдет-ғұрыптар бұрынғыдан да күшейіп, заманмен бірге алға қарай адымдап барады. Өзбек халқының отбасылық рәсім, салт, жоралғылары да тарихи қажеттіліктер негізінде пайда болған және заман баспалдақтарынан сүрінбей өтіп, маңызды рухани құндылық түрінде дамып келеді.

XX ғасырда жаңа әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер өмірімізге тереңірек кіріп келе бастады. Мысалы, жаңа туылған нәрестелердің ата-аналарына куәлік немесе кәмелетке жеткен жастарға төлқұжат тапсыру, оқу орнын бітірушілерге салтанатты түрде дипломдар мен аттестаттар тапсыру, оларды еңбек ұжымына қабылдау, қарттық зейнетке шығарып салу және басқа сол сияқтылар. Бұлардың бәрі де бүгінгі таңда дәстүрлі шараларға айналып, тұрмыс-салтымызға әбден сіңісіп кетті.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

“Рәсім” сөзі жұртшылықтың қатысуымен өткізілетін үлкен шара дегенді білдіреді. Отбасылық әдет-ғұрыптар отбасының пайда болуымен қатар дүниеге келген. Сол себепті отбасылардың өзгеруіне қарай, ол да өзгерген, бұрынғыдан да дами түскен.

Діни әдет-ғұрып, дәстүрлер мен рәсім-жоралғылардың уақыт өткен сайын қалыптасып, ұлттық дәстүрлер мен жоралғыларға айналуын трансформациялану деп атайды. Мысалы, христиан дінінің еуропа халықтары өміріне кіріп келген кезінен бергі уақытта бұл діннің рәсім-жоралғылары аталмыш халықтардың ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне айналып кетті. Христиандарда Рождество

Әлемдік және ұлттық діндердегі гибадат жасау рәсімдері



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Берілген мәтінді оқы.

1. Мәтінде отбасылық дәстүрлер, құндылықтар мен рәсімдер бар ма?
2. Тағы қандай отбасылық шараларды, рәсімдер мен дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды білесің?
3. Отбасылық шаралар мен салт-жоралғылар қандай мақсатпен өткізіледі?
4. Халқымызға тән шаралар мен рәсімдер, дәстүрлер мен салт-жоралғылар жөнінде мәлімет бер.

Фархадтың жұмысқа орналасқанына бір ай болды. Алғашқы жалақысын әкеле салып, анасына берді. Анасы дұға жасап, бетін сипады да: “Отбасымыздың үлкені әжең гой, сол кісіге бер, біздің үйіміздің дәстүрі осындай”, – деп қосып қойды. Сол күні жанұя мүшелері кешкі дастарқан басына жиналғанда, Фархадтың әжесі немересін адал еңбекпен тапқан алғашқы жалақысымен құттықтап, дұға оқыды. Ал Фархадтың анасы бұл маңызды оқиғаға арнап дастарқан мәзірін жасады.



Сурхандариядагы Наурыз мейрамы.



Үндістандагы жаңа жыл мейрамы.



Татар халқының мейрамы “Сабан той”.



Ташкенттегі масленица мейрамы.



Әрбір күс өз даусынан өзі шаттанады.

Халық даналығы

мейрамы, үнділерде Холи мейрамы, корейлерде шаманизмге байланысты әдет-ғұрыптар бар.

Ал Өзбекстанда барлық діндерде қасиетті болып саналатын отбасы институты ұлттық құндылық ретінде Негізгі заңымызға енгізілген және дәстүрге айналған.

Діни рәсімдерді орындауға кохиндер, бертін келе дінбасылар жетекшілік еткен. Олар өз рәсімдерін бірте-бірте нақты бір діннің талабына, ерекшелігіне, ережесі мен сұранымына сәйкестендірген.

Христиандықта “Жеті сырлы рәсім”, яғни шоқындыру, нан мен шараптың дәмін тату, мира майын жағу, тәубе келтіру, иелей (қасиетті зәйтүн майы) жағу, діндар мәртебесін беру және неке қию рәсімдері бар. Рождество мен Пасха христиандықта кеңінен атап өтілетін ең негізгі мейрамдар болып саналады.

Ислам дінінде ақиқа, амри маъруф, хатна, ораза тұту және Рамазан айты, құрбандық шалу және құрбан айты, намаз, қажылық, жаназа, неке, жерлеу және басқа рәсімдер бар.

Яхудилікте (иудаизм) – ғибадат, сенбі күнін қасиетті деп санау, туылу, балиғатқа жету, неке және жерлеу рәсімдері ерекше орын иелейді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ДІНИ ДӘСТҮРЛЕР

Өзбекстанда діни мерекелердің еркін өткізілуі қамтамасыз етіледі, дегенмен бұнда мемлекет-



Наурыз – Құдай мақұлық атаулыны жаратқан алты күннің біріншісі. Күн мен Ай көктің екі көзі болғанындай, Наурыз бен мехржан да – заманның екі көзі болып саналады.

Әбу Райхан Беруни, “Ежелгі халықтардан қалған жәдігерліктер”.

тік заңдар мен қоғамдық тәртіп бұзылмауға, жеке бастың және азаматтардың құқықтары сақталуға тиіс. Діни мереке-рәсімдерге қатысу азаматтардың жеке ісі болып табылады және ол ешқандай құқықтық қатынастар туғызбайды. Діни мерекелер мешіттер мен ғибадатханаларда, діни ұйымдар мекемелерінде, зиярат орындарында, мазар-зирааттарда, азаматтардың отбасылары мен үйлерінде өткізіледі. Белгіленген орыннан шет жерлерде діни рәсімдер немесе бұқаралық ғибадаттар өткізілетін жағдайларда бұл жөнінде жергілікті өкімет орындары ескертілуі және бұндай шаралар қатаң тәртіп сақталған күйде ұйымдастырылуы ләзім.

“Құндылық” сөзі бізге араб тіліндегі “қадр” сөзінен кіріп келген, бүгінде бұл ұғым болмыс пен қоғамдағы бірер заттың не құбылыстың адамдар ортасындағы, өзара әлеуметтік қарым-қатынастардағы иелейтін орны мен маңызын бейнелеу үшін қолданылып келеді.

Мейрам – түркі тілінен аударғанда “үлкен жиын”, “той” мағыналарын білдіреді. Яғни кеңінен атап өтілетін салтанатты күн болып табылады.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі мәтінді оқы және ондағы “мың жылдық туысқандық пен тату көршілік арқаулары” деген тіркесті тақырыппен байланыстыра түсіндір.

«Біздің аймағымыздың халықтарын мың жылдық туысқандық және тату көршілік арқаулары байланыстырып тұр. Бізді тарих, дін, ортақ мәдениет пен дәстүрлер бірлестіреді».

Шавкат Мирзияевтің 2017 жылғы 11 қарашада Самарқант қаласында өткен халықаралық конференцияда “Орталық Азияны тарих, дін және ортақ мәдениет пен дәстүрлер бірлестіреді” тақырыбында сөйлеген сөзінен.



Адам қайтыс болған соң, оның үш амалынан басқа амалдардың бәрі тоқтайды: – ол туралы дұға жасайтын адал перзент; – еткен қайыр-садақасы (салдырған жолдары, еккен ағаштары және басқалар); – адамдарға пайдасы тиетін ілім.

Ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде өтіп келе жатқан мейрам “дәстүрлі мейрам” деп аталады (мысалы, Наурыз мейрамы). Бұндай түрдегі мейрамдар бірер халықтың немесе ұлттың нақ сол кездегі әлеуметтік тұрмысына, өмір салтына тікелей қатысты болмайды.

Ал діни мейрамда әрбір діннің ақидаларында белгіленген рәсім-салттар атап өтіледі. Құрани кәрімнің аяттары мен хадиси шәріптерде діни салтанаттар мен мейрамдар туралы көптеген мәліметтер берілген (мәселен, Ораза айты мен Құрбан айты).

Барлық діндерде адамның өліміне байланысты рәсім-жоралғылар бар. Бұндай рәсімдерде кейбір діндегілер арнайы киімдер киеді.

Ислам дінінде қайғылы рәсімдерде киілетін арнайы киімдер жоқ. Бірақ мұсылман болған кейбір халықтар өздерінің әдет-ғұрыптарына сай киінеді. Ислам дінінде байқалатын жақсы әдеттердің бірі – қайғы шеккен отбасының көрші-қоландары ысырапкершілікке жол бермей, дереу өз үйлерінен тамақ дайындап шығарады. Бұл – ұлттық-діни құндылыққа айналған әдет.



МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ислам дінінде аза тұтуға үш күн белгіленген. Ері қайтыс болған әйелдің аза тұту мерзімі Құрани кәрімде төрт ай он күн деп белгіленген. Бұл уақыттың ішінде әйел жасанып киінбейді, иіссу, иісті сабындарды пайдаланбайды, опа-далап жақпайды, “идда” ішінде басқа адамға тұрмысқа шықпайды және бұған әрекет те жасамайды. Оның киімдерінің түсі қандай болса да бәрібір, тек қарапайым, жай киім болуы ұсынылады. Жетісінде, жиырмасында, қырқында, жыл асында қара киім кию, әсіресе әйелдердің дауыс көтеріп жылауы, бір жылға дейін той-томалақ өткізбеу, көңіл көтермеу сияқты тыйымдардың ислам шариғатына мүлдем қатысы жоқ.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Берілген суреттерде қандай құндылықтар бейнеленген?
2. Сен аталмыш құндылықтардың қайсысына қатысасың?
3. Бұл құндылықтарды сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өткізу қажет пе? Бұл салада қандай жұмыстарды жүзеге асыру керек?



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Адам өмірінде рәсім-жоралғылардың қандай маңызы бар?
2. “Дәстүр”, “әдет-ғұрып”, “рәсім-жоралғы” дегендер бір-бірімен байланысты ма, жоқ па? Пікіріңді дәлелде.
3. Неліктен отбасы институтын ұлттық құндылықтар ретінде қарастырамыз? Жанұя – құндылық па?
4. “Жанұя – қасиетті мекен” дегенде нені түсінесің?
5. “Жалпыадамилық құндылықтар” дегенді қалай түсінесің?

§ 20-21 ЗАМАНАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДІНИ СЕБЕПШАРТ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Дін және кинематография. Дін және көркем әдебиет.
2. Виртуалды мессенджерлер және оларды түрлі экстремистік ағымдардың пайдалануы.
3. Ақпараттық шабуылдардың алдын алу бойынша Өзбекстанда жүргізіліп жатқан іс-әрекеттер.



Ақпарат – адам баласы өзінің сезім мүшелері арқылы қабылдайтын барлық сигналдар кешені.



ДІН ЖӘНЕ КИНЕМАТОГРАФИЯ. ДІН ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Таңертең ұйқыдан тұрған кезімізден сонау кешкі ұйқыға жатқан уақытқа дейін айналамыздағы барлық нәрселер бізге өзі хақында мәлімет беріп тұрады. Бүгінде хабарлардың көбейіп кеткені соншалықты, тіпті түкке тұрғысыз ақпараттармен жадимыз да толып барады.

Радио, телевидение, телефон, интернет секілді ақпарат тармақтары арқылы беріліп жатқан мәліметтердің көрінісі де алуан түрлі. Олардың арасында мәтін, сурет, бейне, қилы белгілер жүйесі және басқалар бар. Кинематография бүгінгі таңда мәліметтер жөнелтудің ең интенсивті тәсіліне айналды. Кино тек мәлімет жіберу үшін ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу, идеология, дүниетаным және сенімді қалыптастыру міндеттерін де атқарып отыр.

Елімізде тәуелсіздік жылдарында жас ұрпақты жоғары адамгершілік қасиеттер рухында тәрбиелеуге бағытталған көптеген фильмдер түсірілді. Олар, негізінен, ғұлама бабаларымыздың өмірін, ғылыми қызметін, шығармашылық-ағарту мұрасын ха-

лыққа жеткізуге, замандастарымыздың өз Отанын, халқын, адамдық құндылықтарын қорғауда көрсеткен қаһармандықтарын жарыққа шығаруға арналған. Бұл кинофильмдерді көрген көрермендер олардан эстетикалық ләззат, ғылым-біліммен бірге қайырлы істерден жігерленіп, күш-қуат алады. Бірақ күріш күрмексіз болмайтыны сияқты барлық кинофильмдер де әрқашан адамдарға білім мен ағарту таратып, жақсы істерге жігерлендіру, жалпыадамилық құндылықтарды насихаттау ісіне қызмет ете бермейді.

Керісінше, кейбір “іскерлер” ақша табу мақсатымен немесе белгілі бір ниеттерді жүзеге асыруды көздеп, түрлі кинематография өнімдері арқылы



Жақсы істердің тағы бір абзалдығы сол, ол жаныңды кемелдендіреді және оны бұрынғыдан да ізгі істер жасауға жігерлендіреді.

Жан Жак Руссо



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі бейнелерге мұқият қара және оларға өз көзқарасыңды білдір.

1. Пікіріңді “идеологиялық иммунитет”, “ұлттық және жалпы адамилық құндылық”, “мінез-құлық пен ақылақ”, “бұқаралық мәдениет” сияқты терминдер негізінде сипаттап бер.
2. Екінші қатардағы бейнелер адамның жан дүниесіне, әсіресе жас балалардың көңіл күйіне қандай әсер көрсетеді?





ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі суреттерге мұқият қара және оларға көзқарасыңды білдір. Берілген кестені толтыр.

Мультфильмдердің тақырыптары:	
Олардағы ақылақ пен әдепке қайшы ұғымдар мен идеялар:	
Ұлттық және діни құндылықтарға қайшы көріністер:	
Қорқынышты сәттер:	
Олардағы әндер:	
Саған ұнаған сахналық көріністер:	
Олардың негізгі идеясы:	
Сен інілеріңе қайсы мультфильмді ұсынған болар едің?	
Қайсы кейіпкерлер қатысқан мультфильмдерді көбірек шығару керек деп санайсың ?	
Мультфильмдердегі идеялар неге қызмет етуі керек?	



халқымыздың менталитетіне тура келмейтін идеяларды таратуға ұмтылуда.

Бүгінгі таңда кино әлемі және олардың адам санасына ықпалы күннен-күнге күшейіп барады. Киноның адам санасына ұнамды жақтары баршылық. Бірақ “перде артында” олармен тікелей байланысты кері жақтары да көп. Өйткені біз киноны тамашалап отырғанда, оның жалпы мағынасын түсінуден тыс, астыртын мағынасына да үңілуді, турасын айтқанда, қаперімізге де келтірмейміз.

Ең қызығы, оқиғалар мен құбылыстар көрерменнің санасына нақ сол оқиғаның ортасында жүргендей кіріп келеді. Жайлап, бірте-бірте, яғни кино оқиғаларының барысында көрермен ешқашан қаперіне де кіріп-шықпаған күйлерді өз басынан кешкендей болады. Соның нәтижесінде ол кинодағы болмысқа сеніп кетеді. Егер 3Д форматындағы фильмдер болса, көрермен фильмнің қатысушысына айналады. Техника прогресін кері мақсаттарға пайдаланып жатқан адамсымақтар да табылады. Олар дүниетанымы әлі қалыптасып үлгірмеген балалардың санасын уландырудан еш бас тартпайды. Мысалы, кейбір мультфильмдердің негізгі мазмұны жауыз ниетті, арамза, бұзық адамның тура жолға түсуі, оның мейрбан адамға айналуы жөнінде болғанымен, түпкі мағынасы баланың санасында бұзақылықты, жеңілтектікті, жауыздық жасаудан еш тайынбай,



Кез келген нәрсеге жан-жақты назар сал – пайдасын да, зиянын да көр.

Басканың пікірін ойлап отырғаннан гөрі, өз бетіңмен көбірек жұмыс істе.

Лев Толстой



Адамдар арасында сондай адамсымақтар да бар, оның дүниелік өмір туралы әңгімесі Саған қызықты болып көрінеді. Діліндегі “иманына” Алланы куә етеді, ал өзі (Исламның) нағыз дұшпаны. (Жаныңнан) кеткенінде жер бетіндегі қаскөйлік пен жауыздық, егін мен тұқымды жою істерімен айналысады. Ал Алла қаскөйлікті (бүлдірушілікті) жақтырмайды.

***Құрани кәрім,
Бақара сүресі,
204-205-аяттар***



(Ей, адам!) Өзің
(анық) білмеген
нәрсеге ерме!
Өйткені құлақ,
көз, ділдің
эрқайсысы
жөнінде (эрбір
адам) жауапты
болып табы-
лады (жауап
береді).

*Құрани кәрім,
Исро сүресі,
36-аят*

кылмыс әлеміне емін-еркін кіріп кететін сезімдерді оятуды мақсат тұтатыны байқалады. Тағы бірқатар фильмдерді тамашалаған балаларда өзіне-өзі қол жұмсауға бейімділік күшейеді. Ондайлар көп өтпей-ақ қиялшыл болып қалады.

Өткен ғасырдың аяғында жастар арасында каратэ, қол шайқасы немесе жапон халқының соғыс өнері көрсетілген көптеген фильмдер пайда болды. Бұл фильмдерде жауынгерлік жекпе-жектің әдемі шайқас сахналары көрсетілумен қатар, жанкештілік, аяусыздық, жезөкшелік, діни және ұлттық әдет-ғұрыптарға қайшы келетін сахналық көріністер де көп еді. Ал бұл 1980-1990 жылдардағы оқиғаларда өзінің шынайы бетін көрсетті.

Түрлі миссионерлік ұйымдар кинематография арқылы өз идеяларын сан қилы көріністе тықпалап, ашықтан-ашық, ым-ишара, жасырын, психологиялық ықпал және басқа жолдармен жүзеге асыруға әрекет жасаулары ықтимал.

Әрбір жанұяда қызығып тамашалайтын түрлі багтыс фильмдері және басқа елдердің сериалдары сол үйдің жақын досына айналып, барлық отбасылардың ділгірліктерін шешіп беретін жанашыр дос ретінде көрсетіледі. Яки үнді кинофильмдерінде бірер дінге сыйыну рәсімі (пілге, маймылға, сиырға және т.б.) қайта-қайта көрсетіле береді және олар азат етуші түрінде ұсынылады.

Соның нәтижесінде тек балалар ғана емес, тіпті ересек адамдар да сол фильмдердегі ғибадат сахналарын күнде көре берген соң, тіпті өздері де байқамай сол ғибадаттар мен жоралғыларды қайталауы әбден мүмкін. Мысалы, “Фарёд-1” атты өзбек фильмінде әке қызын қайтарып әкелу үшін құда жаққа қос алақанын біріктіре тұрып (нақ үнді фильмдеріндегідей) өтініш жасайды.



Тас-талқан
ет! Билік құр!
Қандай арсыз-
дық!

Бірлестір,
жетеле! Қандай
тамаша байлық!

Гёте

Осыған ұқсаған ұлттық әдет-ғұрыптарымызға сай келмейтін көптеген кері әдеттер негізінен кинофильмдер арқылы кіріп келеді. Өткен тоталитарлық жүйе кезінде түсірілген кейбір өзбек фильмдерінде де ұлттық құндылықтарымызға жат көріністер мен оқиғалар (“Жар-жар” фильміндегі той көрінісін еске алуға болады) еріксіз енгізілген.

Ал бұны кеңестік жүйенің ұлтты жою үшін оның тілін, әдет-ғұрпын жоюдың өзі жеткілікті деген идеясының дарытылуы деп түсіну керек.

Бұндай идеологиялық қатерлер бүгінгі таңда сырттан әкелінетін көркем фильмдер арқылы кіріп келе жатқанын көруге болады. Бұндай фильмдер үшін қыруар қаржы жұмсаған демеушілер сол фильмдер арқылы өздерінің арам пиғылды мақсаттарын таратуды көздейтіні белгілі.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Төмендегі хикаяны оқы. Азиз інілерін қалайша алдауы мүмкін?
2. Азиздің қызметіне баға бер.
3. Сен қайткен болар едің?

Азиздің ата-анасы кешкі шараға шақырылғандықтан, оған інісі мен қарындасына қарайлап тұруды, тамақтарын өз уақытында беруді, компьютерге қызығып, қос бауыры қараусыз қалмауын қайта-қайта тағайындады. Азиздің қарындасы әлі 4 жасқа да толмаған, ал інісі 6 жаста. Балалар теледидарда көрсетіліп жатқан мультфильмдерді тамашалап, “ертегі-ертегі” ойынын ойнамақшы болды. Азиздің қарындасы ағасына: “Мен Аппақайым болайын, көзімді жұмып тұрамын, ал сен мені ернімнен сүйіп тірілтесің”, – десе, інісі: “Жоқ, мен мақұлықпын, сен сақыпжамал боласың, мені ернімнен сүйіп тірілтесің”, – десіп, бір-бірімен жанжалдасып қалды... Олардың бұл жанжалын бақылап тұрған Азиз жылдам адымдап барып, теледидарды сөндірді де: “Болды, ешқандай мультфильм жоқ!” – деп ашуланғанымен, бауырларын енді немен шұғылдандыратынын білмей, дал болды...



Көз арамға қарағанында ожданدى, жүректі мұң мен шер, бұзық та зарарлы пікірлер, арамдық пен күншілдік кернейді. Қиратқыш күштер қозғалысқа келгендей болса, адамның өзі білмеген, сезбеген күйде жамандыққа, бүлдірушілікке, оңбағандыққа және арам пиғылды ой-пікірлер шырмауына ілігіп қалады.

Мұхаммед Нурриллаһ Сайдо Жазари

ВИРТУАЛДЫ МЕССЕНДЖЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮРЛІ ЭКСТРЕМИСТІК АҒЫМДАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУЫ

Қазіргі кезең – бүкіл әлемде идеологиялық карама-қайшылықтар күрделене түскен, идеология полигондары ядролық полигондардан да күштірек болып бара жатқан кезең болып табылады.

Көгілдір экранда жүзден астам халықаралық каналдар үздіксіз жұмыс істеп тұрған идеологиялық шабуылдар астында өмір сүріп отырмыз. Интернет – виртуалды, бірақ объективті құбылыс. Оның өмірімізге кіріп келуіне ешкім тосқауыл бола алмайды. Бірақ виртуалды мессенджерлер арқылы ұнамды мәліметтермен бірге адамның мінез-құлқы мен әдеп-ибасына кері әсерін тигізетін ақпараттар да жіберіліп жатқаны анық.

Ақпарат құралдарын зиянды мақсаттарға пайдалану, саяси және экономикалық үстемдікке қол жеткізу, халықтың санасына кері әсер ету арқылы саяси және экономикалық үстемдікке қол жеткізуге ұмтылу ақпараттар соғысы деп аталады.

Ақпараттар соғысы жеке тұлғаның немесе мемлекеттің тыныштығына қатер төндіре отырып, оған қысым жасау арқылы көрініс табады. Ақпараттар соғысы әлеуметтік, саяси, этникалық және басқа құрылымдардың өз мүдделері жолында бір-біріне ашықтан-ашық және жасырын мақсатты ықпалын да қамтиды.

Мысалы, лаңкестер өздерінің арам пиғылды мақсаттарында интернетті шеберлікпен пайдаланып келеді. Бұзық ниетті топтар тарапынан жүзеге асырылып жатқан адамзатқа қарсы қылмыстар бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе интернет арқылы көбірек көрсетілуде.

Лаңкестер өз қызметтерін жоғары сапалы және кәсіби шеберлікпен жасалған бейнефильмдер арқылы көрсетеді. Олар бұл іске жоғары білікті, бай тәжіри-

белі еуропалық мамандарды жұмылдырады. Әр кез содырлар шығарған бейнеүзінділер одан бұрынғысынан ерекшеленіп тұрады. Бұндай үзінділер халықаралық қауымдастыққа қалай әсер ететіндігін көріп, бақылайды да, соған сай іс-әрекет жасайды.

Сондықтан да жаһандық желілерді ақылмен пайдалануды үйренген жөн. Бұл үшін ақпарат алу мен жіберу, интернетті пайдалану мәдениетіне мойынсұнған орынды. Сонда ғана жаһандық тармаққа орнатылған “өрмекші торына” түсіп қалмайсың.



ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛАДЫ

Төмендегі өмірлік оқиғаны оқы. Интернетке бүкіл болмысымен кіріп кету және оны ақыл-парасатпен пайдалана алмау қандай аянышты оқиғаларға соқтыратындығын талқыла.

«Мен Мәскеу қаласына жұмыс істеу мақсатымен барған болатынмын. Бос кездерімде интернет сайттарына кіруді әдетке айналдырдым...

Бірте-бірте әлеуметтік желіде ұйымдастырылған түрлі топтарға мүше бола бастадым. Бұл топтар арқылы бірқатар жаңа достар таптым. Сол “достарым” мені өздерінше діннің түрлі ерекшеліктерімен таныстыра бастады.

Бертін келе, Мәскеу қаласында бірнеше жаңа “туысқандармен” таныстым... Интернеттің мүмкіндіктерін іске қосып, Пакистан мен Ауғанстандағы содырлар лагерьлерінде болатын сұхбаттарды және Сириядағы қақтығыстар түсірілген бейнеүзінділерді көрдім. Неліктен екені белгісіз, мен олардың істеріне асқан қызығумен қарайтын болдым.

Мәскеуден үйге қайтып бара жатқанымда, жанұямның мүшелері мен достарыма әрі таныстыру, әрі үйрету мақсатымен өзіммен бірге флешкаға жазылған баяндамаларды, интернеттен алынған бейнеүзінділерді де ала келдім.

Мың өкініштісі, мен шетелде жүріп, Интернет арқылы тапқандарым құр ысырап, бұзық мәліметтер екенін, “туысқандар” маған түсіндірген нәрселер нағыз ислам дінінен бүтіндей алыс, асты қуыс мылжың сөздер екенін кеш түсініп, пайымдадым».

“Интернеттегі қатерлерден қорғану” кітабынан алынды.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

«Ақпараттық соғыс» тіркесін алғаш рет қолданған физик ғалым Томас Рон болып саналады. Ол 1976 жылы барлық жауапты адамдардың назарын осы мәселеге қаратты.

АҚПАРАТТЫҚ ШАБУЫЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӨЗБЕКСТАНДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы “Діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін жетілдірудің іс-шаралары туралы” №10 қаулысымен Өзбекстан Республикасы аумағында діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату қызметін жүзеге асырудың тәртібі және “Діни мазмұндағы материалдарды мемлекеттік дінтану сараптамасынан өткізу тәртібі туралы” жарғылар бекітілді.

Бұл Жарғылар Өзбекстан Республикасы аумағында діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату бойынша қызметті жүзеге асырудың тәртібін, діни мазмұндағы материалдарды мемлекеттік дінтану сараптамасынан өткізудің тәртібін, сонымен қатар Өзбекстан Республикасы аумағында дайындауға, алып кіруге және таратуға арналған діни мазмұндағы материалдардың мемлекеттік дінтану сараптамасын жүзеге асыруға қатысатын жақтардың құқықтары мен міндеттемелерін белгілейді.

Өзбекстан Республикасы аумағында діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату бойынша қызметпен және Өзбекстан Республикасы аумағында дайындауға, алып кіруге және таратуға арналған діни мазмұндағы материалдардың мемлекеттік дінтану сараптамасы Өзбекстан Республикасының заңдарына, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі палаталарының қаулыларына, Өзбекстан Республикасы Президентінің заң құжаттарына және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен осы Жарғыларға сәйкес жүзеге асырылады.



Уақытыңды
босқа шығында-
ма, обал болған
әрбір нәрсенің өз
жауабы болады.

*Халық
даналығы*



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Заманалық соғыс фильмдерінің өткен жылдарда колледж оқушылары ортасында болған тәртіпсіздіктер мен қылмыстарға қандай қатысы бар болуы мүмкін?
2. Бұндай фильмдердің сюжеттері оқушы жастардың тәрбиесіне қалай ықпал етеді?
3. Өзбек фильмдері үзінділерінің бірінде жанжалдасу мақсатында жиналған жастар: “Мәрт бол, еркек бол, досқа достай бол...” деген әнді шырқайды. Осы сөйлемдегі дос болу, еркек болу ұғымдарын “*Араларыңда ең күштінің кім екенін айтайын ба? Ол – ашуы келгенде өзін-өзі ұстап тұра алатындарың*” деген хадис пен Құрани кәрімнің “*Ізгілік пен тақуалық (жолында) ынтымақтастық жаса, күнә мен өшпенділік жолында ынтымақтас болма!*” (Моидә сүресі, 2-аят) деген нұсқаумен байланыстыр.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ақпарат дегенде нені түсіндің? Ақпараттың қандай ұнамды және ұнамсыз жақтары бар?
2. Адам санасы жолындағы күресте ақпараттың рөлі қандай?
3. Қалай ойлайсың, адам ақпаратты пайдалану мәдениетіне ие болуы шарт па?
4. Кинофильмдердің адам өміріне көрсететін ықпалы қандай?
5. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы “Діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін жетілдірудің іс-шаралары туралы” №10 қаулысымен “Өзбекстан Республикасы аумағында діни мазмұндағы материалдарды дайындау, алып кіру және тарату қызметін жүзеге асыру тәртібі туралы” және “Діни мазмұндағы материалдарды дінтану сараптамасынан өткізу тәртібі туралы” жарғылар қандай іс-әрекеттерді реттейді? Аталмыш жарғылардың мәтіндерін алып оқы және олардың мазмұнын түсіндіріп бер.

§ 22-23

ӘЛЕМНІҢ ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ КӨРІНІСІ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Конфессия ұғымының мәні мен мазмұны.
2. Әлемдегі конфессионалдық өзгерістердің себептері.
3. Әлемнің бүгінгі таңдағы конфессионалдық көрінісі.
4. Өзбекстан Республикасындағы конфессияаралық қарым-қатынастар.
5. Өзбекстан мұсылмандар кеңсесі.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

«*Конфессия*» сөзін мәні мен мазмұны тұрғысынан алатын болсақ, мамандар бүгінгі таңда әлемде 1000-нан астам діни конфессиялар бар деп санайды.

КОНФЕССИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Діни конфессия – белгілі бір діни ілім шеңберінде қалыптасқан, өзіндік ерекшеліктері бар наным және сол нанымға бас иетіндер ұжымы. Конфессия жалпы термин болғандықтан, христиандық, буддизм секілді ірі діндер де, солар негізінде пайда болған православие, католик, ламаизм, дзен-буддизм тақылеттес бағыттар да осылай атала береді.

Ислам дінінде бұндай жағдай байқалмайды. Өйткені ешқандай мемлекетте ханафи мазхабы өз алдына, басқа мазхабтар өз алдына конфессия ретінде тіркеуден өтпейді. Мысалы, Өзбекстанда да бірнеше шиа қауымдары бар болуына қарамай, олар өздерін дербес діни конфессия деп санамайды.

Жаһандану бүкіл әлемді бір бүтін және біртұтас етумен қатар, оның нәтижесі ретінде дербес ұлттар мен қоғамдар деңгейінде өзін-өзі түсініп алуға ұмтылудың тереңдеуіне де негіз қалап отыр.

Бұл үдерістер өз кезегінде адам руханиятының мызғымас бөлшегі болып табылатын діннің маңызын түсінуге,

оның адам мен қоғам өміріндегі орнын ұғынуға аударылып отырған назардың күшеюіне себеп болуда.

ӘЛЕМДЕГІ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ

Дүниенің діни көрінісі қатып қалған, өзгертуге болмайтын құбылыс емес. Десек те, бұл көріністің жылдан-жылға өзгеріс үстінде екенін, бар діндер өздерінің дәстүрлі ареалдары шеңберінен шығып бара жатқанын да жеке-дара атап өту керек сияқты.

Бүгінгі таңда қалыптасқан діндер шеңберінде нақты өзіндік өзгерістері бар жаңа бағыттар мен секталардың пайда болуы әлі жалғасып келеді. Мысалы, мамандардың мәліметтеріне қарағанда, ХХ ғасырдың екінші жартысында христиандық, буддизм, ислам және басқа діндер аясында жүздеген секталар пайда болған. Ал бұл ондай үдерістердің келешекте де жалғаса беретінін көрсетеді.

Заманалық болмыс діни-экстремистік сипаттағы секталардың адам санасы мен жанын жаулап алу жолындағы қызметінің жандана түскенін көрсетіп отыр. Олар халықтың діни білімдерінің төмендігін



*Лондондағы
гибадат рәсімі.*



Ол – ақын емес, пайғамбар. Ондағы Құран – адамның қолымен ермек үшін немесе баршаға жалпы мәлімет беру үшін жазылған кітап емес, ол – ғайыптық заң болып табылады.

***Иоганн Вольфганг фон Гёте.
Батыстық автордың Шығыс туралы диуаны.***



Әндіжандағы жоме мешіті



Германиядағы жоме мешіті



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Қазақстанда мұсылман (2517 діни ұйым) және православие (323) діни қауымдары жетекші орындарда тұрады. Олар мемлекеттегі дінге табынушы жалпы халық санының 95%-ын құрайды.

Түркіменстанда 99 діни ұйым ислам дінінің суннилік бағытын, 5-і шиа бағытын ұстанады, 13 ұйым орыс славян шіркеуіне (3-і Ашхабад қаласында орналасқан) және 11-і басқа дін өкілдеріне (Католик шіркеуі – 1, Кришнаны пайымдау қауымы – 1, Бахауилер – 1, Баптистер – 1, Пятидесятниктер – 1, “Великая благодать” – 1, Жетінші күн адвентистері – 1 және Жаңа апостол қауымы – 1) тиесілі.

Тәжікстанда шамамен 3000-нан астам мешіт бар. Сонымен қатар бұл елде Орыс православие, Евангелие христиан-баптистер, Рим-католик, Жетінші күн адвентистері, Евангелие Лютеран, Легово шахидтері шіркеулері, бахауи, зардушти, яхуди діни қауымдары сияқты ислами емес діни ұйымдар тіркеуден өткен.

пайдаланып, ақыреттің жақындап қалғанымен қорқыту, негізінен жастар және материалдық жағдайы нашар тұрғындар ортасында жұмыс жүргізу жолымен өз жақтастарын көбейтуге тырысып бағуда. Бұндай секталарға негіз қалаған “әулиелер” өз ізбасарларын алдап-арбау арқылы олардың мал-мүліктерін иелеп алуға ұмтылып жатыр.

Жасырын қызмет жүргізуі, секта ішіндегі оқиғалардың жұртшылыққа мәлім болмауын қатаң бақылау қалың бұқараның олардың қызметінен бейхабар қалуына соқтырып отыр.

Угандадағы “Ақырет күні” сектасы басшыларының қызметі бұған жарқын мысал бола алады. Ақыретті 1999 жылдың 31 желтоқсанына “белгілеген” аталмыш секта басшылары өз жақтастарын қолдағы бар мал-мүліктерін сатып, одан түскен

қаржыны сектаға беруге және сол жолмен күнәларынан арылуға шақырған. Қияметтің 2001 жылғы 1 қаңтарға “көшірілуі” секта басшыларының қызметіне күдік туғызады. Содан соң секта басшылары Канунгу қыстағындағы 500-ден астам өз жақтастарын алдау жолымен бір үйге жинап, сырттарынан от қойып, өртеп жібереді. Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларына қарағанда, жедел шаралар жүргізген полиция тағы төрт жерден жаппай құрбан болғандардың қабірлерін тапқан. Бұл секта құрбандарының жалпы саны 1000 адамнан асқаны тіркелген.

Бұндай секталардың барлығы да адамның әлсіздігін, рухани және физикалық тұрғыдан шындалуға ұмтылысының нашарлығын, адам өмірінде кездесетін түрлі қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды өздерінің арам пиғылды мақсаттарына, яғни жеке байлық арттырып қалуға пайдаланады. Мысалы, адепттер секталарға мүше болғандарды өз мүдделері үшін қызмет еткізеді.



Құддыстағы Қуббатус сахра мешіті, христиан шіркеуі және яхуди синагогасы



Франциядағы жоме мешіті



Ресейдегі жоме мешіті



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне қарағанда, исламның жылдық өсу қарқыны 6,4 пайызды құрайды. 1989 жылдан 2011 жылға дейінгі аралықта мұсылман халықтарының саны Солтүстік Америкада – 25, Африкада – 2,15, Азияда – 12,57, Еуропада – 142,35, Аустралия мен Океанияда – 257,01 пайызға көбейген. Тек Латын Америкасында ғана исламға сыйынушылардың жалпы үлесі 4,73 пайызға төмендеген.

Қазір діни ілімдерді, олардағы нақты ережелерді заман талабына бейімдеу, былайша айтқанда, модернизациялау үдерісі де қызу жүріп жатыр. Мысалы, Орта ғасырларда шіркеу жүзеге асырған инквизиция мен крест жорықтарының қате болғанын мойындаған Рим Папасы тіпті ресми кешірім де өтінді. 1992 жылы Папа Иоанн Павел II өз заманында Галилео Галилейдің өлтірілуі қате болғанын айтып, бүкіл жұртшылықтан кешірім сұрағаны осыған дәлел бола алады.

Сонымен қатар кейбір діндердің таралу аумағында елеулі өзгерістер болып жатқанын да айтып өткен абзал. Мысалы, өткен ғасырда негізінен христиандар жасап келген Еуропада бүгінде 20-25 миллион айналасында мұсылмандар да өмір сүруде. Атап айтсақ, Ұлыбританияда – 3 миллион, Германияда – 5 миллион, Францияда – 6-7 миллион исламға табынатын мұсылмандар бар.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

№	Конфессия	Жақтастарының саны	Жер жүзінің жалпы халық санына сәйкес пайыз көрсеткіші
1	Христиандар	2 292 454 000	33,2 %
	Католиктер	1 214 000 000	
	Протестанттар	800 640 000	
	Православтар	260 380 000	
	Англикандар	85 000 000	
	Басқа бағыттар	28 430 000	
2	Ислам	1 549 444 000	22,4 %
3	Индуистер	948 507 000	13,7 %
4	Дәстүрлі Қытай діндері	458 316 000	6,6 %
5	Будда	468 736 000	6,8 %
6	Сикх	24 591 000	0,4 %
7	Яхудилік	14 641 000	0,2 %
8	Бахоилік	7 447 000	0,1 %

Тұрғындары дәстүрлі будда мен исламға табынып келген өлкелерде христиандықты таратуға ұмтылыс та байқалады. БҰҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, христиандықтың өсу қарқыны жылына 1,46 пайызды құрайды.

Діни конфессиялар көрінісінің түрлі түстілігін Өзбекстанда ресми тіркеуден өтіп, жұмыс жүргізіп отырған діни конфессиялар мысалынан да көруге болады. Христиандыққа тән болғанымен, еліміздегі 11 бағыттың әрқайсысы өздерін дербес діни конфессия деп санайтыны осы пікіріміздің айғағы бола алады.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Өзбекстан Республикасында 2017 жылғы желтоқсан айындағы мәліметтерге сәйкес 16 конфессия жұмыс жүргізіп жатыр. Олар төмендегілер:

- Ислам (Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі);
- Православиелік (Ташкент және Орталық Азия иепархиясы);
- Католиктік (Рим-католик шіркеуі);
- Лютерандық (Неміс-лютеран шіркеуі);
- Армян-апостол шіркеуі;
- Пятидесятниктер (Толық інжіл христиандары);
- Баптистер (Евангелие-христиан баптистер шіркеуі);
- Новоапостол шіркеуі;
- Жетінші күн адвентистері;
- “Голос божий”; Легово шахидтері;
- Корей протестант шіркеулері;
- Яхудилік;



Бүкілресей православие шіркеуі патриархы Кириллмен әңгіме.



Мақсатымыз – бейбітшілік, ынтымақтастық және даму.

- Бахоилик;
- Кришнаны ұғыну қауымы;
- Буддистік.

Ал “Өзбекстан тәурат кітап қоғамы” діни ұйым саналып, басқа конфессиялардан дербес жұмыс жүргізсе де, діни конфессия мәртебесін алмаған.

Тәуелсіздік жылдарында жүздеген шіркеулер, синагогалар мен ғибадат үйлері, атап айтқанда, Ташкент, Самарқанд, Науаи қалаларындағы православие ғибадатханалары, Ташкент қаласындағы католик костелі, Самарқандтағы Армян-апостол шіркеуі, Ташкенттегі Будда ғибадатханасы қайта құрылды.

Хазірет Имам, Имам Бұхари, Баһауддин Нақшбанд, Хакім Термизи, Имам Мотуриди, Шахи Зинда, Қасым Шайх, Зеңгі ата секілді ежелгі жәдігерлік кешендер абаттандырылып, жаңалары салынды.

Құрани кәрім, хадистер жинағы, Тәурат құрамындағы Жаңа өсиет пен Көне өсиеттің кейбір бөлімдері, мысалы, “Сүлеймен нақылдары”, “Рут, Эстер және Жүніс пайғамбарлар тарихы” өзбек тіліне аударылып басылды.

Өзбекстан соқырлар үшін арнайы Брайл әліпбиімен Құранды баспадан шығарған әлемдегі үшінші мемлекет болып саналады.



ТАРИХҚА НАЗАР

Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай кеңестік жүйенің атеизмге негізделген діни саясаты шұғыл қарқын алды. 1929 жылы сәуір айында РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің “Діни бірлестіктер туралы” қаулысы қабылданып, соған орай діни бірлестіктерге жиындар өткізуге, қасиетті зияраттар ұйымдастыруға, қайырымдылық істерімен шұғылдануға, кітапханалар ашуға тыйым салынды. Коммунистік (б) партия Орталық Кеңесінің 1929 жылғы 29 маусымда өткізілген XI Пленумында “Мұсылман дінбасылары мен мектебі туралы” қаулы қабылданды, онда: “Ислам, өзге діндер сияқты, социалистік мәдениет пен пролетариат идеяларының дамып, нығаюы, жалпы социализм құрылысы жолындағы үлкен бөгет болып табылады”, – деп атап көрсетілген.

ӨЗБЕКСТАН МҰСЫЛМАҢДАРЫ КЕҢСЕСІ

1995 жылдың желтоқсан айында Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі (ӨМК) құрылды. Бүгінгі таңда ӨМК құрамына республикада ресми тіркеуден өтіп, қызмет жүргізіп жатқан 2045 мешіт, 9 медресе – орта арнаулы ислам оқу орны, Ташкент ислам институты, Мір Араб жоғары медресесі, Хадис ілімі жоғары мектебі, Ақоид, Кәлем, Хадис, Фикх, Тасаввуф ілімі мектептері, “Вақф” қайырымдылық қоры және “Мауароуннаһр” баспасы енеді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі “Діни ағарту саласын түбірінен жетілдіру іс-шаралары туралы” Жарлығына орай ӨМК Өзбекстан халықаралық ислам академиясының мекемелерінің бірі ретінде белгіленді.

ӨМК төрағасы – муфти Ғұламалар кеңсесінің жиналысында ашық дауыспен бес жыл мерзімге сайланады.

ӨМК құрамында халықаралық байланыстар, мешіттер, пәтуа, білім және кадрлар дайындау, қызметкерлер, әйелдер мәселелері, құқықтану, бақылау-талдау, шаруашылық бөлімдері, кітапхана, сонымен қатар діни өнімдерді сараптама мен тексеруден өткізетін алқалар және басқалар бар.

Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі (ӨМК) бүгінгі таңда елімізде туризмді дамыту ісіне өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Мемлекетіміздің 2017-2021 жылдарға арналған Іс-қимылдар стратегиясында туризм инфрақұрылымын ұлғайту, оның экономикадағы үлесін арттыру секілді мәселелер



Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі.



ТАРИХҚА НАЗАР

1943 жылдың 20 қазаны күні Ташкент қаласында Орта Азия және Қазақстан дінбасыларының 1-Құрылтайы болды. Жиында Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасын құру туралы қаулы қабылданды. Діни басқармаға төраға әрі муфти етіп Ишан Бабахан сайланған. Діни басқарманың құрамына аймақтағы бес республикада – Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстанда қазылар басшылық жасайтын Діни басқарма өкілдіктері енгізілген.



Біздің аймағымыздың халықтарын мың жылдық туыскандық және тату көршілік арқаулары байланыстырып тұрады. Бізді тарих, дін, ортақ мәдениет пен дәстүрлер біріктіреді.

*Шавкат
Мирзияев*



*Ишан Бабахан
ибн Абдулмажид-
хан (1856-1957)*

ерекше атап көрсетілген. ӨМК де бұл саланы дамытуға өзінің еселі үлесін қосуға барын салып отыр. Елімізде 7300-ден астам мәдени мұра нысандары бар, олардың басым көпшілігі ЮНЕСКО тізіміне енгізілген. ӨМК Самарқант, Бұхара, Ташкент қалаларындағы қасиетті зиярат орындары мен ескерткіштерді аралап көру бойынша бағдарламалар жасады. Бұдан тыс Ташкент қаласындағы Сүзік ата, Хорезмдегі Дашқынжан ата, Қашқадариядағы Абулмуин Насафи, Сұрхандариядағы Әбу Иса Термизи, Бұхарадағы жеті пір және басқа зиярат орындары сапалы жөнделіп, халықтың рухани азық алатын орталықтарына айналып отыр. Сондай-ақ ӨМК есімдері зиярат орындарымен тікелей байланысты болған бабаларымыздың ғылыми-мәдени мұралары мен өнегелі өмірлерінен сыр шертетін басылымдарды жарыққа шығаруды да қолға алған.

ИШАН БАБАХАН ИБН АБДУЛМАЖИДХАН

Ишан Бабахан алғаш үйде әкесінен, содан соң Бұхарадағы Мір Араб медресесінде әйгілі ұстаздардан білім алды. Ізденімпаздығы, зейінділігі арқасында тәпсір, хадис, ақоид, фикх ілімдерінің білгірі болып жетілді. Бірнеше жыл бойы Мойы Мүбәрак жомесінде имам-хатиб әрі медреседе мударрис болды.

1943 жылы Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни бақылауының төрағасы, муфти болып сайланды. Сол жылдары мұсылмандар өкілдерінің қажылық сапарға баруы қолға алынды, Мір Араб медресесі қайта жұмыс істей бастады, мешіттер жөнінде Жарғы жасалды, діни басқарманың кітапханасына негіз қаланды, халықаралық байланыстар ұлғайды.

Ишан Бабахан 1957 жылы қайтыс болып, Исмайыл Гаффол Шашидің қабірі жанына жерленді.

ЗИЯВУДДИНХАН ИБН ИШАН БАБАХАН

Зиявуддинхан ибн Ишан Бабахан 1908 жылы Ташкент қаласында дүниеге келді. Ол өз заманының

білікті ғұламаларынан сабақ алды. Он екі жасында Құрани кәрімді толық хатым жасап, хафизул Құран атанды. Ташкенттегі Көгалдаш медресесінде, Каирдегі Азхар университетінде, содан соң Мекке, Мәдине қалаларында білімін жетілдірді.

1957 жылы Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басқармасының төрағалығына сайланды және өмірінің соңына дейін (1982 жыл) осы лауазымда жемісті қызмет атқарды.

ШАМСУДДИНХАН БАБАХАНОВ

Ташкент шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітірген. Содан соң Каирдегі Азхар университетінде білім алды. 1982-1989 жылдары Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, муфти болды. Ордун Корольдігі академиясының толық мүшесі, Халықаралық Ибн Сина сыйлығының иегері. 2003 жылы қайтыс болған.

ШАЙХ МУХАММАД САДЫҚ МУХАММАД ЮСУФ

Шайх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф 1989-1992 жылдары Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшысы болды. Бүкіл өмірін қоғамның діни-ағартушылық тұрғысынан кемелденуі жолында қызмет етуге арнаған. Оның бұл қызметтері халықаралық ислам әлемінде жоғары бағаланған. Шайх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф бірқатар халықаралық ислам ұйымдарының, соның ішінде:

— Мекке қаласындағы Ислам дүниесі бірлестігі құрылтай жиналысының;

- Дүние жүзі сопылық бірлестігінің;
- Дүние жүзі мұсылман дінбасылары кеңесінің;
- Исламабад қаласындағы Бүкіләлемдік ислам одағының;
- Дүние жүзі мешіттер одағының;



*Зиявуддинхан ибн
Ишан Бабахан
(1908-1982)*



*Шамсуддинхан
Бабаханов
(1937-2003)*



*Шайх Мухаммад
Садық Мухаммад
Юсуф
(1952-2015)*

– Иорданиядағы Жоғары Байт ұйымына қарасты Исламдық пікірлер академиясының мүшесі болды.

Ғалым өз өмірі барысында халықтың руханияты мен ағартушылығын байытуға және діни сауаттылықты арттыруға қызмет ететін 100-ден астам кітаптар жазды.

Оның қаламынан туған “Хадис және өмір”, Құрани кәрім мағыналарының шолуы болып саналатын “Тафсири хилол”, “Олтин силсила”, “Бақытты жанұя”, “Рухтық тәрбие”, “Әдептер қазынасы”, “Кифоя” және басқа кітаптары халқымыздың рухани қазынасы болып табылады.



*Мұхтаржан
Абдуллах Бұхари
(1928-2002)*

МҰХТАРЖАН АБДУЛЛАХ БҰХАРИ

Мұхтаржан Абдуллах Бұхари 1928 жылы Қоқан қаласында дүниеге келген. Бұхарадағы Мір Араб, Ташкенттегі Барақхан медреселерінде, Сириядағы Дамаск жомесінің шарифат кулиясында білім алған.

1993-1997 жылдары Мауароуннаһр мұсылмандары кеңсесінің төрағасы, муфти болды. 2002 жылы қайтыс болған.

АБДУРАШИД ҚАРЫ АБДУМОМЫН ҚАРЫҒЛЫ БАХРАМОВ



*Абдурашид қары
(1953 -2011)*

Абдурашид қары 1953 жылы Әндіжан қаласында дүниеге келді. Бастапқыда Құран ілімдерін әкесі Абдумомын қарыдан үйреніп, 16 жасында Құрани кәрімді толық жаттап алды. Ол Бұхарадағы Мір Араб медресесінде және Ташкенттегі Ислам институтында білім алды. 1997-2006 жылдарда Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің төрағасы, муфти ретінде дінді бетперде еткен экстремизмге қарсы белсенді жұмыстар жүргізді.

Оның басшылығымен халық арасында діни-ағарту саласында түсіндіру және насихат жұмыстары жүргізілді. Республика мешіттерінде жүргізілетін жұма баяндамалары ретке келтіріліп, ӨМК-нің пәтуа

бөлімінде дайындалды және мешіттерге таратылатын болды.

УСМАНХАН ТЕМІРХАНҰЛЫ АЛИМОВ

Усманхан Алимов 1950 жылы 1 қаңтарда Самарқанд облысында туылған. Ол Бұхарадағы Мір Араб медресесінде, Ташкент Ислам институтында, Мароккодағы Қаровиун университетінде білім алған. 2006 жылы 8 тамызда Усманхан Алимов Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің төрағасы, муфти лауазымына сайланған.

Усманхан Алимов кезінде ислам діні саласында көптеген игі жұмыстар жүзеге асырылды. Мәселен, Хастимама кешені мен басқа зиярат орындары жөндеуден шықты. Өзбекстан ислам өркениеті орталығы, Өзбекстан халықаралық ислам академиясы, Мір Араб жоғары медресесі, Самарқандта хадис ілімі жоғары мектебі, Ақоид, Кәлем, Хадис, Фикх, Тасаввуф ілімі мектептері ұйымдастырылды. Усманхан Алимов “Тафсири Ирфон”, “Сұраған едіңіз”, “Суннат пен Хадис” және басқа ондаған шығармалардың авторы болып саналады.



Усманхан Алимов



Адам зейнімен биіктерге шығады, білімімен ұлылыққа қол жеткізеді.

*Юсуф
Хас Хажиб*



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Секталар өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін қандай жол ұстанады?
2. Секталардың қызметі қоғамның дамуы мен бейбітшілікке қандай әсерін тигізуі мүмкін?
3. Қазіргі заманда әлемнің діни көрінісінің өзгеруінде негізінен қандай себепшарттар рөл ойнап отыр?
4. Өзбекстанда қандай конфессиялар қызмет жүргізеді?
5. Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің қызметі жөнінде мәлімет жина.

§ 24 ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МИССИОНЕРЛІК ПЕН ПРОЗЕЛИТИЗМ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. ХХ-ХХІ ғасырларда пайда болған халықаралық миссионерлік одақтар.
2. Миссионерлік геосаяси ойындар құралы ретінде.
3. Миссионерлік пен прозелитизмнің ұлтаралық татулыққа және діни бауырмалдыққа тигізетін кері әсері.



ТАРИХҚА НАЗАР

1910 жылы Шотландияда Эдинбург миссионерлік конференциясы өткізілген.

ХХ-ХХІ ҒАСЫРЛАРДА ПАЙДА БОЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИОНЕРЛІК ОДАҚТАР

XX ғасырға қарай миссионерлік қызмет түрін саяси мақсаттарға пайдалануды көздейтін халықаралық миссионерлік ұйымдар құрыла бастады.

Шотландияда өткен Эдинбург миссионерлік конференциясында бүкіл дүние жүзі халықтарын христиандандыру стратегиясы талқыланып, миссионерлер дайындау, Тәуратты (Библияны) түрлі тілдерге

МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ



1970 жылы 2200 шетелдік миссияда 240 000 кәсіпқой миссионер жұмыс істеген болса, 2000 жылы 4800 шетелдік миссияда 420 000 миссионер үгіт-насихатпен айналысқан. 1970 жылы шетелдік миссиялардың қызметіне 3 миллиард АҚШ доллары жұмсалған болса, 2000 жылы бұл көрсеткіш 12 миллиардқа жеткен. Жетекші миссионерлік орталықтар қатарында “Миссиялар және бүкіләлемдік христиандық мектебі” (Бирмингэм), “Генри Маргин орталығы” (Кэмбридж, Ұлыбритания), Григориан және Урбаниан университеттері (Ватикан), “Шетелдік миссияларды зерттеу орталығы” (Нью-Хейвен, АҚШ) сияқтыларды атап өтуге болады.

аудару мәселелері бойынша түрлі одақтардың ынтымақтастығы келісілді. Аталмыш конференция заманалық миссионерліктің қалыптасуына түрткі болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отарлық жүйе быт-шыт болған соң, миссионерлік бұрынғы отарларда шіркеулердің абыройын сақтап қалу мақсатына пайдаланылды. Атап айтқанда, 1969 жылы Африка құрлығында 16 мың ер адам мен 30 мың әйел миссионерлікпен айналысқан.

Миссионерлер белгілі бір аумақта өз қызметін жүргізу үшін маңызды аймақтарды таңдап алады. Бүгінгі таңда христиан миссионерлерінің бүкіл назары олар “10-40 айна” деп атаған аумаққа бағытталған. Бұл аумақ солтүстік ендіктің 10 және 40-параллельдері арасындағы Атлант мұхиты жағалауларынан Кіші және Орталық Азия, Арабия түбегі, Оңтүстік Азияның Тынық мұхиттағы жағалауларына дейін созылып жатыр.

Аталмыш аумақта халқының дені ислам, будда, конфуций және индуизм діндеріне табынатын мемлекет-



Опасыздық
жасамасаң,
өзің де опа
табасың.

**Әлішер
Науаи**



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

10- және 40-параллельдер арасындағы Атлант мұхиты жағалауларынан Кіші және Орталық Азияға, Арабия түбегіне және Оңтүстік Азияның Тынық мұхит жағалауларына дейін созылып жатқан аумақ “Қақтығыстар зонасы” болып табылады.

Альфред Мехен, саясатшы.

Бүгінгі таңда әлеуметтік-саяси шиеленістер мен қарулы қақтығыстардың дені “10–40 айна” ішіндегі мемлекеттерде орын алып отыр. Бұлардың себебі неде деп ойлайсың? Пікіріңді негізде.



Бақытты
біреулердің
табалдырығы-
нан іздегеннің
өзі —
бақытсыздық-
тың бастауы.

*Абдулла
Қаһар*

тер орналасқан. Нақ осы аумақта әлемдегі ең ірі газ, мұнай, уран қорлары, материкаралық стратегиялық маңызы бар транскоммуникация жолдары, бұғаздар мен шығанақтар орналасқан.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында бұрынғы социалистік лагерьдің ыдырап кетуіне байланысты Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағы аумағында пайда болған тәуелсіз мемлекеттерде Батыс елдерінде орналасқан түрлі протестант қауымдардың жоғары белсенділігі байқалды. Жергілікті халық үшін дәстүрлі емес діни қауым насихатшылары қоғам мен мемлекет алдында әлеуметтік татулықты сақтау бойынша ешқандай жауапкершілік алмаған және сезінбеген күйде тек өз қатарын кеңейтумен ғана айналысқан. Мысалы, тек Ресейдің өзінде 2000 жылдың аяғында 4,5 мыңнан астам протестанттық шіркеу тіркеуден өткен.

Бүгінгі таңда Украина христиан миссонерлік ұйымдарының ТМД мемлекеттері ішіндегі ең ірі қонақжайына айналып отыр. Бұл мемлекеттің заңдылығында шетелдіктер үшін визалардың жойылғандығы, діни ұйымдарға шетелден тәуелсіз қайырымдылық көмек алып, таратуға рұқсат берілгені, сонымен қатар діни қағидаттарды білім жүйесінің барлық буындарына — балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін оқытуға жол ашылғаны жаңа діни конфессияларға, әсіресе евангелиешіл протестанттар қауымдарына қолайлы мүмкіндіктер туғызды.

Дәстүрлі емес діни ұйымдар конфессияаралық келіспеушіліктердің туындау мүмкіндігін ескермей, өз қатарын кеңейтуге ұмтылуы ауыр салдарларға соқтыруы әбден мүмкін. Бір ұлтқа тән, ортақ тілде сөйлесетін, ортақ тарих пен бірыңғай мемлекеттің азаматтарын діни себепшарттар негізінде бөлшектеп тастауға бағытталған қозғалыстарды қоғамға төнген қатер деп бағалауға болады.




Африка материгіндегі миссионерлік.

Мысалы, Африка және Азия аймағындағы бірқатар мемлекеттердегі миссионерлік пен прозелитизм қызметіне байланысты байырғы халықтың діни құрамындағы тепе-теңдіктің бұзылуы түрлі дін өкілдері арасында туындаған тұрақты жанжалдарға себеп болып отыр.

Африканың солтүстік-шығыс бөлігіндегі Судан Республикасының негізгі мұнай қорлары орналасқан оңтүстік аумақтары өткен ғасырдың ішінде католик және протестант миссионерлері тарапынан белсенді түрде христиандандырылған болатын.

2011 жылы Африкадағы ең ірі мемлекет болып саналатын Судан Республикасы екіге — мұсылмандар басым көпшілікті құрайтын Судан және халқының дені христиандардан тұратын Оңтүстік Судан Республикасына бөлініп кетті. Индонезияның христиандандырылған солтүстік аумақтары – Суматра, Су-



Адам өзіне-өзі бойсұнды және өз шешімдерінен бас тартпауды үйренуге тиіс.

Цицерон



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Цицерон “Адам өзіне-өзі бойсұнуды” дегенде нені айтпақ болды? “Өз шешімдерінен өзі бас тартпауды үйренуге” дегенде ше? Бұларды “пікірге қарсы — пікір, идеяға қарсы — идея, жауыздыққа қарсы — ағарту” қағидатымен байланыстыра түсіндір.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Алған білімдерің негізінде төмендегі суреттерге шолу жаса.




лавеси және Молуккода мұсылмандар мен христиан прозелиттері ортасында діни келіспеушіліктерге байланысты үздіксіз қақтығыстар, адам өлтіру, лаңкестік әрекеттер болып жатады.

2017 жылы мұсылман тұрғындарының саны бойынша бірінші орынға шыққан Индонезияда 27324 христиан миссионері қызмет жүргізіп отыр. Жаңадан пайда болған кейбір діни қауымдарда ізбасарлардың санасын бақылауда ұстау, қорлау, тіпті өзін-өзі өлтіруге мәжбүрлеу фактілері көбейіп кеткен.

Орталық Азия аймағы үшін дәстүрлі емес жаңа діни қауымдардың қатары негізінен ислам дініне табынған байырғы тұрғындар мен бұрындары православие дінінде болған христиандар есебінен молығуда. Әлемдегі барлық мемлекеттерде де миссионерлік қызметке заң жүзінде тыйым салынбағандықтан, миссионерлер жаңа діни қауымдардың идеяларын ашық, жария түрде насихаттау мүмкіндіктеріне ие болған. Үгіт-насихат жұмыстары арнайы теле және радиобағдарламалар, интернет тармағы, хабарландырулар мен жарнамалар арқылы жүргізіліп келеді.

Өзбекстанда (2017 ж.) кейбір діни конфессиялардың өкілдері, соның ішінде, бейресми қоғам мүшелері тарапынан діни әдебиеттерді республика аумағына алып кіру және тарату, тұрғындар ортасында өздерінің діни сараптамадан өткізілмеген буклет, журнал, электронды дискілерін тарату сияқты заңбұзушылықтарға жол берілуде.

Дінін өзгертіп жатқан тұлғалардың (прозелиттер) басым көпшілігі бұл діннің ережелерін терең түсініп қабылдап алмай, миссионерлер тарапынан қолданылған ықпалдар жетегіне еріп, өз нанымдарын өзгертіп жатыр. Миссионерлер өз қызметтерін төмендегідей әдістермен жүргізеді:



Біздің нәпсі-құлқынмыз соншалықты күшті, оған әрі іштен, әрі сырттан қатаң ережелермен тыйым салғанда ғана тыюға болады.

*Махатма
Ганди*



Егер оқысаң,
бірақ ойлама-
саң – шалыс
басасың. Егер
ойласаң, бірақ
оқымасаң –
шүбә-күмән-
дар астында
қалып кетесің.

Конфуций

– жастарға ағылшын, корей тілдерін, компьютермен жұмыс істеуді үйрету желеуімен оқу курстарын ашу және сол жерлерде өз дінін насихаттау;

– шетелде оқуға, жұмыс істеуге немесе шетел азаматымен тұрмыс құруға жіберу желеуін пайдалану;

– балалар мен жасөспірімдерді жаз мезгілінде шіркеу жанындағы немесе таулы аумақтардағы демалыс лагерьлеріне тарту және сол жерлерде өз ықпалын жүргізу;

– қайырымдылық көмек көрсету (ақша, дәрі-дәрмек, киім-кешек, азық-түлік өнімдерін тарату), үйді жөндеуге көмектесу барысында миссионерлік әрекеттер жүргізу;

– тегін медициналық көмек көрсету желеуімен ауру адамға ықпал жасау;

– тегін тамақ тарату;

– әлеуметтік қорғауға мұқтаж жанұяларға ешкі, сиыр сатып әперу, мейрам күндерінде махаллаларды аралап, балаларға сыйлықтар тарату, “Қайырымдылық” және “Мейірбандық” үйлерінде мерекелік дастарқан ұйымдастыру.



ТАРИХҚА НАЗАР

Миссионерлердің қызметі себепті ХХ ғасырдың 70-жылдарында АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында Джим-Джонс есімді тұлға тарапынан негізі қаланған “Халық ғибадатханасы” атты ұйымның қызметі арқасында 912 адам, АҚШ-тың Техас штатында Дэвид Корэштін қызметі қалыптастырған “Дэвид әулеті” сектасының қызметінен 100-ге жақын адам, Қытайдағы “Фалаунгун” сектасының іліміне ергендерден 14 мыңнан астам, АҚШ-та пайда болған “Аспан қақпасы” сектасы мүшелерінен 60-тан астам, Угандадағы “Құдайдың он бұйрығын қайта тіктеу қозғалысы” сектасы мүшелерінен 1000-нан астам адам өз жандарына қастандық жасаған.

Хорезм облысы мен Қарақалпақстан Республикасының күрделі экологиялық жағдайға душар болған аумақтарында “ауызсуды жақсарту”, “бала мен ананың денсаулығын нығайту” секілді сырт көрінісінен қайырлы мақсаттарға бағытталған бағдарламалар аясында тұрғындар арасында миссионерлік қызмет жүргізуді көздеген әрекеттер де байқалған.

Елімізде миссионерлік қозғалыстарға, яғни бір діни конфессиядағы діндарларды өзге дінге енгізуге бағытталған іс-әрекеттерге (прозелитизм), сондай-ақ кез келген басқа қызметтерге тыйым салынуы заң құжаттарында белгіленіп, бұндай жұмыстармен айналысқан тұлғаларды жауапкершілікке тартуға негіз болады.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Алғашқы халықаралық миссионерлік ұйым қашан және қай жерде құрылған?
2. Бүгінгі таңда қай діннің ізбасарлары миссионерлік қызметте көш бастап келеді?
3. Қазіргі христиан миссионерлерінің назары қай аумаққа бағытталған?
4. Сеніңше, миссионерлік қызмет қандай зиянды зардаптарға соқтырады?
5. Берілген суреттерге мұқият зер сал және миссионерлердің қызметі мен оның адам өміріне әсері жөнінде әңгімеле.
6. Өзбекстан Республикасы Әкімшілік жауапкершілік туралы және Қылмыс кодекстерінен миссионерлікпен және прозелитизммен байланысты заңсыз әрекеттер үшін қандай жауапкершілік белгіленгенін анықта.

§ 25

ДИНИ БАУЫРМАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Діни бауырмалдық мәдениетін қалыптастыру зәрулігі.
2. Өзбекстандағы бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) мен мерзімді баспасөзде діни бауырмалдық мәдениетінің насихатталуы.
3. Діни ұйымдардың басылымдары және БАҚ-та жариялануы.

XX ғасырдың 80-жылдарында қоғамда орын алған тоқырау кезінде дін мен діни көзқарастарды өз мүддесіне пайдаланып қалғысы келген кейбір экстремистік топтар ислам дінін қорғауды бетперде етіп, бүлдіру жұмыстарымен шұғылданды. Әлдеқандай діни партиялар, діни өкімет жөнінде қисынсыз әңгімелер таратылды. Олар материалдық қиыншылықтар шеңгеліне түскен халықтың көңіл күйін пайдаланып, үкімет пен халық ортасына от салуға әрекеттенді. Наманган, Әндіжан, Ферғана және Ташкент қалаларында сан қилы митинг-жиналыстар кө-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Бауырмалдықтың сөздік мағынасы – өзгенің саған ұнамайтын жақтарына сабыр-төзіммен қарау. “Бауырмалдық” (“толеранттық”) сөзі дерлік барлық тілдерде бірдей мағынада немесе бірін-бірі толықтыратын мазмұнмен айтылады. Оларды қорыта отырып, “бауырмалдық” ұғымының төзімділік, сабырлылық, шыдамдылық, өзге көзқарастар мен іс-әрекеттерге құрметпен қарау, кеңпейілділік, мейірбандық, жанашырлық тәрізді баламалары да бар деуге болады.

бейді. Ақыр соңында жалған діндарлардың бетпердесі жыртылып, абыройлары айрандай төгілді.

XX ғасырдың 80-жылдарында халқымыздың қаны мен жанына әбден сіңіп кеткен, күнделікті өмір салтына айналған ислам дініне қарсы күрес тағы да күшейді. Ол қараңғылық пен надандықтың рәмізі ретінде қараланды.

Бірақ “Дін – апиын” деген атеистік ұран иманы мен сенімі күшті халқымыздың негізгі бөлігінің жүрек төріндегі дінге деген құрметті өзгерте алмады.

Сол кезеңдегі республика басшылығы еліміздегі ұлтаралық татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық шаралар мен мүмкіндіктерді жұмылдырып, іске қосты. Қордаланып қалған проблемаларды тезірек жоюға бар күш-жігерді салып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет ету керектігін түсіндірді. Бұл салада қажет болған жұмыстарды жүзеге асырды.

Қасиетті сезімдері тапталып, әбден зәрезап болған халық дінге даңғыл жол ашылғанын, діни ілімге назар аударылып жатқанын зор қанағатпен қарсы алды. Нақ сол кезде Өзбекстан аумағында өз мәдениеті мен дәстүрлері бар 130-дан астам ұлт пен




1989 жылғы оқиғалар.



ШЫҒАРМАШЫ- ЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Кең пейіл,
кетпес дәулет
берсін» деген
тілекті қалай
түсінесің?

«Кең
пейілділік»
деген ұғым мен
«бауырмалдық»
ұғымы арасында
қандай
байланыстылық
бар?



Бір күн жан-
жал шыққан
үйден қырық
күн береке
кетеді.

*Халық
мақалы*



«Сендермен дін жөнінде ұрыс жасамаған өзге дін өкілдерімен барды-келді орнатындар, олармен әділетті қарым-қатынас жасаңдар».

*Құрани кәрімдегі
“Мумтаһана”
сүресі,
8-, 9-аяттар,
Әбу Лайыс
Самарқандидің
тәпсірі*

ұлыс өкілдері жасайтын. Мемлекет халқының ұлттық құрамының негізін өзбектер құрады.

Міне, осындай жағдайда көп конфессиялы мемлекетімізде дінаралық бауырмалдық ортаны нығайту аса көкейкесті проблемалардың бірі болып қалды.

Бауырмалдық жөнінде сөз қозғалғанда, бұл халқымыздың ежелгі қасиеттерінің бірі екендігін атап өткен абзал. Энциклопедист ғұлама Әбу Райхан Беруни христиандық ілімді үйрену барысында Тәуратқа енген төрт інжіл туралы мәліметтерді келтіріп, олардың арасындағы айырмашылықтарды да талдап берген. Оның жазуына қарағанда, Хорасан митрополитінің тұрағы Мерв қаласында болған. Ал бұл сол кездерде мұсылман халықпен бірге христиан қауымы да өз ғибадаттарын емін-еркін жүзеге асырғандығын дәлелдейді.

Бүгінгі таңда Өзбекстанда жұмыс жүргізіп жатқан түрлі сенім-нанымдардың өкілдері де діни бауырмалдық идеяларын жақтайды. Мысалы, Ташкент және Орта Азия иепархиясының бұрынғы басшысы, митрополит Владимир: “Православие мен Ислам екі түрлі дүниетанымды өз бойына жинақтаған діндер екенін атап өткен орынды. Сол себепті жаратылыс



ТАРИХҚА НАЗАР

Имам Әбу Мансұр Мотуриди (870-944) Құрани кәрімнің “Хаж” сүресінің 40-аятын тәпсір жасап, былай дейді: “Шіркеулер мен синагаларды ойрандауға тыйым салынады. Сол үшін де мұсылмандар елінде олар осы күнге дейін бұзылмай сақталған. Бұл мәселеде ғылыми қауым арасында келіспеушілік жоқ”. Ғалым бұл арқылы мұсылмандар басқа бір дін өкілдерімен бір қоғамда бейбіт қатар өмір сүрсе, ешқандай проблема болуы мүмкін еместігін атап көрсетеді.

жөніндегі түрлі пікірталастар, христиандық пен мұсылмандықтың нәзік ілімдері туралы айтыс-тартыстар тіптен керексіз және ол игі іске зиянын тигізуі мүмкін. Біз өзіміздегі айырмашылықтарды шиеленістірместен, бір-біріміздің мәдениетіміз бен сенім-нанымымызға құрмет тұрғысынан қарауға ұмтылғанымыз жөн”, – деген пікірді ұсынған. Ол көптеген ғылыми мақалаларында, халықаралық конференцияларда біздің еліміздегі мұсылмандар мен православтар ортасында өзара құрмет ежелден-ақ қалыптасқандығына назар аударады.

Мемлекетте тыныштық болуынан түрлі конфессиялар өкілдері де мүдделі. Сол себепті де еліміздегі түрлі дін өкілдері конфессияаралық диалогқа орай шаралардың тұрақты өткізілуін қалайды.

Осындай шаралардың бірінде әрбір конфессия өкілі өз қызметі туралы айтып, бұл шараларда ұлтаралық және конфессияаралық келіспеушіліктің алдын алу үшін не істегені жөнінде тоқталып өтті.

Өзбекстан Тәурат қоғамының атқарушы директоры С.Митин: “Діни бауырмалдық және заңның үстемдігі – бұл көп ұлтты мемлекеттің құрылы-



Мұсылмандар елінде шіркеулер мен ғибадатханалар бұзылып кетсе, оларды өз орнына қайта тіктеп қоюға болады.

**Бұрханиддин
Маргинони**



ТАРИХҚА НАЗАР

Тарихта “Худайбиа келісімі” деп аталатын бейбітшілік бітімінде мұсылмандардың бейбітшіліксүйгіш саясаты Құрани кәрім аяттары негізінде екендігі көрініс табады. Бұл келісім мұсылмандар үшін зиянды жасалғанымен, ислам дінінің бейбітшіліксүйгіштігін және қан төгілуінің алдын алудағы орнын көрсетіп берді.

«Егер олар бітімге бейіл болса, Сен де оған бейіл бол және Аллаға тәуекел ет!»

Құрани кәрім. “Анфол” сүресі, 61-аят.



Кемел нәрсе артықшылықты да, кемшілікті де қабылдамайды.

Әбу Райхан Беруни

сы үшін қажетті іргетастың бір бөлігі”, – деген көзқарасты алға тартты.

Армян апостол шіркеуінің өкілі “Ешкім өз дінін басқаларға тықпалауға немесе өзге діндегілерді кемсітуге құқылы еместігін” атап көрсетіп, Фридрих Великийдің: “Барлық діндерге сабыр-төзімділікпен қараған жөн, өйткені әрбір адам дегеніне өз жолымен жетеді”, – деп атап көрсетуі түрлі конфессия өкілдерінің еліміздегі діни бауырмалдық қағидаттарын қолдайтынын білдіреді.

Өзбекстанда қызмет жүргізіп жатқан ислами емес конфессиялардың өкілдері де түрлі сенімдегі азаматтар ортасындағы татулық пен достық арқауларын нығайту бойынша айтарлықтай беделге ие болып келеді. Бүгінге дейін елімізде бауырмалдықтың әлеуметтік мәні, көрініс табу пішіндері, қоғамның да-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мына мәтіндегі хикаяны бейбітшіліксүйгіштік және бауырмалдық қағидаттарымен байланыстыр.

Елші Кастилия королінің құзырына барып, Темірбектің хаты мен сый-сияпаттарын, асыл тастары мен ол жіберген казактарды тарту етті. Ұлы король Темірбек жолдаған хат пен тарту-таралғыларды қабылдап, оның жазбаша және ауызша айтып жіберген сөздерін тыңдаған соң, достық қарым-қатынастарды нығайту ниетінде лайықты сауға-сәлемдерді дайындап, жөнелтуді бұйырды. Жаратылыстану магистрі Фра Альфонсо Поес де Санта Марияны, Руи Гонсалес де Клавихоны және корольдің жеке сақшысы Гомес де Салазарды Темірбектің құзырына елшілікке жіберуді, олар арқылы өз хаты мен тарту-таралғыларын жолдауды ұйғарды.

Руи Гонсалес де Клавихо, “Самарқанттағы Әмір Темір сарайына саяхат” күнделігінен.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

II Дүниежүзілік соғыс кезінде ташкенттік темірші Шоахмад Шоахмудовтың жанұясы түрлі ұлттардың қараусыз және жетім қалған балаларын асырап алған. Бұлар: Хабиба, Вова, Шухрат – орыс, Хамидулла – украин, Рафиқ, Рахматулла – татар, Холида – молдаван, Самуқ – чуваш, Юлдаш, Ергаш – еврей, Халима – қазақ, Қарабай, Немат, Муазам, Ұлықбектер – өзбек болатын.

II Дүниежүзілік соғыс жылдарында халқымыз көрсеткен рухани ерлікті Шоахмудовтар отбасы мысалында түсіндіріп бер. Пікірінді “ұлттаралық татулық”, “діни бауырмалдық”, “ұлттық және жалпыадамилық құндылық” ұғымдары негізінде сипатта.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Еліміздің халқы бүгінгі таңда 32 млн адамнан асты. Солардың 80%-ын өзбек, 4,9%-ын тәжік, 3,8%-ын орыс, 3,6%-ын қазақ және 7,7%-ын басқа түрлі ұлттардың өкілдері құрайды. Көп ұлтты мемлекет көп конфессиялылыққа негіз болады. Барлығы 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдерінен тұратын халқымыз арасында исламнан тыс христиандық, яхудилік, буддистік және басқа конфессияларға табынатындар да бар.



... бірер
қауымды
(адамдарды)
жақтырмау
сендерді оларға
әділетсіздік
көрсетуге
шақырмасын.

*Құрани кәрім,
Мойда сүресі,
8-аят*

муын қамтамасыз етудегі орны мен маңызы сияқты мәселелерге арналған бірқатар зерттеулер жүзеге асырылды.

Өзбекстандағы конфессиялар өкілдерінің өзара құрмет негізінде құрылған қарым-қатынастарын тарихи тұрғыдан зерттеу елімізде діни бауырмалдық дәстүрлерінің ғасырлар бойы қалыптасқанын көрсетеді және бұндай қасиеттердің жастар санасында да нығаюына қызмет етеді.

Діни сала өкілдері өз қызметтерін дін және мемлекет қарым-қатынастарындағы негізгі міндетті – діннің саясатқа араласпауы, кез келген дін, бірінші кезекте рухани-ақылақтық жақтарды қамтып алуы жөніндегі қағидатқа сүйене отырып, дәйектілікпен жүзеге асыруы мақсатқа сай келеді.

Мемлекеттегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қатер төндіруі ықтимал себепшарттардың бірі – миссионерлік. Заң жүзінде тыйым салынғанына қарамай, іс жүзіндегі діни бауырмалдық қағидаттарына қайшы түрде, дінаралық келіспеушіліктерге соқтыратын миссионерлер қызметін жан-жақты сараптап-талдау оларға қарсы іс-шаралардың тиімділігінде маңызды рөл атқарады.



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Бауырмалдық қағидаттары Декларациясындағы “толеранттық” сөзі қазақ тіліне “бауырмалдық” деп аударылған соң, бұл сөз оп-оңай сіңісіп кетті. Орыс тіліндегі “терпимость” сөзі былайша айтқанда “снисходительность”, яғни бауырмалдық, кеңпейілділік мағыналарын білдіреді. Діни сала жөнінде сөз қозғалғанда, орыстар “веротерпимость” сөзін қолданады. Сонда бұл қазақ тіліне сөзбе-сөз аударғанда “діни бауырмалдық” деген мағынаны аңғартады.

Толеранттық, яғни бауырмалдық ұғымы тек рухани борыш қана емес, сонымен қатар саяси әрі құқықтық сұраныс та. Тарихи қайнаркөздер біздің өлкемізде сонау ерте замандардан-ақ зардуштилік (зороастризм), буддизм, иудаизм (яхудилік) және насрани (христиандық) секілді күрделі идеологиялық жүйелері бар діндердің бейбіт қатар қызмет жүргізгендіктерін дәлелдейді. Нақ осындай жағдайды бүгінгі Өзбекстандағы ислам, христиан, яхуди діндері мен басқа да конфессиялардың өзара қарым-қатынастары мысалынан да көруге болады.

Көп ұлтты және көп конфессиялы елімізде ұлтаралық ынтымақ пен діни бауырмалдық бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат түрлі ұлттар мен барлық діни конфессиялар өкілдерінің емін-еркін өмір сүруіне берік іргетас қалады. Бүгінгі болмыс – осының жарқын дәлелі.

Конституция негізінде қабылданған “Ождан еркіндігі және діни ұйымдар туралы” заңға орай, “Мемлекет діни конфессиялар ортасындағы бейбітшілік пен татулықты қолдайды. Бір діни конфессиядағы діндарларды басқасына енгізуге бағытталған іс-әрекеттерге (прозелитизм), сондай-ақ кез кел-



Оның белгілерінің (тағы бірі) – көк пен жерді жаратуы және сендердің тілдерің мен түстеріңнің алуан түрлілігі. Әрине, бұнда барлық әлемдерге тән белгілер бар.

*Құрани кәрім,
Рум сүресі,
22-аят*



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мына мәтіндегі “Ол адам емес пе?” тіркесін сен қалай түсіндің? Адамдық, адамгершілік дегенде нені түсінесің?

«Нәбидің (ғалейкісалам) алдынан жаназа алып өтілді. Сонда ол орнынан тұрды. Адамдар: “О, Расулуллаһ, бұл яхудидің жаназасы зой”, – десті. Ол кісі: “Ол адам емес пе?” – деді.

Имам Бұхаридің аңызы

ген басқа миссионерлік қызметтерге тыйым салынады. Бұл ереженің бұзылуына айыпты тұлғалар заң құжаттарына сәйкес белгіленген жауапкершілікке тартылады».

Орталық Азиядағы мұсылмандық және басқа конфессияларға жата-тындар ортасындағы қарым-қатынастар әрі саяси, әрі тұрмыстық деңгей-дегі екі ерекшелікке негізделген, бұлар – өзара құрмет пен бауырмалдық. Бұл қарым-қатынас әр түрлі діндер өкілдерінің күрделі тарихи үдеріс-тердің сынақтарын табандылықпен жеңіп өтуі нәтижесінде қалыптасқан. Елімізде бейбітшілік, прогресс және тоқшылық болуын қалайтын барлық діни конфессиялардың өкілдері республикада және шетелдерде ұйымдас-тырылып жатқан рухани және ағарту шараларына қатысып келеді.

Сонымен қатар олар елімізде дінаралық татулықты қолдау және түрлі келіспеушіліктер мен қайшылықтарды туындататын миссионерлік секіл-ді іс-әрекеттерге тойтарыс беру шараларына белсене қатысуда. Олардың халықаралық жиындарда Өзбекстанда сенім бостандығын қамтамасыз ету, ұлтаралық және дінаралық татулықты тұрақтандыру бойынша жүзе-ге асырылып жатқан реформалар жөнінде жасаған баяндамалары әлемдік қоғамдастықтың бұл реформалармен жақын танысуында маңызды рөл атқарып отыр. Бұндай қарым-қатынастар мемлекет тарапынан да ынта-ландырылуда. Митрополит Владимирдің “Достық” орденімен марапатта-луы осының жарқын дәлелі болып табылады.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Діни бауырмалдық мәдениетін қалыптастыру зәрулігінің туындауы қандай себепшарттарға байланысты?
2. Діни бауырмалдық ислам дінінде және ұлттық әдет-ғұрыпта-рымызда қалай қабылданады?
3. Мемлекетте бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда діни ба-уырмалдықтың иелейтін орны қандай? Пікіріңді мысалдар-мен негізде.

§ 26–27

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ



БҮГІНГІ САБАҚТА ТӨМЕНДЕГІЛЕРМЕН ТАНЫСАСЫҢ:

1. Өзбекстандағы діни білімнің тарихи тамырлары.
2. Өзбекстанда жұмыс істейтін медреселер мен семинариялар.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМНІҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Отанымыз тарихындағы діни білімнің тамырлары сонау ерте замандардан бастау алады. Алғашқы орта ғасырларда өлкемізде кең көлемде жұмыс жүргізген медреселерде діни білімдермен қатар дүниелік білімдер де оқытылған. Бұл медреселер өз заманында орта арнаулы және жоғары білім беру міндетін толыққанды орындап келген.

Ташкент, Бұхара, Самарқанд, Хиуа сынды қалалар ең ірі білім орталықтары болған, XV-XIX ғасырларда бүкіл мұсылман әлемінің жоғары білім орталықтары ретінде танылған.

Патшалық Ресей шапқыншылығынан кейінгі кезендерде медреселердің қызметі едәуір төмендеді, кейбіреулері мүлде жабылып та қалды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіне қарай жәдит мектептерінің қызметі жанданды. Ташкент,



Адамдарды жақсылыққа жетелейтін және жамандықтан қайтаратын жалғыз нәрсе – білім.

*Абдулла
Авлони*



ТАЯУДАҒЫ ТАРИХТА

XIX ғасырдың соңына қарай Бұхара әмірлігінде 336, Хиуа хандығында 132, Түркістан өлкесінде 348 медресе тіркелген болатын.



Ей, адам перзенті, сен алдымен білімді бол, ол саған әкеңдей болсын. Содан соң тамақты сүйіп же, ол саған мейірбан анандай болсын. Өзіңді олардың бауырында ұста, сонда Жаратқан сені бәле-жалалардан сақтайды.

*Махмуд
Замахшари*

Самарқант, Қоқан қалалары жәдит мектептерінің орталықтарына айналды.

1917 жылдың бас кезінде Түркістанда 100-ге жуық жаңа әдіс мектептері жұмыс жүргізді, оларда 4 мыңнан астам оқушы білім алды. Бұл мектептерде ислам діні негіздерімен қатар, шет тілі, физика, химия, математика, психология, гигиена, агрономия, экономика және есеп-қисап секілді заманалық пәндер де оқытылған.

Кеңес Одағы құрылған соң, дінге және медреселерге қарсы аяусыз күрес жүргізілді. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кеңес мемлекеті өзінің саяси мүдделері жолында дінге деген көзқарасын біраз жұмсартты.

1943 жылы Ташкентте Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары кеңсесі (ОАҚМК) ұйымдастырылып, ол Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан республикалары діни ұйымдарының қызметін үйлестіруге кірісті.

1945 жылы Бұхарада Мір Араб медресесі ұзақ жылдық үзілістен соң өз қызметін қайта бастады. Көп өтпей Ташкенттегі Барақхан медресесі де қызметін жандандырып, 1971 жылы оған Имам Бұхари атындағы Ташкент ислам институты атағы берілді. 1990 жылға дейін бұрынғы Кеңес Одағы аумағында осы екі білім ордасынан басқа ислами білім мекемелері болмаған. Олар негізінен Орта Азия мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ – Среднеазиатское



ТАРИХҚА НАЗАР

Маңғыттар үстемдігі заманында Бұхара әмірлігінде көптеген ірі құрылыстар – Шайх Жалол қақпасы мен қонақүйі (18-ғасырдың 2-жартысы), Дамулла Тұрсынжан медресесі (1796-97), Халифа Худайдад ансамблі (1777-1855), Чорминор (1807), Әмір медресесі (20-ғасырдың бас кезі), Ситораи Мохи Хоса (19-20 ғасырдың бас кезі) және басқа үйлер мен құрылыстар салынды.

духовное управление мусульман) құзырындағы мешіт имамдарын дайындауға маманданды.

ӨЗБЕКСТАНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МЕДРЕСЕЛЕР МЕН СЕМИНАРИЯЛАР

Өзбекстан Республикасы өз тәуелсіздігіне ие болған соң діни білім беру саласына да айрықша назар аударылды. Мемлекеттік тіркеуден өткен медреселер мен діни-мәдени нысандар Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің құзырына тапсырылды. Бүгінгі таңда елімізде төмендегідей діни білім мекемелері жұмыс жүргізуде:

Имам Бұхари атындағы Ташкент ислам институты (Ташкент қ.) – 1971 жылы 1 қазанда ұйымдастырылған, Барақхан медресесі ғимаратына орналасқан. 2007 жылы Ташкент ислам мәдениетінің астанасы болып жариялануына байланысты Хастимам кешені қайта құрылды. Бүгінгі таңда институт Хазірет Имам (Хастимам) сәулеткерлік кешені құрамына енген.

“Мір Араб” орта арнаулы ислам білім орны (Бұхара қ.) – Шайх Саид Абдулла әл-Яманидің бастамасымен Әмір Убайдуллаханның қаржыларына 1530-1536 жылдарда салынған.

“Мір Араб” жоғары медресесі (Бұхара обл.) – Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.Мирзияевтің бастамасымен 2017 жылы ұйымдастырылған бұл жоғары білім мекемесі Бұхара облысының Когон ауданындағы Баһауддин Нақшбанд зиярат орны аумағында орналасқан.



Ташкент ислам институты.



Бұхарадағы «Мір Араб» жоғары медресесінің ашылу рәсімі.



Адал адамды
қудалауға бола-
ды, бірақ оны
шерменде қыла
алмайсың.

Вольтер

“Көгалдаш” орта арнаулы ислам білім орны (Ташкент қ.) – 1569-1570 жылдарда Барақхан салдырған. 1999 жылы бұл медресе орта арнаулы білім орны ретінде қайта ашылды.

“Сайид Мухиддин Махдум” орта арнаулы ислам білім орны – 1992 жылы Әндіжан облысы Алтынкөл ауданы Жалабек қыстағында салынған.

“Молда Қырғыз Охунд” медресесі – 1914-1915 жылдары Наманган облысында Атауллахан салдырған. 2014 жылы “Хидоя” деген атпен орта арнаулы ислам білім орны ретінде қайта ұйымдастырылған.

“Фахриддин ар-Рози” орта арнаулы ислам білім орны – 1992 жылы Хорезм облысының Ханқа ауданындағы “Кұдайқұлы Ишан баба” мешіті ғимаратында өз қызметін бастаған. 1994 жылы Үргеніш қаласында орналасқан “Дошқинжан баба” тарихи ғимаратына көшірілген.

“Қожа Бұхари” орта арнаулы ислам білім орны – 1992 жылы Қашқадарияның Китаб ауданында ұй-

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Берілген мәтінді оқы және төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Ислам дінінде ғылым-білімге назар аударылған және оны насихаттаған. Сонда қандай мақсаттар көзделген?

2. Білім мен ғылымның қолдау табуы қандай нәтижелерді берген?

Әлемдегі ең алғашқы аурухана 707 жылы мұсылмандар тарапынан ашылды (мемлекет қаржыландырып тұрғандықтан оны қазір “бюджеттік ұйым” дейтін еді). Бұл ауруханада медбикелер қызмет көрсеткендіктен, көп өтпей медицина институттарының қызметі қолға алынды. Сан ғасырлар бойы нақ осы мұсылман дәрігерлері көз ауруларын тексеру және емдеу бойынша білікті мамандар болып саналған.

ымдастырылған. Медресеге Саидахмад Вали Қулохдоз Қожа Бұхари аты берілген.

“Мухаммад Беруни” орта арнаулы ислам білім орны – 1992 жылы Қарақалпақстан Республикасының астанасы Нүкіс қаласында ашылған. Білім орны Нүкістегі “Имам Ишан” жоме мешіті ғимаратына орналасқан.

“Жойбөрі калон” әйелдер орта арнаулы ислам білім орны (Бұхара қ.) – XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында Бұхара әкімі Абдулазизханның жарлығымен салынған. Медресе 1992 жылы өз қызметін қайта жандандырды.

“Хадишаи Кубро” әйелдер орта арнаулы ислам білім орны (Ташкент қ.) – өз қызметін 1993 жылы бастады.

Елбасымыз Шавкат Мирзияевтің бастамасымен 2017 жылы Бұхара және Терміз мемлекеттік университеттерінде ислам тарихы мен деректанушылығы бо-



Ташкент ислам институтының бітірушілері.



ТАРИХҚА НАЗАР

Сәулеткер Исмайыл ибн Тахир Махмуд Исфакхани Мырза Ұлықбектің нұсқауымен 1417 жылы Бұхарада медресе құрылысын бастаған. Медресенің ағаш қақпасына “Ғылымға ұмтылу әрбір мүсілім мен мүслима үшін парыз болып саналады” деген хадиси шәріп араб тілінде оймышты жазулармен жазылған. Қақпаның темір қалқасына билеуші Мырза Ұлықбектің рухиятына тән мына бір сөйлемдерді ғалымға қатты мейір қойған жас сәулетші шеберлердің бірі жазып қалдырған: “Ғылым дұрданаларынан сусындаған адамдарға Алла тағала алғыс есігін ашсын”.



*Білім үйрену
ісінде ешқашан
да үзіліс
болмауға тиіс,
бұл үлкен
олқылыққа
соқтырады.*

**Бұрханиддин
Марғиони**

йынша мамандар дайындау қолға алынды. Сонымен қатар Самарқантта жаратылыстану мен хадистанушылық, Бұхарада сопылық, Қаршы қаласында ақоид, Марғыланда ислам құқығы ғылыми мектептері ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі “Діни-ағарту саласы қызметін түбірінен жетілдіру іс-шаралары туралы” Жарлығына орай Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің Өзбекстан ислам академиясы және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Ташкент ислам университеті негізінде Өзбекстан халықаралық ислам академиясы құрылды.

Жарлыққа орай Өзбекстан халықаралық ислам академиясы Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі мен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін істері комитетінің құрылтайшылығымен Құран ілімдері, хадис, ислам құқығы, ақида, тасаввуф, ислам экономикасы мен қаржысы, халықаралық байланыстар, шет тілдер (араб, парсы, ағылшын, орыс, урду, түрік) және басқа халықаралық шеңберде сұранысы бар салалар бойынша білік-



МӘЛІМЕТ РЕТІНДЕ

Халықаралық ағарту бюросының соңғы мәліметтеріне қарағанда, Сауд Арабиясы мен Йемен бүгінгі таңда діни білімге ең көп оқу сағаттары бөлінген мемлекеттер болып саналады. Атап айтқанда, Сауд Арабиясында діни білім үшін жалпы білім беретін мектеп оқу бағдарламасының алғашқы 6 жылында 1458 сағат (осы күнге дейінгі жалпы оқу сағаттарының 31 пайызы), ал Йеменде 1104 сағат (осы күнге дейінгі жалпы оқу сағаттарының 28 пайызы) бөлінген. Бұл көрсеткіштер кез келген басқа мемлекеттегіге қарағанда үш есе жоғары екенін жеке-дара атап өтуге болады.

Дереккөз: www.islamcenter.uz



*Ўзбекистан
халықаралық
ислам
академиясы.*

ті кадрлар дайындауға, орта арнаулы, жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім жетілдіру басқыштарының үздіксіздігін ұйымдастыруға және ғылыми мұраларды терең зерттеу мен сақтауға, діни және дүниелік білім беруге маманданған жетекші білім және ғылыми-зерттеу мекемесі болып саналады.

Мекеме республикадағы барлық ислам білім орындарының қызметін оқу-нормативтік және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Академия Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінен және заң жүзінде тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылады.

Сонымен қатар, Жарлыққа орай, Өзбекстан халықаралық ислам академиясы бітірушілеріне жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім мекемелерінде салаға тиісті пәндер бойынша педагогикалық қызметпен шұғылдану құқығы берілетін болды.



*... Уақытты
“қайран”,
“қанеки”,
“жақсы болар
еді” деген
өкінішті
сөздермен
өткізген
адамның өмірі
ең қысқа өмір
болады екен.*

***Нажмиддин
Кубро***



— *Нағыз
шындықты
біліміңнен де
жоғары деп
сана.*

— *Біліміңді
абайлап
сақта.*

Мотуриди



Білімсіз
адамдардың
көңілі арам-
дыққа бейім
болады.

***Әбу Райхан
Беруни***

Елімізде Орыс православие және протестанттық, Толық інжіл христиандары шіркеулерінің діни семинариясы да жұмыс істеп тұр.

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстанда ислам дінімен қатар басқа діни конфессиялар білім мекемелерінің де жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызылды. Анығырақ айтатын болсақ, 1998 жылдан бастап Православие және Протестанттық семинариялар тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

Орыс православие шіркеуінің Ташкент діни семинариясы бес жылдық мерзімге арналған білім мекемесі болып саналады. Ол жерде келешекте Орыс православие шіркеуінің Орталық Азия аймағындағы және басқа иепархияларда жұмыс істеу мүмкіндігі бар діни қызметкерлер және жоғары діни білімді мамандар дайындалады.

Патшалық Ресей кезінде Ташкентте ашылған христиан семинарияларын есепке алмағанда, Ташкент діни семинариясының тарихы оншалықты үлкен емес.

1990 жылы Архиерейдің басшылығымен екі жылдық білім беруге арналған Ташкент діни білім училищесі ашылған болатын. Бастапқыда ешқандай базасы болмаған Орыс православие шіркеуінің Ташкент діни білім училищесі тез оңалды. Сабақ өтетін орын да табылды, тұрақты жұмыс істейтін оқытушылар құрамы қалыптасты, ал талапкерлер тұрар орынмен және ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

1998 жылға қарай Өзбекстан Республикасы үкіметінің белсенді іс-әрекеттері нәтижесінде бірқатар ғимараттар және бүгінгі таңда Свято-Успенск соборына тиесілі болған аумақтар бөлініп берілді. Осыдан кейін Ташкент және Орта Азия иепархиясы кеңсесі толыққанды жоғары білімді діни қызметкерлерді дайындай алатын Діни семинария ұйымдастырды.



ТАРИХҚА НАЗАР

Әмір Шаһмурад өз бетіне тастап қойылған барлық уақып мүліктерін (“діни қорларды”), олардан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер есебінен ескі медреселерді, мешіттерді, қонақүйлерді, мектептер мен мазарларды қайта тіктеді және жаңа медреселер мен мешіттер құрылысына жеке өзі бас-көз болды. Медресе мударристері, муфтилер, имамдар, қазылар және басқа діни мансап иелерін тағайындау кезінде олардың шариғаттық құқық нормаларын сақтау дәрежесін, құқықтық білімдерін және құқықтық сауаттылығын ескеріп отырды.

Өз саласында көп жыл бойы еңбек етсе де, шариғаттық құқық нормаларын сол дәуірдің талаптары деңгейінде білмеген қазылар, имамдар, муфтилер мен медресе мударристері Әмір Шаһмурадтың бұйрығымен өз лауазымдарынан босатылды. Ол шариғаттық құқық нормаларын терең игерген медресе шәкірттеріне салықтар есебінен қосымша талапкерлік ақылар беру арқылы оларды қолдап, демеп отырды. Ол білім үдерісінде тек ислам құқығы нормаларын реформаландырып қана қоймай, бүкіл Бұхара әмірлігінің барлық облыстарында ислам құқығы нормаларын білуді талап етті және бұл үшін үлкен жеңілдіктер мен сыйлықтар берілетінін айтты.

Тарихтанушы ғалым Хумулидің атап көрсетуіне қарағанда, Әмір Шаһмурад “бүкіл қалада және Бұхара әмірлігінің барлық уәлаяттарында ұлы ғалымдардың ой-пікірлеріне және шынайы ислам құқығы нормаларына негізделген әдет-ғұрыптарды (мухтасиб) барлық тұрғындарды мешіттер мен медреселерге жинап алып түсіндіруді, олардың шариғаттық құқықтық білімдері деңгейін одан әрі арттыруды уәлаят әкімдерінен талап етті”.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Өзбекстан аумағындағы ең ірі білім орталықтары қайсылар?
2. Кеңес Одағы кезінде елімізде қандай діни білім мекемелері жұмыс істеген?
3. Тәуелсіздік жылдарында діни білім саласында қандай реформалар жүзеге асырылды?
4. Елімізде қандай ислами емес діни білім мекемелері бар?



ГЛОССАРИЙ

Алтарь – (лат. “биік”) христиан шіркеуінде ғибадатхананың мехраб және мінбе орнатылған ең биік бөлігі.

Апокалипсис (Бақинама) – “Жаңа Өсиеттің” құрамдас бөлігі, оны “Інжіл” авторларының бірі Иоанн ғайыптық шабыт үстінде жазған деген наным бар.

Ақида – араб тілінде бірер нәрсені бір-бірімен байланыстыру мағынасын білдіреді. Ал истилода ақоид ілімінің әйгілі атауларының бірі болып саналады.

Аят (араб. “белгі, ғажайып”) – Құран сүрелерін құрайтын бөлік, сөйлемдер.

Вожиб (уәжіп) – ханафи мазхабы іліміне орай, Құрани кәрімде бұйрығы ашық және анық айтылмаған, бірақ орындалуы шарт болған амал.

Гебрлер – Ирандағы зардуштилер дініне табынуды сақтап қалған ежелгі этноконфессионалдық топтар. Гебрлер ресми түрде ұсақ ұлт саналып, бүгінде олардың саны Иранда 45 мың адамға жетеді. Олар негізінен Тегеран, Кирман қалалары мен солардың айналасында жасайды.

Дьякон (грекше – қызметші) – христиан шіркеуіндегі ең төменгі дінбасылық дәреже.

Епископ – (ежелгі грек т. “бақылаушы”) көптеген христиан шіркеулерінде – жоғары мәртебелі дінбасы. Барлық архиерейлердің (патриарх, митрополит, архиепископ) жалпы атауы.

Жиһад (араб. “аяусыз шайқасу”, “қайрат көрсету”) – бірер жұмысты жетік орындау үшін бар күш-қайрат пен шеберлікті салу. Ислам дінінде бұл сөз басқыншылар мен ереуілшілерге қарсы елі, жұрты, отаны жолындағы шайқасқа шыққан адамдарды қолдау түрінде пайдаланылған. Бүгінгі мутаассиб (экстремистік) топтар қолданып жүргендей, бейбіт халыққа қарсы соғыс жүргізу деп түсінбеу керек.

Зекет – (араб. “тазару, пәктену”) исламның бес парызының бірі. Мал-мүлік тиісті есебіне жеткен соң (нақты мөлшерде), оның қырықтан бірі (2,5%-ы) кедей-кепшіктерге садақа ретінде үлестіріледі.

Икона – христиандықтағы әулиелер портреті түсірілген суреттер. Олар шіркеулерде ғибадат заты ретінде қызмет жасайды.

Индальгенция – католик шіркеуі тарапынан діндарлардың жасалған немесе жасалатын күнәларын кешіру туралы берілетін куәлік.

Калом (кәлем) – сөз, баяндама мағынасын білдіреді. Мутазилилер пайда болғаннан кейін ақида ілімі “кәлем” деп атала бастаған.

Кардиналдар коллегиясы – Рим католик шіркеуіндегі жоғарғы кеңес.

Каромат (керемет) – (араб. “ұлылық, жоғарылық”) ислам іліміне орай, Алла тарапынан оның достарына – әулиелерге дарытылатын ғайыптық құдірет.

Кирха (немісше – “шіркеу”) – лютеран шіркеулерінің атауы.

Космогония – астрономияның аспан денелері, олардың пайда болуы және өзгерістері туралы бөлімі. Бұл жерде аспан денелерін ғайыптандыру мақсатында айтылған.

Костель (полякша, чехша – “шіркеу”) – Рим католик шіркеуіне қарасты ғибадатханаларға қолданылатын термин.

Медитация – (лат. “пікірлеу, ойлау”) тұлғаның рухани қызметке терең берілген күйі.

Мистицизм – (еж.грекше “жасырын, сырлы”) ғайыптық әлеммен тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы ілім.

Митрополит – (еж.грек. “бас қала, астана, митрополия әлемі”) православие шіркеуінің астаналық қалалардағы жоғары дінбасылық шені.

Модернизм – дінді қазіргі заман болмысына бейімдеуді жақтайтын ағым.

Монотеизм – (еж.грек. “моно” – “жалғыз”, “тео” – “ғайыптық”) жекеқұдайлық.

Мүшриқ – көп құдайлықта айыпталған адам.

Мүрит – (араб. “қалаушы”) суфизм жолына түсіп, мүршитке қол берген шәкірт.

Мүршит – (араб.“тура жолға бастаушы”) суфизм жолына түскендерді хидоятқа бастайтын ұстаз, шайх.

Мутаассибтік (фанатизм) – өз идеясын “дұрыс” деп, өзге пікір иелерін мойындамау және оларды бұзғыншылықта айыптау.

Папа – католиктік ағымның бас діндары.

Парсылар – Үндістандағы бүгінгі таңда зардуштилікке табынушылар.

Патриарх – (еж.грек. “эке, негіз қалаушы”) ортодоксальдық шіркеудегі (православие) жоғары діни мәртебе, ондағы 14 автокефаль – тәуелсіз шіркеулер басшылары осы атаумен аталады.

Политеизм – (еж.грек. “поли”– көп, “тео”– құдай) көп құдайлық.

Сахих хадис – (араб.“сау, тура”) – ғалымдар тарапынан сенімді, тура деп танылған хадис.

Сунна – исламда “Пайғамбар жолы”.

Тәпсір – (араб. “баяндау”) Құран аяттарына өзіне тән түрде мағына беру.

Тәуекел – сопылық ілімге орай, өз еркін Аллаға сеніп тапсыру.

Терроризм (лаңкестік) – (фран. “қорқыту”) өз пікірін басқаларға зорлық жолымен өткізу. Бұл жолда қастандық, қасақана жарылыстар жасау секілді тәсілдер пайдаланылады.

Тоблин – (араб. “ерушілер”) Пайғамбар сахабаларын көрген және олардың соңынан ерген адамдар.

Традиционализм – дәстүрлілік. Діндегі рационализмге қарсы, нақыл (талдау) қағидатына негізделген ағым.

Толық інжіл христиандары – протестанттықтағы ең ірі бағыттардың бірі болып табылатын пятидесятниктердің екінші атауы.

Фанатизм – мутаассибтік.

Факих – фикх ілімінің білімдары.

Фатво (бәтуа) – фикхтың дінде пайда болған жаңа проблемаларды Құранға қайшы келмейтін түрде шешіп, шығарған үкімі.

Фикх – (араб. “түсіну”) шарифаттың заң-ережелерін зерттейтін пән.

Фундаментализм – белгілі бір дін пайда болған алғашқы дәуірге қайту және осы жолмен заманның барлық проблемаларын шешуге болады деген пікірді алға қою ілімі.

Шар (араб.) – жаман, жамандық.

Хадис – (араб. “жаңа сөз”) Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың айтқан сөздері, қылған істері туралы аңыздар.

Ханыптық – исламнан бұрын Арабия түбегінде өмір сүрген жеке құдайлық идея.

Харам (арам) – ислам іліміне орай, теріске шығаруға болмайтын дәрежеде қатаң дәлелдермен орындауға тыйым салынған амал.

Эволюционизм – дінтануда “дін де дүниенің қалыптасуы сияқты сатылы түрде қарапайымнан күрделіге қарай дамыған” дейтін идеяны алға тартатын ілім.

Экстремизм (содырлық) – өз мақсатына жету жолында шектен тыс шұғыл шаралар қолдануды жақтаушылық.

Яхве – яхудилік іліміне орай, дүниені жаратқан бірден-бір күдіретті Құдай.

Яхудо – Жақып пайғамбардың перзенттерінің бірі. Оның әулеттері “яхудилер” деп аталады.

Яшт – Авестоның 1-бөлімі.

Қудси хадис – мағынасы Алла тағаладан, айтылуы, яғни лебізі Расулуллаһтан болған хадистер.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
§ 1. Өзбекстанда қауіпсіздік және тұрақтылық ортасын қалыптастыру	4
§ 2. Дінтанудағы заманалық тенденциялар	10
§ 3. Мемлекет және дін қарым-қатынастары.....	18
§ 4. Дін және әлеуметтік өмір	23
§ 5-6. Орталық Азиядағы діндер	30
§ 7. Әлемдік діндердің қайнаркөздері: буддизм мен христиандық.....	34
§ 8-9. XX-XXI ғасырлардағы ислам	38
§ 10-11. XX-XXI ғасырларда ислам дінінде пайда болған ағымдар мен секталар	43
§ 12-13. Өзбекстанның халықаралық лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрестегі орны	55
§ 14-15. XX-XXI ғасырлардағы тариқатшылық.....	65
§ 16-17. XX-XXI ғасырлардағы дін және мәдениет.....	72
§ 18-19. XX-XXI ғасырлардағы діни дәстүрлер мен салт-жоралғылар ...	83
§ 20-21. Заманалық ақпарат жүйелері және діни себепшарт	90
§ 22-23. Әлемнің XX-XXI ғасырлардағы конфессионалдық көрінісі.....	100
§ 24. XX-XXI ғасырлардағы миссионерлік пен прозелитизм.....	112
§ 25. Діни бауырмалдық мәдениеті және конфессияаралық диалог.....	120
§ 26–27. Өзбекстандағы діни білім	129
Глоссарий.....	138

Zohidjon Mahmudovich ISLOMOV,
Durbek Obidjonovich RAHIMJONOV,
Jasur Xotamjonovich NAJMIDDINOV,
Nargiza Kamaritdinovna ISMATOVA

О‘quv nashri

DUNYO DINLARI TARIXI

О‘рта ta’lim muassasalarining 11-sinfi va o‘rta maxsus,
kasb-hunar ta’limi muassasalari uchun darslik

Birinchi nashr

(Қозоқ тилида)

Биринчи нашр

Тошкент – “Yangiyul Poligraph Service” – 2018

Баспа лицензиясы АІ №185, 10.05.2011 ж.

Аударған – А. Ташметов
Редакторы — Қ. Рахманов
Техникалық редакторы – М. Рықсиев
Дизайнер — Ж. Азимов

Түпнұсқа макеттен басуға рұқсат етілді 31.07.2018.
Пішімі 70x90 ¹/₁₆. «Times New Roman» гарнитурасы. Офсеттік қағаз.
Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 9,0. Есептік б. т. 10,53.
Таралымы Тапсырыс №

«Yangiyul Poligraph Service» ЖШС баспаханасында басылды.
112001, Ташкент облысы, Янгийул қаласы, Самарқант көшесі, 44-үй.

Жалға берілген оқулықтың жағдайы көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі тарапынан төмендегідей бағалау мөлшерлеріне негізделіп толтырылады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барша парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқаба езілген, әжептәуір сызылып, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралу жағдайы бар, пайдаланушы тарапынан өңделген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабаға сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған яки мүлдем жоқ, нашар жөнделген, өңделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жармайды.